

Сейіт

Кенжеахметұлы



ЖЕТИ ҚАЗЫША

Жиған-терген

1
кітап



Сейіт

Кенжеахметұлы

**ЖЕТІ
ҚАЗЫНА**

жиған-терген



“Ана тілі”

жшс

Алматы

2005

ББК 63.5 (2 Каз)
К 30

К 30 КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ Сейіт. Жеті қазына. (бірінші кітап) Көпшілік оқырманға арналған. — Алматы: “Ана тілі” ЖШС, 2005, — 136 бет.

ISBN 9965-670-34-X

Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл еңбек өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып, білгісі келетін оқырман қауымға арналған.

Кітап арқауы: салт-дәстүр, өден-ғұрып, тіл-тағылым, дін-діл, жол-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тарихат-тәжірике, деректер мен дәйектер хақында.

К $\frac{0505000000-005}{415 (05) - 2005}$ құлақтандырусыз - 2005

ISBN 9965-670-34-X

ББК 63.5 (2Каз)

© Сейіт Кенжеахметұлы, 1997—2005
© “Ана тілі” ЖШС, 2005

1. САЛТ. ДӘСТҮР. ӘДЕТ. ҒҰРЫП

ХАЛЫҚТЫҢ ТӘРБИЕЛІК ДӘСТҮРЛЕРІ

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі — қазақ халқы. Оның тәрбие-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек, қыруар жұмыс. Оның бәрін қамти алмасақта, сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттың тәрбие ісіндегі сәбилік кезден — ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт, дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен онегелері баланың осу жолымен беріліп отыр.

Кұрсақ тойы (дәстүр). Жас келіншектің екі қабат болғаны белгілі болса, оның абысындары мен қайын сіңілілері сол үйге оңаша құрсақ тойын жасатып, аман-сау босануына тілек білдіреді. Қазақ ғұрпы бойынша бала біткен келіншекті “күмәнді”, “аяғы ауыр”, “ішінде кожесі бар” деп түспалдап айтады.

Қазанжарыс — әйел босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып жарысады. Халық ұғымы бойынша туатын бала “қазан жарысқа қатысып” одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

Сүйінші. “Сүйінші келініңіз келеді деп, Әдеппен қол қусырып сәлем берді” (“Наурызбай — Қаншайым” жырынан). Қуанышты хабар жеткізуші адам *сүйінші, сүйінші* деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі қалағанынды ал дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл шын қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай ерсілігі жоқ.

Шілдеhana. “Сәрсенбай зор қуанышты болып, шілдеhanaға қанша қыз-бозбала жынып... баланың есімін Жамал қойып еді” (М.Дулатов). — “Аманжол Атекem аулына шілделікке кеткен” (С.Кобеев). Кей жерлерде *шілделік* деп те атайды. Жаңа туған нәрестеннің құрметіне жасалатын ойын-сауық,

той. Мұнда “балаңыздың бауы берік болсын” дегендей құтты болсын айтылады, жастар жиналып ән салып, домбыра тартып, олең, жыр айтады. *Шілдеханаға* шақырумен де, шақырусыз да бара береді. Шілдехана өмірге адам келгеннің және оған қуанудың бір белгісі.

Шашу. “Ханымдар Қаншайымға келген жерден шашуға құрт орнына ділдә шашты” (“Наурызбай — Қаншайым”).

Шашу — қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр. Бала туғанда, келін түскенде, алыс сапардан көп күткен жолаушы келгенде, құда келгенде, тағы сол сияқты зор жақсылық, қуанышты күндерде әйелдер құрт-көмпиттен, күміс тиыннан шашу шашады. Шашылған шашуды тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып, балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

Қалжа. “Менің сорлы шешеме қалжа қайда. Қой сат деп әкем барды көрші байға”. (С.Торайғыров). Жас босанған әйелге арнаулы мал сойылып берілетін тамақ “қалжа” деп аталады. Жақын адамдар да *қалжа* әкеледі. Бұл әрі сыйластық, құрмет, әрі босанған әйел сауығып кетсін деген мақсатпен туған елдік дәстүр, ғұрып.

Тымаққа салу. Ел арасында “шала туып тымаққа салып өсірген екен” деген сөздер жиі естіледі. Халықта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі болеуге ыңғайлы болады. Және сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса керегенің қырықыншы басынан кейін бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Айталық, ат қою, бесікке салу т.б. (Егер бала қыста туса онда үй қабырғасына бірнеше шеге қағылып ілінеді.).

Бесікке салу. “Әлди-әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем” (Бесік жыры). Бесік — қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен, елдегі тәрбиелі, онегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап, *тыштырма* жасап алып, баланы бесікке болейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға *бесікке салар* яғни кәделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде “Бесік жыры” айтылады:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырын жауға тиісіп,

Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Созінді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ма екенсің?..

Тыштырма. Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер откізіп, “тышты”, “тышты” деп ырым жасайды және оны *тыштырма* деп атайды. “Тыштырманы” әйелдер ырымдап бөлісіп алып, балашағаларына үлестіріп береді.

Иткөйлек (ғұрып) — ырымшыл халқымыздың баланы қырқынан (туғанына қырық күн толған күн) шығарғаннан кейін оның қойлегіне тәтті түйіп, оны иттің мойнына байлап жіберетін дәстүр бар. Итті балалар қуып жетіп, мойнындағы *ит қойлекті* шешіп алып, тәттісін бөліп жейді. Қойлекті баласы жоқ келіншектер ырым қылып алады.

Қырқынан шығару. Қазақ халқының ғұмырында жеті, тоғыз, отыз, қырық бір сандары қасиетті деп есептеледі. Мысалы “Жеті қазына”, “бір тоғыз”, “үш тоғыз”, “қырықтың бірі — қыдыр” деген қағидалар осы сандық ұғымнан пайда болған. Соның бірі баланы “қырқынан шығару” дәстүрі. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Бұл ресми дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, көде беріледі, дастарқан жайылады. Сәбидің қарын шашы алынып, оны сәбидің өзінің киіміне матаға орап тігіп қояды.

Тұсаукесер. “Тұсауыңды кесейін, Күрмеуіңді шешейін” (“Тұсаукесер” жыры). Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап, оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді. *Тұсаукесердің* арнаулы жыры бар. Мысалы:

“Қаз-қаз балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тағы, тағы баса ғой.
Тақымыңды жаз, балам.
Қаз баса ғой, қарағым,

Қутты болсын қадамың!
("Тұсаукесер" жырынан)

Тұмар. Бала ауырғанда молдаларға дұға жаздырып оны үшбұрыштап матаға не теріге тігіп баланың мойнына тағып қояды. Бұл пәле-жаладан, тіл-козден, ауру-сырқаудан сақтайды деген діни ұғымнан туған. Тұмардың түрлері көп, оны кейде жас толдерге, ауырған малға да тағады.

Тұлым. "Сәрсеке! Көңілге солай екен дұрыс та ғой, ләкиінде шариғатта балаға тұлым қою дұрыс емес" (М.Дулатов) Баланың (ұл, қызды) кішкентай кезінде шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды. Мұны *тұлым* деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты ғұрып.

Кекіл. "Қарағым, айналайын, кекілдім-ай, Көгілдірі аққудың секілдім-ай" (Халық өлеңі). Жас балалардың шашын тегіс ұстарамен алып тастайды да мандайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны кекіл дейді. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді. Кекіл жылқыда да болады. "Кекілін кескен кер атым-ай, Титтейден өскен бекзатым-ай" (Халық өлеңі).

Айдар. "Тұлымдысын тұл қылды, Айдарлысын құл қылды" ("Қобыланды"). Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Мұны — *айдар* дейді. Бұрын ел бұл ғұрыпты көп қолданған. Мысалы, Кенесарының інісі атақты Наурызбай батырдың ұзын айдары болған. Балаға **Айдар** деп те ат қойылады, ол осыдан шыққан. Бұл ғұрып ер балаға жасалады. Сәбилерге шаш орнына кекіл, тұлым да қойылады.

Мойнына бұршақ салу. "Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып, тәңірден немере тілейді" (М.Жұмабаев). Баласыз адамдардың мойнына көгеннің бұршағын салып құдайдан үрпақ тілеуі ертеден келе жатқан әдет. Бұл тағдырға мойын ұсынып, тәңірге шын беріліп, оның барлық әміріне көнудің және ақ тілеудің белгісі. Мұндай тілек әсіресе ертедегі жырларда жиі кездеседі. Оның соңы тілек орындалып қуанышқа кенеліп жатады.

Бала асырап алу. Баласы жоқ адамдар біреудің баласын асырап алуы яғни *баурына салуы* ежелден бар қағида. Мұның да жон-жоралары бар. Мысалы, жаңа туған баланы асыраушы анасы шаранасымен етегіне салып алады. Қазақтың ежелгі заңы бойынша асыраушы адам жаңа туған балаға атын қойып, оң қолына асық жілік ұстатады. Асық жілік ұстаған бала сол

үйдің баласы деп есептеледі. Кейде баланың өз әке-шешесі балаға таласқан жағдайда асыраушы адам “оң қолына асық жілік ұстатып едім ғой” деп дауласады. Бұл үлкен дәлел, куәлік есебінде жүреді. Алайда бала қайтыс болған жағдайда оның туған әке-шешесінің аты айтылып, жаназасы шығарылады. Кейде ата, әже өзінің бірінші немересін “баурына салып алады”. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды.

Ырым. “...Анасы ит койлекті берген кезде ырымдап, бір шетінен кішкене кесіп алып қалды” (“Ана тілі” газеті). Ырым халықтың жақсы ниетінен туған ғұрып. Ырым жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы, шешен болсын деп аузына түкіру, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, сондай болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар. Мысалы, Шыңғыс Шоқанға ырымдап Сегіз ссрінің (Мұхамед-Қанапия) атын қойғызған. Абай, Абылай, Бауыржан, Олжас, Сәкен, Қаныш, Нұрсұлтан есімдерін қазір де ата-аналар өз балаларына ырымдап қойып жүр. Той, келін түсіруде балаларың осындай қуанышқа жетсін деп нан, бауырсақ, көмпит алып, оны апарып береді. Ырым, Ырымкүл деген ұл, қыз аттары да осы ғұрыппен қойылған. Халықта жасы 100-ге жеткен адамның киімін, ұстаған затын осындай жас берсін деп үлестіріп, бөліп алу салты бар. Сол сияқты баласы тұрмай жүрген адамдар баласына Күшік, Итбай, Итемген, Котібар, Малай, Башаи, Терісаяқ дегендей қолайсыз ат қойса, өмірлі болады деп ырымдаған. Жалпы айтқанда ырым — халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшеліктің бір саласы. Сойте тұра кейде халқымыз “Қазақ ырым етеді, ырым қырын кетеді” деп те айтып жібереді. Бұл сөз ырымның бәрі бірдей орындала бермейтінін ескерткені деп түсіну керек.

Көз тию. “Бір тойда диуананың көзі тиіп, кезінде құлыншақтай ол да олды” (И. Байзақов). Қазақтың ұғымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға көз тиеді деген ұғым бар. Ондай адамдарға *көзі бар* немесе *назар керде* дейді. “Кісі еді назар керде Кенесары, көзінің қарағанда отті зәрі” (Наурызбай — Қаншайым). Ас, тойларда жыққан палуанды, жүйрік атты көзге көп көрсетпейді. Ажары әдемі жас сәбилердің бетіне күіе жағып қоятын да ғұрып бар. Бұл көз күіеге тиеді деген түсініктен шыққан. Біреулер жас келінге, сәбиге сұқтана қараса “көзің тиеді, түкір” деп түкіртіп алатын да ырым бар. Көз тисе *сұқ-сұқ* — деп, тіл тисе *тіфә-тіфә* деп немесе бірсуді мадақтағанда *тіл-аузым тасқа* деп ырымдайды.

Сүндеттеу. Алты-жеті жасқа толғаннан кейін еркек баланы сүндетке отырғызады. Бұл мұсылман елдерінде ғана емес басқа діндегі елдерде де бар. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы. Бұл рәсімнің сүндет тойы деген сияқты жон-жоралары болады, қайырлы болсын айтылып шашу шашылады. Сүндет міндеті бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылса, қазір оны дәрігерлер де жасай береді. Бұрынғы кезде ауқатты адамдар бала сүндеттегенде үлкен той жасаған. Оны *сүндет тойы* деп атайды.

Қалау. Біреудің жақсы малына, затына мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйге барып, *қалау* қалайды. Жас баласына лайықты бағалы тарту жасап, қалауын айтады. Оның тартуының бағасы оз қалаған затының бағасымен сәйкес келуі шарт емес. Дәстүр бойынша үй иесі қалаушы адамды қонақасы беріп, қалағанын орындап қайтаруға тиіс. Бұл жомарттық пен мәрттіктің, әрі сыйластықтың белгісі.

✓ **Тоқым қағар.** “Ертең ұлы дүбірге мені аттандырып, тоқым қағарын сен жасарсың” — деді Сәкен (С.Талжанов). Жас адам алғаш жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Мұнда арнаулы мал сойылып немесе сыйлы мүшелер салынып ет асылып, кең дастарқан жасалады, ойын-сауық, олең-жыр айтылады.. Бұл сапарға шыққан жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін деген жақсы тілек білдірудің белгісі.]

Бата. Ақ тілеудің белгісі — бата. Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым. Мұның бірнеше түрлері бар.

1. “Сырым батыр жас кезінде батасын алайын... деп Бөкен биге барыпты”. Бұл ерлік, өнер, өмір жолына ұзақ сапарға аттанар алдында әдейі барып тілейтін бата. Қошқарұлы Жәнібек жас кезінде Қаракерей Соқыр Абыздан бата сұрай барғанда ол кісі былай депті:

Бедуің беліндегі байлаулы болсын,
Қазаның ошақтағы қайнаулы болсын,
Есігің ашық болсын,
Қабағың жазық болсын,
Сонда ағайының кетпес қасыңнан,
Жақыңыңа бұрмай торені түзу бер,
Сонда қаумалаған халқың кетпес қасыңнан.

Мұндай баталар талапты, халықты сүйген, ер-азаматтарға ғана берілген.

2. “Дастарқаның мол болсын, Абыройың зор болсын” (“Ақ бата”) Батаның екінші түрі дастарқанға ризашылықпен беріледі. Дұрыс мүшелі қонақасы берілмесе шешен, откір тілді адамдар бата арасына сол үйдің сараңдығын да қосып айтып жіберетіндер болған.

3. “Бақ берсін, бас берсін, өміріңе ұзақ жас берсін” (“Ақ бата”). Үлкен кісілер немесе кез келген адам біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін де бата береді. Батаның тәрбиелік мәні зор. “Батамен ер когерер, жауынмен жер когерер” деген сөз адамды ізгілікке, парасаттылыққа, мейірімділікке баулиды. Ендеше бата да сол ұлы қасиеттерге бастаушы әрі тудырушы рухани мұра болып табылады. Бата көркем сөзбен, олеңмен, тақпақпен, шешендік тілмен, әсермен қол жайып айтылады. Батаны елге құрметті, өте сыйлы адамдар береді.

4. Теріс бата. Бұл бата деп аталғаны болмаса қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. “Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр... Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі” (М.Әуезов). Мұндай бата сенімді ақтамаған өзіне қолы, тілі тиген баласына әкенің қолын теріс жайып берген қарғыс батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық та жек көрген.

Базарлық — алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны *базарлық* деп атайды. Бұл жақсы корудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

Байғазы — балалардың, жастардың жаңа киімі, заты үшін (мысалы қамшы, шана, ер-тоқым) берілетін ақшалай, заттай сый. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ. Жеңгелері, шешелері “байғазыға байдың қызы” деп те айтады.

Көгентүп (когендік) — бір-біріне жақын туыс, ілік, жұрағат адамдардың баласына ескерткіш, сый ретінде берілетін мал (қозы, қой, бұзау, құлын, тай, бота, тайлақ, ат). Бұл бала үшін сый, қуаныш болса, оның ата-аналары үшін құрметтеудің белгісі десе де болады. Көгентүп беруді малды ауылдардың әлі де пайдаланып жүрген жақсы, жарасымды салттарының бірі.

Жеті ата. “Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер” (Мәтел). Әр адам өзінің жеті атасын білуі — көргенділік пен білімділігін, ата көргендігін танытады. Білмесе “жеті

атасын білмейтін жетесіз” деп соккен. Жеті атаны үйрету әр ата-ананың басты борышы. Мысалы, өзі, әкесі, атасы, бабасы және онан арғы ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз.

Ат тергеу. Халық дәстүрінде адамға құрмет корсетудің жолдары коп. Соның бірі ат тергеу. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайын-інісінің, қайын-сіндісінің атын атамай, өзінше лайықты ат қойып *мырза қайнаға, бай атам, би аға, жалқы бала, торе бала, тентегім, еркем*, әйел болса *шебер шешей, ақ әже, сырғалым, шашбаулым, күлім козім* деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды *сұңғақтым*, жайбасарды *жүйрігім* дейді. Мұның бәрі шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді “атаң, әкең, Ереке, Аха, Жәкс, Сәке деп құрметтеген. Ат тергеу біздің халқымыздың адам сыйлау жоніндегі ізеттілік, коргенділік, кішіпейілдік қасиеттерінің биік корінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау анайылық болып табылады.

Халық аузында мынадай қызықты әңгіме бар: бір келіншек сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр! Білемені жанымаға жанып-жанып тез келіңдер! — депті. Сойтсе ол Өзенбай, Қамысбай, Қойлыбай, Қасқырбай, Қайрақбай деген қайны, қайны ағаларының атын атамай түр екен.

Жолаушылар су әкеле жатқан әйелден “бұл кімнің ауылы”, деп жон сұрапты. Сонда келіншек “өзінде ғана бардай, озгеде жоқтай атамның ауылы” депті. Сойтсе бұл Котібар ауылы екен.

Ат тергеу басқа жағдайларда да қолданылады. Мысалы, халық қасқырды “ит-күс” деп, қорасан сияқты ауруларды “әулие” деп атайды. Ол осындай пәле-жала бізден аулақ болсын деген ырым, жоралғы.

Алтыбақан — ұлттық ойын болғанымен оның салт-дәстүрлік маңызы одан гөрі жоғары түр. Кешкілік ауылдың қыз-жігіттері аулақтау жерге алтыбақан құрып ойын-сауық жасайды. Бұл жастардың онерін, ойын, козқарасын, танымын қалыптастыруда зор тәрбиелік қызмет атқарады. Әншейінде “қызға қырық үйден тыйым” дейтін қазақ, қыздарын алтыбақанға жібермеуге хақы жоқ.

Жасау. “Корсін деп жиылған жұрт тамашасын, жасауын таудай қылып үйгізді енді”! (Наурызбай — Қаншайым). Ұзатылған қызға берілетін дүние мүлік *жасау* деп аталады.

Халық қыздың жасауына аса зор көңіл боліп, “жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді” деген. Небір жақсы бұйым, кілем, текемет, сәукеле, ыдыс-аяқ, тосек-орын, киім-кешек, әсем әшекейлі тағымдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

Қызойнақ. “Бір күні қызойнаққы барып, таңата келіп жатсам ұйықтап қалған екенмін әжем оятады” (Б.Майлин). Әке-шешелері жоқ кезінде бой жеткен қыздар оңаша қалып, ойын-сауық құрады. Оған (жасырын түрде) жігіттер де қатысады. Бұл мәжіліс құпия отеді және оны ұйымдастырушылар тек қыздар болғандықтан *қызойнақ* деп аталған. “Қызойнақ” көп ұйымдастырылмайды, ата-ана оған өз қыздарының қатысуына қатаң тыйым салған. Оның мақсаты — қыздарды жеңілтектіктен немесе ұят басып қалуынан сақтандырудан шыққан.

Бастанғы. ...Жастар *бастанғы* деп аталатын тамақ істеп бас қосады. (К.Сегізбаев). Үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналып, “жолаушылардың жолда басы ауырмасын, бастанғы жаса” дейді. Бастанғының мәнісі — жастардың сол үйде ойын-сауық жасап бас қосуы. Дәстүр бойынша бұған тыйым салуға болмайды. Бастанғыны жастар жасайды.

Құда түсу. “Итбай Тұрлығұлға құда түсіп мал алуға даярлана бастады” (С.Кобеев). Ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі құда түсу. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бойжеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: *құда аттанар, құда тарту, ат байлар, күйрық-бауыр* тағы басқа ырымдары мен кәде, алымдары болады (“Кәдеге” қараңыз). Құдалықты басқарып барған адам *бас құда* деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне *бауыздау құда* деп аталады. Құда түсу қазақтың мәртебелі әлі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі. Онда түрлі ойын-сауық, әзіл-қалжындар айтылады. Екі жақ та бірін бірі сынап отырады.

Қыз танысу. “Күйеу келтір, қыз ұзат тойынды қыл, қыз таныстыр — қызыққа жұрт ыржыңшыл” (Абай). Ұзатылатын қыз өз босағасынан аттанар бұрын туған-туыстарын аралап, көрінеді. Мұны дәстүр бойынша *қыз танысу* дейді. Қыздың барған үйі оған құрмет көрсетіп, жақсы тілектер тілеп, бағалы

киім, дүние мүлік, жақсы тағамдар беріп аттандырады. Бұл бұрын халық арасында өте жарасты дәстүр болып қалыптасқан. Оң жақтағы (ұзатылмаған) қыз торкіндемейді және мұндай сөз айтылмайды.

Шарғы. Ұзатылған қыз өзіне тетелес сіндісіне басына тартатын орамалын береді. “Бұл — сндігі кезек сенікі, бақытыңды тап” деген сөз. Мұндай дәстүр *шарғы* деп аталады. Шарғы салынған қызға жеңгелері, замандастары бас қосып келіп, жақсы тілек білдіріп, шәй ішеді.

Қынаменде. “Қынаменде жар-жар мен беташар бар, олеңсіз солар қызық бола ма гүл!” (Абай). Бұл да ұлттық гүрпымыздың салтанатты да, қоңілді кешінің бірі. Құда түсіп, уәде пісіп, қалың мал толеген соң күйеудің атастырған қалыңдығын алғаш рет қоруге келген тойы *қынаменде* деп аталады, шығыс халықтарында *қынаменде* кеші қыз абыройының тазалығын білдіру үшін қалыңдықпен бірге болған күннің ертеңіне де өткізіледі. Ән, күй, би қатар жүргізілетіндіктен *қынаменде* жас жұбайлардың шаттық кешіне, жастардың махаббат мұратына жету символына айналған. (ҚСЭ. 7 том). Бұл да дәстүрге бай еліміздің тәрбиелік ережесінің бір саласы.

Күйеудің бұл жолы әр жерде әртүрлі аталатынын да айта кеткен жөн. Мұны кей жер *қалыңдық ойнау*, кей жерде *ұрын келу* дейді. “Бір күні байғұс ұрын келді, қисайтып жаман боркін қырын келдің” (Н.Ахметбеков).

Тойбастар. “Тойдың кешкі ойынын олеңмен бастайды. Сонда айтылатын олең тойбастар деп айтылады. (А.Байтұрсынов). Тойдың сәні *тойбастарды* әнші жігіт не қыз бастайды. Той бастағаны үшін жігіт (не қызға) той иесі рақмет айтып, *тойбастар* яғни сый-сияпат ұсынып, құрмет көрсетеді. Тойбастарды бұрын елге белгілі ақындар мен әншілер бастаған. Мысалы: Баймағанбет сұлтанның Ақыл деген қызы ұзатылғанда тойбастарды атақты Шернияз ақын бастаған.

Жар-жар. Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы — кететін қыздың қоңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын олеңменен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, абыройлы, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі олеңмен айтылатындықтан *Жар-жар* қызықты болып естіледі. Мысалы: “Жар-жарды” жігіт былай бастайды:

Алып келген базардан,
Қара насыр, жар-жар-ау.

Қара мақпал сәукеле
Шашың басар, жар-жар-ау,
Мұнда әкем қалды деп
Қам жемеңіз, жар-жар-ау,
Жақсы болса қайны атаң,
Орнын басар, жар-жар-ау,
Қыз былай деп жауап қайтарады:
– Есік алды қара су
Майдан болсын, жар-жар-ау,
Ақ жүзімді коргендей
Айнам болсын жар-жар-ау,
Қайын атасы бар дейді-ау,
Осы қазақ жар-жар-ау,
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын жар-жар-ау!

Жар-жар негізінен ойын күлкіге, әдет-ғұрыпқа, тәлім-тәрбиеге негізделген. Ауыз әдебиетінде “Жар-жар” — айтысы оның жалғасы “Ау жар” айтыстары бар. Оның бәрін тәрбие, әдеп мектебі деп түсіну керек.

Беташар. Жаңа түскен келінді *беташар* дәстүрі жасалмай ешкім коре алмайды. Оны кору үшін әдейі *беташар* жасалады. Оған тойға жиналған туыс-туғандар тегіс қатынасады. Мұнда “Беташар” жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар корімдік береді. Бет ашатын жігіт ән-жырды желдірте, коңілді жыр тоғуі керек.

Келін келді, коріңіз,
Корімдігін беріңіз,
Анау, мынау деменіз
Түсін айтып қойыңыз, —

деп бастаған әнші жігіт жас келіннің аталған жақындарына лайық әзіл-қалжындарын араластыра корімдік сұрап, жұртты коңілді күлкіге қарық қылады. *Беташар* тойдың басы әрі сәні, жас келіннің жаңа өмірге бет алғанын білдіретін қызықты, салтанатты жақсы дәстүрлердің бірі.

Енші. “Оған бай қалың беріп, қатын әперді де, кейін *енші* беріп болек шығарады” (С.Мұқанов). Балалары ер жетіп, жеке үй болғанда ата-анасы оған отау тігіп, дүние-мүлік мал береді. Мұны *енші* деп атайды. Қыздарға берілетін дүние-мүлік *жасау* деп аталады.

Босаға майлау. Жастар жеке отау құрғанда немесе біреу үй алғанда жақын-жуықтары келіп, жаңа үйдің босағасына

май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босаға майлаған адамға кәде берілуі керек.

ҚАЗАҚ ЫРЫМДАРЫ

Бала бас ұстамайды. Егер бала бас ұстаса әкесі оліп қалады деп тыйым салған.

Ми жемейді, мидай былжыр, бос белбеу, ынжық болып оседі деп ойлаған.

Омыртқаның жұлынын жесе — суға кетіп қалады деген ырым бар.

Жіліктің майын жесе — мұрнынан боқ ағып жүреді дейді.

Нанның қиқымын жесе — бай боласың дейді.

Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса — үйге береке, ырыс, байлық келеді деп қуанады. Оны төрге апарып үш рет аунатады.

Сәби тоңқайып екі аяғының астынан қараса күткен жолаушы келеді немесе қонақ келеді дейді.

Баланың аңшылықтағы алғашқы олжасын ешкімге байлатпайды, несібесі кетеді, аңшылықта жолы болмайды деген.

Қыздың басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ — жаулықтың, қара — қайғының белгісі.

Жас балаға бұғана ұстатпайды. Онда бойы оспей қалады деп жорыған.

Біреуден бала асырап алса — оның қолына асырап алушы ата-анасы асық жілік ұстатады.

Біреудің баласы шетінеп, тұрмаса — оны біреу өтірік сатып алады.

Қызға жілік ұстатпайды. Ұстатса күйеуге шықпай оң жақта көп отырып қалады дейді.

Жас келіншек аяғы ауыр кезінде түйе етін жемейді. Себебі баласын түйе сияқты көп уақыт көтеріп мезгілінде тумайды деген ырым бар.

Қырқынан шықпаған сәбиі бар үй түнде күл төкпейді.

Жас босанған келіншек итке кет демейді, онда тісі түсіп қалады.

Әйел екіқабат кезінде жерігі қанбаса, онан туған баланың

аузынан су ағып жүреді.

Әйел, не еркек қауырт жұмыс пен айналысып жатқан үйге келгенде қолғабыс жасамаса — олардың баласының белі бүкір болады немесе қисық сиеді.

Әйел босанар кезде үйдегі сандықты босатып қояды, сонда әйел тез босанады деп ырымдаған.

Жаңа туған бала шырылдамаса — қазанды болмаса темір затты ұрады — сонда сәби дыбыс шығарады.

Бала алғаш жолаушы шыққанда той жасайды.

Сәби анасын ұстап отырып емсе сараң болады, еркін емсе мырза, жомарт болады.

Сәби козін ашып ұйықтаса — жары сұлу болады.

Сәби шалқасынан алаңсыз ұйықтаса — елге белгілі азамат болып, оседі, бүк түсіп ұйықтаса уайымшыл, жігерсіз болып шығады. Етпетінен жатып ұйықтаса — ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса — болашақ батыр, кемеңгерліктің белгісі.

Қыз балаға шашы осін деп желке жегізеді.

Баланың желкесі шұқыр болса, немесе желкесінен сүйсе кесір болып оседі.

Баланың орайы екеу болса скі рет үйлснелді, немесе екінші рет тұрмысқа шығады деген ырым бар.

Шобересінің алақанына су құйып ішкен қарт жұмаққа барады.

Бала кокжотел болса кок ат мінген жолаушының жолын тосып “колдснелді кок атты, кокжотелдің емі не?” деп сұрайды. Ол нендей ем айтса ауру балаға соны қолданады.

Бесіктің бас жағына пышақ, қайрақ, қамшы қояды, немесе үкінің тұяғын, кірпінің терісін, жыланның бас сүйегін тағады.

Мұндайда шайтан жылан, жөндік тышқан келмейді деп жорыған.

Балаға айналып ауылдан шықпайды деп айналшық жегізбейді.

Балаға асықтың етін мүжітпейді. “Алты жыл аш болсаң да асық етін мүжіме” деген бар.

Жас балаға кеңірдек жегізбейді — келіншегің жалаңаш келеді немесе жалаңаш күйеуге барасың деп қорқытады.

Шеміршек жесе — нағашысы оледі дейді.

Ұрысқақ боласың деп комекей жегізбейді.

Тіл ұшын жесе сүйрендеп сойлей беретін болады деп ырымдаған. Таңдай жесе шешен болады.

Батырдың, ақынның, шебердің, палуанның сарқытын жегізсе, немесе олар сәбидің аузына түкірсе — олардың жақсы

қасиеті мен онері балаға қонады деген ырым бар.

Сәбидің қырқынан шыққанда қарын шашын алмаса — қарғысы қатты болады.

Балаға қарғыс отпеу үшін оны үш кемпірдің бұтынан өткізіп алады.

Сәбиге қоз тимес үшін күйе жағып қояды.

Есіктің тұтқасын жуған сумен қоз тиген баланың бетін, екі алақаны, екі табанын жуса тәуір болып кетеді.

Қоз қотыр шыққан балаға сойған малдың қозінің суын жақса жазылып кетеді.

Бопе тоқтық тартса — тоқшылық болады.

Бала ішегін тартса — жаманшылық болады.

Қызға өкпе жегізбейді.

Қызға жеңілтек болады деп құйымшақ жегізбейді.

Бала тілін шығарса — тіл келеді яғни хабар келеді деп жориды. Сәбидің тілі мезгілінде шықпаса — нағашысының үйіне апарып бір қойды сойдырып, соның қотеншегімен буындырады.

Бөбек алақанын шапалақтаса қуанышты хабар келеді.

Перзентсіз ерлі-зайыптылар мойнына қогеннің бұршағын салып бала тілейді.

Қазақ түнде мал санамайды, ол жаман ырым. Адам санамайды, басы кемиді деп ойлаған.

Ұртын не тілін тістеп алған адамның үйіне ашыққан кісі келеді.

Ішіп отырған шайыңа сама (шамба) түссе — оған қонақ келеді.

Мал сойғанда тос шеміршегін кесіп алып, жарға не босағаға лақтырғанда жабысып қалса — ол үйдің аты жүйрік болады.

Киіз үйге құмырсқа қобейіп кетсе, жылқының екі тезегін байлап уыққа іліп қояды.

Үйге жылан кіріп кетсе, оның басына ақ (сүт тағамы) құйып шығарып барып өлтіреді. “Жыланға да ақ құйып шығарады” деген мәтел бар.

Тіліне теріскен шыққан адамға жан-жануарлардың к... яғни “иттің к...”, “борсықты” к...”, “тышқаны” к...” десе жазылады дейді.

Қазақ үйіне келген адамға дәм таттырып шығарады.

Қазақ таңертеңгі асты тастамайды, кешкі асты бақпайды.

Бір үйге шаруасы болып келген адам отыруы, асығыс болса, бір тізесін бүгуі керек. Өйтпесе келген үйдің сиыры түреген бұзаулайды дейді.

Оң көзің тартса — қуанасың, сол көзің тартса ренжисің.

Алақаның қышыса — ақша ұстайсың.

Табаның қышыса — жүгіресің.

Адам қиын бассаң — олжаға кенелесің.

Адам түшкірсе “жәрәкімалла”, мал түшкірсе “түш жануар” дейді.

Алдыңнан қара мысық кесіп отсе жолың болмайды.

Жүргіншіге түзге отырған әйел кездесе оның жортқанда жолы болады.

Біреудің мойыны құяңнан қарысып қалса, кербез кісінің сыртынан сәлем жасайды, сонда жазылады.

Не жақсылық, не іс келмейтін адам бір жақсылық жасаса — жерден алып шоп сындырады.

Тамақ ішіп отырған адамның ыдысына шыбын, кобелек тағы басқа жәндік түсіп кетсе, оның несібесі коп болады.

Ит ұлыса — жамандық болады.

Мысық тіреу, босаға тырнаса ауа райы бұзылады.

Корпенің тұйығын ірге жаққа қаратып тосейді.

Түнде үй сыпырмайды, тырнақ алмайды.

Сыпырғышты тік қоймайды және жоғары қоймайды.

Түнде су алуға бармайды. Егер бара қалса “Су иесі Сүлеймен, су алуға рұқсат бер” деп суға үш рет кесек лақтырып барып алу керек.

Жылқының жусауын, қотанда жатқан қойдың тынысын, малдың орісін бұзса — жаман болады.

Құлаған үйдің, мал қорасының ішіне адам дәретке отырмайды, киесі соғады.

Құмырсқалар күндіз илеуіне асығып кіріп жатса ауа райы бұзылады.

Тамақ ішіп отырғанда біреудің қолындағы ыдысы түсіп кетсе, оны шайтан қағып жіберді дейді.

Жазда үйге құйын келе жатса үлкен-кішілер қолына таяқ алып оны “таздың үйіне бар, пәленше таздың үйіне бар!” деп қуалайды.

Киіз үйдің шаңырағына қарлығаш ұя салса, ол үй балапан ұшып кеткенше кошпейді, ұясын бұзбайды.

Аққуды атпайды, киесі соғады деп қорқады.

Үлкен кісілер қонақтан шықса, сол үйден дәм алып, келініне береді. Олай болмаса, дәметкен, балалы жас келіншектің тосі ісіп кетеді.

Сәби алып отырған біреудің үстіне сиіп қойса, құт келеді деп қуанады, немесе балаң коп болады деп жұбатады.

Аттан, коліктен не жаяу келе жатқан адам жығылатын болса, оны тұрғаннан кейін сол жерде “ұшық-ұшық” деп

ұшықтайды.

Жастың басы ауырса “басыңа бас қосылады” деп ырымдаған.

✓ Жұма күні кір жұма — әруақтар ренжиді.

✓ Ақты (сүтті, айранды) токсе малдың желіні кетеді.

✓ Пышақтың жүзі шалқасынан жатса, сол үйдің малы пышаққа ілінеді.

Егер киіз үй сыртына ит сарып кетсе, құт келеді деп жақсылыққа теліді.

Адам құлағы шуылдаса жанындағы кісіден “қай құлағым шуылдады?” деп сұрайды. Ол дәл тапса “мені біреу мақтап жатыр екен” дейді. Таба алмаса “жамандап жатыр екен” дейді.

Жаңа туған ботасы бар үйге қызыл жалау байлап қояды. Мұны коргендер атпен, қолікпен қатты жүріп келмейді. Қатты келсе бота шошып оліп қалады деп ойлаған.

Қазақ сейсенбі күні жолға шықпайды, іс, жұмыс бастамайды, кошіп-қонбайды.

Жолаушыға “қайда барасың” демейді, “жол болсын” дейді.

Тамақ үстіне келген адамға үй иесі “мақтап жүреді екенсің” деп риза боп қалады. Дастарқан жиналып жатқанда келгенге “бізді жамандап жүреді екенсің” деп ескерту жасайды.

Дастарқан үстіне келген адамға дәм ауыз тигізеді, әйтпесе күйеуің немесе келіншегің тастап кетеді дейді.

Мал сатқанда оны ноктасымен не бас жібімен бермейді, малдың басы кемиді деп ырымдайды.

Мал толдеп жатқанда ешкімге мал бермейді, сатпайды және айырбастамайды.

Жақын адамдарға пышақ, ит сыйламайды.

Егер жақын адамның пышағы өте ұнаса, оны ұрлап алады.

Ауыл ішіне атпен шауып келген жаман ырым.

Егер сүйінші сұраса шауып келуге болады. Бірақ “сүйінші, сүйінші” деп айқайлап келуге тиісті.

Қайғылы, қазалы хабарды естірткенді немесе жаназаға шақырғанда ғана атпен шауып келіп шеткі үйге хабарлайды. Ол үйдің иесі басқаларға хабарлауға тиіс.

Үйге кешке немесе түнде келген адам “кеш жарық” деп кіреді. Үйге келген қонақ адам болсын-болмасын “ассалаумағалейкум” деп сәлем беру керек.

Екі қабат әйел арқан аттамайды, аттаса баланың кіндігі мойнына оралып қалады дейді.

Біреу оңтіме айтып отырғанда сәфи түшкіріп қалса, шын айтқаны деп ойлайды.

Аты сүріншек болады деп балаға тостің сүріншегің

жегізбейді.

Қазақ “сәтті күн” деп істі сәрсенбі күні бастайды.

Козге теріскен шықса, саусақ арасынан қол шығарады.

Мысыққа тамақ бергенде “ертең ұмытып кетесің” деп мандайынан шертіп береді.

Тауық мезгілсіз шақырса — жаман ырым.

Иегің қышыса бір жерден дәм татасың.

Адамның келіншек отырған жақтағы аяғы ұйып қалса, ол екіқабат екен деп ырымдайды.

Егер оздері әкелген сыбаға немесе тамақтан жесе ол үйдің әйелі қыз табады дейді.

Бейуақытта ұйықтаған, жылаған жаман болады.

Қолды жуғаннан кейін оның суын сілікпейді, орамалмен сүртеді.

Бала қаспақ жесе оның үйлену тойында жаңбыр жауады.

Баласы шымыр болсын деп екіқабат әйелге сағыз шайнатады.

Түсік тастамасын деп жас әйелдің етегін бүріп қояды..

Екіқабат әйелдің күні жақындаған кезде “Жер Ана қуат бер” деп жалаңаяқ жүргізеді.

Жас босанған немесе аяғы ауыр әйел түнде суға бармайды.

Екіқабат әйелге пышақ, ара, қайшы ұстатпайды. Ұстаса мерзімінен бұрын босанады деген ырым бар.

Баласы кіндігіне оралып қалады деп екіқабат әйелге ине-жіп ұстатпайды.

Бала ортан жіліктің майын жесе ата-анаға мейірімсіз болады.

Екіқабат әйел қоян етін жесе, баласы қоянжырық болып туады деседі.

Сиырдың желіні іссе, таңертең ерте кебіспен ұшықтайды.

Жас келіннің тосі, малдың желіні іссе — қайтыс болған адамды жуған қолғаппен аптайды.

Жаңадан қайнатқан сабынды жоғары қойса, ол үйге түскен келін оркокірек болады.

Аспаннан ағып түскен жұлдызды коргенде қазақтар “менің жұлдызым жоғары” дейді.

Адамға немесе малға біреу сұқтанып қараса, “козің тиеді” деп түкіртеді.

Балықтың құйрығын ұстаса — ауға балық түспейді.

Ойынға ашуланған адамның басы таз болады.

Мал үшеу не төртеу (үш не төрт тол) туса — олардың біреуін бауыздап, босағаға комеді.

Егер бір үйде қыз туа берсе келесі бала ұл болсын деп

оған ұлдың атын қояды.

Езуге ауыздық шықса жүгеннің ауыздығымен емдейді.

Коп жасаған немесе жақсы адам қайтыс болса, оның киімдері мен тұтынған заттарын ырым етіп боліп алады.

Адам басы кемиді деп ботен адамға бас киім бермейді немесе айырбастамайды.

Садақаға киім берсе — оның түймесін қиып алады.

Баланың мойыны тез және түзу бекісін деп оның шілдеханасына сойған қойдың мойын омыртқасын тұтасымен асып, тесігінен шыбық откізіп кептіріп қояды.

Несібесі коп, дастарқаны мол болсын деп жаңа үйдің босағасын маймен майлайды.

Жиенді ұрса қолы қалтырайды деген ырым бар.

Қазақ басымыз кобеймей қалады деп адам санамайды.

Алыс жолға шыққан адамдар қарашаңырақтан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады.

Қазақ жек корген немесе енді кормеймін деген адамының артынан бір уыс топырақ шашады.

Біреудің үйі ортенсе оның арты жақсылық болады деп ырымдайды.

Жаңа айды коргендер “жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке” деп бата жасап, ырымдайды.

Шала туған баланы тымаққа салып, неше күні кем болса сонша күн кереге басына іліп қояды.

Қалы үлкейіп кетпесін деп қалымен туған балаға Қалдыбай, Қалдыгүл деп ат қояды.

Пәле жаладан аулақ болсын деп жаңа үйленген жастардың тосегін арша түтінімен ыстайды.

Өреден жас күрт алып жесе — жаңбыр жауады.

Өліктің денесі оралған кілемді түнде жұлдызға қаратып жайып барып пайдаланады.

Шашалған адамға “май қап” дейді.

Ет турағанда бір кесек ет қалып қойса, ет тураушыға отірік айтатының бар екен дейді.

Біреу қайтыс болды деп естіртіп, кейін ол тірі болып шықса, “коп жасайды екен”, деп ырымдайды.

Үйдің өз сәбиі үйге “ассалаумағалейкум” деп кірсе, ол үйге коп кешікпей қонақ келеді.

Сәби қолындағы заттарын “шашу” деп шашса, ол үйде той болады.

Бас киімді теріс қаратып киген жаман істің белгісі.

Жас адамдар “басым ауырды” десе, “басыңа бас қосылады екен” дейді.

ТҮЙІМ СӨЗДЕР

Қазақ халқының, тәрбие құралдарының бірі — **тұйым** сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларға жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені құшақтау — жалғыз қалудың, қолды тобеге қою — ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу — әдепсіздіктің, асты тоғу — ысыраптың белгісі деп таныған және ондай ерсі істерге қатаң тұйым салған.

Мұндай тұйым сөздер ел ішінде өте көп. Оның бәрін қамти алмағанмен кейбір үлгілерін қағазға түсіріп ұсынып отырмыз.

Дастарқанды, тамақты баспа.

Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.

Малды, ыдысты, тамақты теппе.

Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме.

Кокті жұлма, шашынды жұлма.

Үй айнала жүгірме.

Босағаны керме, құшақтама.

Табалдырықты баспа, отырма.

Үйді сабама, малды басқа сабама.

Бейіт тұсынан шауып отпе, жүгіріп отпе.

Бейітке қолыңды шошайтпа, оған қарап түзге отырма.

Итке ожаумен ас күйма.

Түнде үй сыпырма, түнде тырнағыңды алма.

Үлкендердің жолын кеспе, сөзін болме.

Бүйіріңді таянба, жер таянба, иегіңді таянба.

Шашынды жайма.

Бетіңді баспа.

Тізеңді құшақтама.

Өтірік жылама.

Жұлдызды, адамды санама.

Сыпырғышты тік қойма.

Қолыңды қусырма.

Аққуды атпа.

Адамға пышақ, мылтық кезенбе.

Бос бесікті тербетпе.

Құранды, тамақты баспа.

Жақын адамға пышақ сыйлама.

Тұзды, күлді баспа.

Отты, күлді шашпа.

Отпен ойнама, оттан аттама, отқа түкірме.
Нанды жерге тастама, үстіне басқа зат қойма.
Бейуақытта жылама, ұйықтама.
Бейуақытта кісіге қоңіл айтпа.
Бөркінді теріс киме.
Шапанды желбегей жамылма.
Үйде ысқырма.
Үйге жүгіріп кірме.
Ауылға атпен шауып келме.
Мойныға белбеу жіп салма.
Айды қолыңмен корсетпе.
Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, жоғары қарай
түкірме.
Шелектегі суға аузыңды батырма.
Ақты токпе.
Адамды айналма.
Адамға қарап түкірме, есінеме.
Жалғыз ағашты кеспе.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Қызды ұрма.
Кісіге, молаға саусағыңды шошайтпа.
Орынсыз күлме.
Кісі айыбын бетіне баспа.
Көп сойлеме.
Адамға, малға зәбір жасама.
Баланы басқа ұрма.
Ата-анаңа қарсы келме.
Түнде суға барма.
Бетіңді сызба.
Нанды бір қолыңмен үзбе.
Асты үрлеме, асты жамандама.
Тамақты сораптап ішпе.
Қолыңды тобеңе, желкеңе қойма.
Өтірік күлме, отірік ауырма, отірік сойлеме.
Ішегіңді тартпа, табаныңды тартпа.
Қыз ұлдың, ұл қыздың киімін кимесін.
Мезгілсіз жатпа, мезгілсіз айғайлама, ойбайлама.
Дініңді сатпа, ұлтыңды сатпа, арыңды сатпа.
Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіліңді тигізбе.
Қабірді баспа.
Аманатқа қиянат жасама.

Ант іште, әбес сойлеме.
Өтірік куәлік жасама.
Намазды бұзба.
Құстың ұясын бұзба.
Құмырсқаның ұясын бұзба.
От басын сабама.
Ұрлық қылма, зорлық қылма.
Тілінді шайнама, тілінді шығарма, тістеме.
Саусағыңды аузыңа салма.
Кісі үйінде түрегеп тұрма.
Түрегеп тұрып немесе жатып тамақ іште.
Саусағыңды кеземе.
Аяғыңды тұсама, қолыңды байлама.
Коп ішінде қатты сойлеме, қатты күлме.
Желге қарсы түкірме, желге қарсы дәрет
сындырма.
Үлкеннен бұрын сойлеме.
Үлкеннен бұрын тамақ жеме.
Үлкеннен бұрын отырма, жатпа.
Үлкеннің бетінен алма.
Шақырмаған жерге барма.
Рұқсатсыз үйге кірме.
Жұрт козінше кекірме, қасынба.
Жұрт алдында құлағыңды, мұрныңды шұқыма.
Адамға қарап тоңқайма.
Кісіге қарап керілме.
Жерді сабама, жерді тепкілеме.
Баланы шошытпа.
Атқа теріс отырма.
Қайықты тербелтпе.
Әдепсіз сөзді айтпа, отірік айтпа.
Мақтаншақ болма, тәкәппар болма.
Әйелге күш корсетпе.
Малды боқтама.
Асты қорлама.
Жәндікті жәбірлеме.
Уһілеме.
Маңдайыңды, басыңды ұрма.
Отты, ошақты аттама.
Ер-тұрманды, бақанды аттама.
Адамды, малды аттама.
Дастарқанды, тамақты, ыдысты аттама.
Пышақты, қаруды, балтаны, қамшыны аттама.

Жаман әдетті үйренбе.
Жаманат шақырма.
Жаман ырым жасама.
Етбетіңнен жатпа.
Ерсі қимыл жасама.
Шашыңды, тырнағыңды осірме.
Кісі тосегіне отырма.
Теріс қарап отырма, жүреңнен отырма.
Сол қолмен тамақ ішпе.
Шалбарды басыңа жастама.
Қолыңды артыңа ұстама.
Түнде мал санама.
Сыпырғышты жоғары котерме.
Түнде күл шығарма.
Таңертеңгі асты тастама.
Көзіңді жыпылықтатпа.
Қолыңды кеудеңе қойма.
Ерніңді шығарма.
Орындықта аяғыңды айқастырып отырма.
Бала бетіне үрлеме.
Тырнағыңды тістеме.

ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР

Халқымыз іргелі үш жүз құрамынан тұрады.

Олар: Ұлы жүз — АҚАРЫС
 Орта жүз — ЖАНАРЫС
 Кіші жүз — БЕКАРЫС

Ұлы жүз тайпалары:

Қаңлы — ұраны Бәйтерек, таңбасы шылбыр, косеу.
Қатаған (Шанышқылы) — ұраны Айрылмас, таңбасы қолтаңба.

Жалайыр — ұраны Қабылан, таңбасы тарақ.
Сіргелі — ұраны Байтоқ, таңбасы сірге.
Шақшам — ұраны Қабылан, таңбасы жебе.
Сарыүйсін — ұраны Байтоқ, таңбасы Абақ, ашамай.
Шапырашты — ұраны Қарасай, таңбасы ай, тұмар.
Ысты — ұраны Жауатар, таңбасы косеу, шылбыр.
Ошақты — ұраны Бактияр, таңбасы тұмар.

Албан — ұраны Райымбек, таңбасы абақ.
Суан — ұраны Байсуан, таңбасы дөңгелек.
Дулат — ұраны Бақтияр, таңбасы дөңгелек.

Орта жүз тайпалары:

Аргын — ұраны Ақжол, таңбасы коз.
Қыпшақ — ұраны Ойбас, таңбасы қос әліп.
Найман — ұраны Жалғабай, таңбасы бақан, босаға, шоміш.
Қоңырат — ұраны Алатау, Мүлкаман, таңбасы босаға.
Керей — ұраны Ошыбай, таңбасы ашамай.
Уақ — ұраны Жаубасар, таңбасы бақан, ашамай.

Кіші жүз тайпалары:

Бұлар үш атадан тұрады. 1. Әлімұлы. 2. Байұлы. 3. Жетіру.

Әлімұлының таралуы:

Кете — ұраны Майлыбай.
Қаракесек — ұраны Бақтыбай, айыртау.
Шомекей — ұраны Дойт.
Қарасақал — ұраны Бақтыбай.
Төртқара — ұраны Майлыбай.
Шекті — ұраны Дойт.

Байұлының таралуы:

Шеркеш — ұраны Шағырай, таңбасы бақан.
Ысық — ұраны Бәйтерек.
Масқар — ұраны Қаратай.
Алтыбас — ұраны Байбарақ, таңбасы бақан.
Тана — ұраны Тана, таңбасы әліп, кесеу.
Байбақты — ұраны Дәуқара.
Қызылқұрт — ұраны Жиенбай.
Таз — ұраны Торемұрат, Бақай, таңбасы қамшы.
Беріш — ұраны Ағатай.
Адай — ұраны Бекет, таңбасы садақ.
Есентемір — ұраны Алдоңғар, таңбасы бақан.
Жаппас — ұраны Баймұрат, таңбасы түйемойын.
Алтын — ұраны Баймұрат.

Жетірудың таралуы:

Толеу — ұраны Арғымақ, таңбасы балға, шылбыр.
Рамадан — ұраны Дулат, Қайғұлым, таңбасы шоміш.
Тама — ұраны Қарабура, таңбасы кесеу, әліп, тарақ.

Кердері — ұраны Қожахмет, таңбасы тостаған.
Керейіт — ұраны Ақсақал, таңбасы шылбыр, қылыш.
Табын — ұраны Тостаған, таңбасы тарақ, көсеу, шөміш.
Жағалбайлы — ұраны Малатау, таңбасы балға.

Жүзге кірмейтін қазақ рулары:

Торе	Төлеңгіт
Қожа	Қараша
Сунақ	Қалпақ
Колеген	Қырғызәлі

Үш жұрт

1. Ағайын жұрт.
2. Нағашы жұрт.
3. Қайын жұрт.

Үш байлық

Бірінші байлық — денсаулық.
Екінші байлық — ақжаулық.
Үшінші байлық — қорадағы бес саулық.

Үш би

1. Үйсін Төле би.
2. Арғын Қаздауысты Қазыбек би.
3. Алшын Әйтеке би.

Үш дана

1. Абай.
2. Шоқан.
3. Ыбырай.

Үш арыс

1. Сәкен.
2. Бейімбет.
3. Ілияс.

Үш қат

1. Жоғары қат (аспан).
2. Орта қат (жер үсті).
3. Томенгі қат (жер асты).

Үш қуат

1. Ақыл қуат.
2. Жүрек қуат.
3. Тіл қуат.

Үш ғайып

1. Ажал ғайып.
2. Қонақ ғайып.
3. Несібе ғайып.

Үш арсыз

1. Ұйқы арсыз.
2. Тамақ арсыз.
3. Күлкі арсыз.

Үш дауасыз

1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.

Үш қадірлі

1. Ырыс. 2. Бақ. 3. Дәулет (Жиренше шешен).

Үш қадірсіз

1. Жастық шақ. 2. Денсаулық. 3. Жақсы жардың (әйел) қадірін білмейді.

Үш жамандық

1. Нақақ қан тоғу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу.

Үш жақын

1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3. Жар тәтті.

Үш ақиқат

1. Қымбат — шындық. 2. Арзан — отірік. 3. Дауасыз — кәрілік (Жанқұтты шешен).

Үш қуаныш

1. Алғыс алу. 2. Өзіңді көптің іздеуі. 3. Ісіңнің ошпеуі.

Үш биік

1. Билік. 2. Дәулет. 3. Даналық.

Үш асыл

1. Коз. 2. Тіл. 3. Қоңіл.

Үш артық

1. Адалдық. 2. Еңбексүйгіштік. 3. Өнерпаздық.

Үш ынтық

1. Еркін өмір. 2. Құрметке болену. 3. Пайдалы еңбек ету.

Үш түл

1. Қайратсыз ашу түл.
2. Тұрлаусыз ғашық түл.

3. Шәкіртсіз ғалым түл (Абай).

Үш апат

1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламау. 2. Өкіметті сыйламау. 3. Асты ысырап ету.

Үш кедейлік

1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3. Ұйқы (Толе би).

Үш кемдік

1. Надандық. 2. Еріншектік. 3. Зұлымдық (Абай).

Үш бақытсыздық

1. Жаман ат. 2. Жаман қатын. 3. Жаман корші.

Үш көз

1. Су анасы — бұлақ. 2. Жол анасы — түяқ. 3. Соз анасы — құлақ.

Үш тоқтам

Ақыл — арқан, ой — өріс, адам — қазық.

Үш қасиет

1. Өліде — аруақ. 2. Малда — кие. 3. Аста — кепиет.

Үш тағылым

1. Мейірімнен — сауап. 2. Жақсылықтан — шарапат. 3. Жамандықтан — кесапат.

Төрт тұлға

1. От. 2. Су. 3. Жел. 4. Жер.

Төрт құбыла

1. Шығыс. 2. Оңтүстік. 3. Батыс. 4. Солтүстік.

Төрт маусым

1. Коктем. 2. Жаз. 3. Күз. 4. Қыс.

Төрт тоқсан

1. Қыс тоқсан. 2. Жаз тоқсан. 3. Шілде тоқсан. 4. Күз

Төрт бұрыш

Шығыс елі дүниенің төрт бұрышы деп Шын — Машын (Үндістан), Мысыр, Рұм, Еуропа елдерін айтқан.

Төрт түлік

1. Түйе пірі — Ойсыл қара.
2. Жылқы пірі — Қамбар ата.
3. Сиыр пірі — Зеңгі баба.
4. Қой, ешкі пірі — Шопан ата, Шекшек ата.

Төрт мұрат

1. Дау мұраты — біту.
2. Саудагер мұраты — үту.
3. Қыз мұраты — кету.
4. Жол мұраты — жету. (Сырым батыр).

Төрт мүлік

1. Бас — сандық. 2. Тіл — кілт. 3. Қол — мүлік. 4. Аяқ — азамат.

Төрт қорлық

1. Шақырылмаған жерге бару. 2. Бейбастақ сойлеу. 3. Дұшпаннан жәрдем күту. 4. Сараңнан қажет сұрау.

Төрт халифа

1. Әбубәкір. 2. Омар. 3. Оспан. 4. Әли.

Төрт періште

Аллаға жақын төрт періште бар. Олар: Жебірейіл, Әзірейіл, Мекайіл, Исрафил.

Төрт қылыш

1. Хәмхам. 2. Сәмсам. 3. Зұлпыхар. 4. Зұлқажә.

Төрт кітап

1. Тәурат — Мұсаның кітабы.
2. Зәбүр — Дәуіттің кітабы.
3. Інжіл — Исаның кітабы.
4. Құран — Мұхамбеттің кітабы.

Төрт пір

1. Жарлының пірі — қалтаң ата.
2. Ұрының пірі — жалтаң ата.
3. Шебердің пірі — тепшем ата.
4. Кәрінің пірі — кекшіл ата (Досбол шешен).

Төрт күнә

1. Аллаға күмән келтіру.
2. Нақақтан қан тоғу.
3. Ата-анаға тіл тигізу.
4. Өтірік куә болу. (Мұхамбет пайғамбар).

Бес парыз

1. Құдайдың бірлігі мен Мұхамбеттің пайғамбарлық қасиетін мойындау. 2. Намаз оқу. 3. Ораза тұту. 4. Қайыр садақа беру. 5. Хажылыққа бару.

Бес намаз

1. Таң намазы. 2. Бесін намазы. 3. Екінді намазы. 4. Ақшам намазы. 5. Жашиық намазы.

Бес борыш

1. Аллаға, пайғамбарға байланысты борыш.
2. Адамның өзіне байланысты борыш.
3. Мемлекет пен халыққа борыш.
4. Үй-іші, жақындарға борыш.
5. Адамгершілік әлеміне борыш. (Мұхамбет пайғамбар).

Бес қару

1. Садақ. 2. Мылтық. 3. Найза. 4. Қылыш. 5. Айбалта.

Бес асыл, бес дұшпан

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, отірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ —
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой —
Бес асыл іс консеңіз. (Абай).

Бес жаратылыс

1. Күн.
2. Ай.
3. Жұлдыз.
4. Күндіз.
5. Түн

Бес өсиет

1. Топасқа сенбе.
2. Жауға иілме.
3. Әрқашан сақ жүр.
4. Аш үйге қонба.
5. Жарлыдан сый алма.

Бес қатер

1. От.
2. Жау.
3. Борыш.
4. Ауру.
5. Соз

Алты алаш

1. Қазақ.
2. Қарақалпақ.
3. Өзбек.
4. Түркімен.
5. Қырғыз.
6. Жайылған. (Толе би).

1. Ұлы жүз.
2. Орта жүз.
3. Кіші жүз.
4. Қарақалпақ.
5. Қырғыз.
6. Қазақтың құрама рулары. (М.Тынышбаев).

Алты игілік

1. Денсаулық.
2. Қазына.
3. Дос.
4. Әйел (жар).
5. Білім.
6. Бала (үрпақ).

Алты парыз

Адамдардың бір-біріне деген алты парызы бар. Олар:

1. Бір-біріне сәлем беруге (әдейі барып).
2. Шақырса — баруға.
3. Кеңес сұраса — ақыл қосуға.
4. Сұрағына — жауап беруге.
5. Ауырып қалса — қоңілін сұрауға.
6. Қайтыс болса — жерлеуге қатысуға. (Мұхамбет пайғамбар).

Алты асқар

1. Ақыл.
2. Білім.
3. Жомарттық.
4. Әділдік.
5. Шыншылдық.
6. Кең пейіл.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ

(Өз Тәукенің заңдары)

І - ж а р ғ ы. Котеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге олім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігі

талабынан туды).

2 - ж а р ғ ы. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер олім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі — елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі).

3 - ж а р ғ ы. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер олім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың томенгі сатысына тән кісі өлтірушілікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

4 - ж а р ғ ы. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға олім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор жаңалық).

5 - ж а р ғ ы. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге олім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде “ер қанаты — ат” елдің, мемлекеттің соғыс күші ретінде бағаланады).

6 - ж а р ғ ы. Тобелесте мертігудің түріне қарай томендегіше мүліктей құн толенсін:

а) біреудің козін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалыңмалын береді.

ә) торт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7 - ж а р ғ ы. Ұрланған жылқы өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып толеттірілсін.

Жеті жетекші

1. Адамның басшысы — ақыл,
2. Жетекшісі — талап.
3. Жолаушысы — ой.
4. Жолдасы — кәсіп.
5. Қорғаны — сабыр.
6. Қорғаушысы — мінез.
7. Сынаушысы — халық. (Саққұлақ би).

Жеті ғашық

1. Ләйлі — Мәжнүн. 2. Фархад — Шырын. 3. Таһир — Зуһра. 4. Арзу — Қамбар. 5. Уәлик — Фарра. 6. Уәки — Күлшаһ. 7. Жүсіп — Зылиқа.

Жеті шәріп (Жеті әулие)

1. Меке шәріп. 2. Мәдина шәріп. 3. Бұхар шәріп. 4. Шам шәріп. 5. Қатым шәріп. 6. Құддыс (Мысыр) шәріп. Кәләм шәріп (Құран).

Жеті қазына

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл, білім. 4. Жүйрік ат. 5. Қыран бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Жүйрік тазы (ит).

Жеті ғалам

1. Шығыс. 2. Батыс. 3. Оңтүстік. 4. Солтүстік. 5. Аспан (жоғары ғалам). 6. Жер (орта ғалам). 7. Жер асты (томендегі ғалам).

Жеті күн

1. Бүгін. 2. Ертең. 3. Бүрсігүні. 4. Арғы күн. 5. Ауыр күн. 6. Соңғы күн. 7. Азына.

1. Дүйсенбі. 2. Сейсенбі. 3. Сәрсенбі (сәтті күн). 4. Бейсенбі. 5. Жұма (қасиетті күн). 6. Сенбі. 7. Жексенбі.

Жеті жүт

1. Құрғақшылық. 2. Жүт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ

1. Жерде олшеуіш жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллада бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда от жоқ.

Жеті жетім

Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған боз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз қол жетім,
Жерінен айрылған ер жетім,
Замандасы қалмаса —
Бәрінен де сол жетім.

Жеті ата

1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жеті қат көк

1. Ай. 2. Күн. 3. Шолпан. 4. Есекқырғын (Меркурий). 5. Қызылжұлдыз (Марс). 6. Сатурн. 7. Мүштері (Юпитер).

Жеті қат жер

1. Тұңғиық.
2. Жылан.
3. Су.
4. Қос балық.
5. Қара тас.
6. Кокогіз.
7. Жер.

Жеті амал

1. Күннің тоқырауы.
2. Қарашаның қайтуы.
3. Үркердің батуы.
4. Мұздың қатуы.
5. Киіктің матауы.
6. Қыс тоқсан.
7. Ай тоғамы.

ӘДЕТ-ҒҰРЫП ИШАРАЛАРЫ

Халық психологиясында қоңіл аударалық түрлі жайттар көп кездеседі. Соның ішінде кей сезімді, іс-әрекетті сөзбен айтпай-ақыммен, ишарамен, қимылмен, еппен сездіретін түрлі қызықты әрі сесті ұғымдар бар. Мұны *әдет-ғұрып* деп атайды. Осындай әдет-ғұрыптар арқылы адамдар келісу, ашу-ыза, жеңілу, қайғыру, ұялу, тағы басқа сол сияқты қоңіл-күйі сезімдерін білдіріп отырады.

Әдет туралы түсінік әр адамда немесе әр жерде әртүрлі. Біреулер “түсте ұйықтау әдетім еді”, “тамақты ыстықтау ішетін әдетім еді”, “ерте тұратын әдетім бар” дейді. Бұл әдет деп айтылғанымен белгілі бір жайға, жағдайға қалыптасу деген сөз. Демек әдет-ғұрып халық тәжірибесінде адамның белгілі бір істі, ұғымды, қоңіл-күйін білдіретін іс-қимыл көрінісі деп қараған жөн болар еді.

Біздің халқымыздың салт, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары енді ғана зерттеліп, жиналып, қаралып, көпшілік оған енді ғана назар аудара бастады. Мұның тек рухани, мәдени жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ адам тәрбиесіне де үлкен қызмет атқаратынын естен шығаруға болмайды. Ұлтымыздың осындай тәлім-тәрбиелік немесе сезімдік әдет-ғұрыптарының мәніне терең үңіліп қарап, сырын ашатын болсақ одан өте көп ғибратты істерге қанық боламыз. Бұның халық педагогикасындағы, мәдениетіндегі, психологиясындағы көп салалы істің елеулі тармағы екеніне көз жеткіземіз. Сонда біздің ел-жұртымыз іспен, күшпен, ірі іс-қимылмен немесе потуалы сөзбен ғана емес бет-пішінімен, дене қимылымен үнсіз отырып-ақ ойды, пікірді айқын танытып істі бітіре салатын болған. Мұндай іс-қимылдарды қуану, ашу, қайғыру,

дәмету, қарсылық, шошыну сәттеріне ыңғайын тауып пайдалану шеберлігі де сезімталдықты, ұғымдылықты, ұтқырлықты, тапқырлықты бейнелейді.

Мысалға бір істі мақұлдау, қоштау, ризалық шарасына “бәрекелді” деп те, бас изеу, арқаға қағу арқылы да білдіріп келіседі. Бір іске құшырлағанда беріле кіріскенде алақанына түкіру, алақанын уқалау әдеттері де бар. Мысалы, біреу бір іске ынталанып отырғанда айтқаны келсе “алақанына түкіріп отыр” дейді. Қуаныш сәтінде үлкендер қол шапалақтап, боркін аспанға ататын, балалардың секіріп-секіріп алатын әдеттері бар. Қатты қуанған адамды “боркін аспанға атып қуанды” немесе “жүрегі жарыла қуанды” дейді. Мақтағанда батыр, палуандардың сайысқа шыққанда тосін соғып шығатыны да бар. Мұны мақтаныш еткенде әр адам да қолдана береді.

Ашу, ыза кезінде қолданылатын қимылдар басқа сезімдерден гөрі көп. Мұндайда жұдырық түю, қозын адырайту, дұшпанының үйін, от басын сабау, туырлығын тілу сияқты ірі қимылдар жасайды. Ашу кезінде адамдар мұндай әрекеттерді өзіне де қолданады. Ондайда еркектер өз маңдайын ұрады, жер тебеді. Әйелдер өз шашын өзі жұлады, ері олсе бетін тырнайды. Балалары безбүйректік жасаса, атасы қолын теріс жайып, анасы емшегінің сүтін көкке сауады. Қайғыру кезінде әйелдер бүйір таяну, бет жырту, ерлер жер тебу сияқты әдеттерді қайталайды.

Қарсылықты қол сермеу, бас шайқау, орнынан үнсіз тұрып кету арқылы білдіреді. Сес, айбат, доң айбат көрсетсе — тістену, тісін қайрау, саусағын шығару, саусағын безеу, тоңқайып артын көрсету сияқты ерсі қимылдар жасайды. Келемеж ететін болса — ернін шығару, саусағын шығару, күлу арқылы көрсетеді. Алақан жаю, иығын көтеру, желкесін қасу, басын қасу, ернін тістеу, бармағын тістеу — амалсыздықтың, шарасыздықтың “енді қайтейіннің” белгісі. Ал, сан соғу, жерге түкіру, отыра қалу немесе тұрып кету, ернін тістеу — **өкініш** “өттеген—айдың” белгісі. Шошынғанда, қорыққанда ішегін тарту, жағасын ұстайтын әдет бар. Халқымызда “жағасын ұстап шошыды” деген сөз қалыптасқан.

Ұятқа батқандар жер шұқып, жерге қарап, томен қарап, **ернін тістеп** отыратын әдет бар. Мұндай жағдайды естігенде, көргенде әйелдер ұялып бетін сызып, бетін шымшып қалады. Ал ұялу ұятқа бату емес.

Жеңілу бейнесін — бас ию, тізе бұғу, қол қусыру, аяғына жығылу арқылы білдіреді. Халық дәстүрінде *аяғына жығылу* деген бар. Мысалы, қызды рұқсатсыз алып қашқандар

құдаларға барып кешірім сұрап, келісуді сұрайды. Мұны аяғына жығылу деп атайды. Бірақ бұл жоғарыда айтылғанмен бірдей емес және ол ұят болып саналмайды.

Масқаралау, қорлау тәсілдері де көп. Мұндай кезде бетке түкіру, бетіне күйе жағу, есекке, сиырға теріс мінгізу, әйелдердің шашын кесу, еркекті артқа тебу, желкеден түю тағы сол сияқты орескел жаза қолдану арқылы көрсеткен. Бұл жазалар ертеде көп қолданылған.

Түкіру бірнеше мағынада қолданылады. Мысалы жоғарыда айтылғандай алақанға түкірсе ол іске жұмылудың, жерге түкірсе өкірудің, бетке түкірсе қорлаудың нышаны. Коз тиюден сақтанғанда да түкіртіп алу бар. Демек халық бір ишараның өзін ыңғайына қарай әр жағдайда қолдана білген.

Кейде біреуді менсінбеу, жақтырмай, ұнатпай отыратын кездер де болады. Мұны қазақ бас көтермеу, бет тыржиту, қабақ түю, маңдай қырыстыру, танауын көтеру, мұрын шүйіру арқылы немесе оз баласына жекіру, бір нәрсені тарсылдату арқылы сездіреді. Кеудесін, танауын, иығын көтерген адамдарды ел тәкәппар адам деп те қарайды.

Халқымыздың табу тәсілдерін, мысалы қасқырды *ит-күс* дегені сияқты ымды, кимылды іс-әрекетте де қолдануы оның тағы да сол тапқырлық, сөзді шығындамай-ақ айтудың бір түрі болғандығына куә боламыз. Алыстан біреуді шақырғанда қол бұлғау, боркін қолға алып бұлғау, тоқта дегенді қол көтеру, өзінен-өзі түсінікті жай. Сүйіспеншілік сезімін көз қысу, қол қысу, сан шымшу, үндеме дегенді ернін тістесу, көзін жұму арқылы білдіретін әдіс-тәсілдері тағы бар.

Мазактау, күлу, келемеждеудің де бірнеше түрлі белгілері бар. Ерлердің қолын саптауы, саусағын шығаруы, бұтын қорсетуі, әйелдердің ерін шығаруы, балалардың аузын қисайтып, тілін шығаруы, тоңқайып күлуі — осының белгілері. Қазақта “к... ашып күлді” деген сөз мазақтың ең ауырын бейнелеп айтқаны.

Кетісу — араздасу белгісі ретінде ат құйрығын кесу біреуді табалағанда отырған жерді құйрығымен түйіп айызы қану, енді көрінбе, қараң батсын, деген жағдайда жерден бір уыс топырақ алып кетіп бара жатқан адамға топырақ шашу бұрыннан келе жатқан халықтық әдет. Ел-жұртынан, ағайыннан безінгенде тобесіне қолын қойып шығу, торыққан, жаны жүдеп мұңайған, мойыған шағында жағын таяну, тұтқын болғанда, айыпталғанда желкеге қолын қою, белгілі бір жағдайдан туған ғұрып екенінде ешқандай дау жоқ.

Халық әдетінде топырақ шашу, қолын теріс жайып бата

беру (теріс бата), бетке түкіру ауыр жазаның түрі болып саналады.

Сол сияқты ел-жұрт әр адамның жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, қас-қабағынан-ақ оның қоңіл-күйін айтпай-ақ сезіп-біліп отырады. *Қабағың ашық қой* деп оның қоңілділігін, *иығың түсіп кетінті ғой* деп жабырқаулы жайын сезе қояды. Жігіттердің мезгілсіз жүруінен, әйелдердің керілуінен әркім озінше байлам жасап отырады. Әзіл-қалжыңда және кейбір іліктік қатынасты білдіретін де әдет-ғұрыптар бар. Мысалы екі жігіт күлімдеп бастарын қасыса *бажа* болғаны. “Бажа бажаны корсе, басы қышиды” деген сөз осыдан шыққан. Егер жастар бір еркектің құлағынан тартып ойнап жатса — ол *жездесі* деген сөз. Кейде біреулер екі саусағын танауына тығып келсе — ол ештеңе бітірмегені немесе бір *үлестен күр қалдым* дегені. Ел ішінде осындай ыммен білдіретін ұғымдар өте көп. *Жақсы* дегенді бас бармағын көрсетіп, *жаман* дегенді қолын сермеп, мұрнын тыржита салатын да әдет бар. Мұның бәрі де халықтың өзіне тән және өзіне жарасатын сипаттар мен белгілер. Ел ішінде ішімдік сияқты зиянды нәрселер кіргелі арақ дәметіндер кеңірдегін шертіп қалады. Алайда бұл маскүнемдердің жаңадан ойлап тапқан әдеті деп қана қарау керек. Өкінішке орай бұл да айтпай-ақ түсінікті белгі болып қалыптасқан.

Мұндай әдет-ғұрыптарды қолдану орны жоғарыда айтылды. Алайда бұларды орынсыз қолдануға мүлде болмайды. Ол әдепке жатпайды. Қуанышты жағдайдан басқа іс-қимылдарды қайталау жаман ырым ретінде тыйым салынған. Оларға қолданылатын жаза, тәртіп, тыйым түрлері және бар. *Бүйірінді таянба, қолыңды тобеңе қойма, саусағыңды беземе* деген әдептілік ережелерінің түп-төркіні осындайдан шыққан. “Ауру қалса да әдет қалмайды” деген нақылдың да терең сыры осында жатыр.

КИЕЛІ КИІЗ ҮЙІМІЗ

1. Қасиетті қарашаңырақ тарихынан

“Атамыз Алаш, керегеміз ағаш” немесе “Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз” деп аталы сөз айтып қалдырған ата-баба, аналарымыздың негізгі баспанасы киіз үй болғаны әркімге аян. Киіз үй тек қазақ халқының ғана емес бүкіл

үркі тіпті оған қоршілес елдердің де тұрақ-мекені болғаныны. Солай бола тұрса да оны қастерлеп ұстап, ғасырдан асырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екені әркез мақтанышпен айтылып жүр.

Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайдаланылған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қарашаның ағамыз деп дәріптейді. Өйткені, киіз үй оның тұрағы, құтты іскен-жай, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағалады. Әрине киіз үйді әркім біледі, оны бағалайды да. Шынында да арғы, бергі тарихымыз бен мәдениетімізді ерделей қарасақ киіз үйіміздің атқарған қызметі мен ролі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ бірнеше күздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс мәдениеті, талғамы еш халықтан кем емес екен. Әуелден бұрынғы да, соңғы да ғұламалар айтып кеткендей осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлемінен, есептеу жүйесінен, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы — қалпы алғанда өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал, XII—XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын орда, Ақ орда, Көк орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш. Уәлиханов айтқан.

Тағы бір ерекше айта кетерлік жай біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қол өнері сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек артық емес.

Басқа елдердегідей емес бұл ағаш, киіз, ши, теріден ғана ішінара металл (күміс) құрастырылады әрі кошпелі жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Дала ойшылдары мен ұрғындарының тапқырлық мәдениеті мен өнерінің білім-паз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып еуропалықтарды таң қалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрамқажы Жанайдарұлы (Кенесары ханның бас батыры Жанайдардың бел баласы) Петербургке, 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін еуропаға таныта берген. 1827 жылы Бокей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы І Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте баула болған (Ә. Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі музейлердің бірінен қазақ киіз үйін

коргендігін жазды. Сондай-ақ Гамбург, Майндағы Франкфурт (Германия) қалаларындағы музейлерде де қазақ киіз үйлері бар.

Қазақ даласында өмір сүрген атақты хандар, билер, байлар орда тігіп салтанатты өмір сүрген. Соның ішінде Кокшетаудағы Абылайдың ақ ордасы, Шыңғыс торенің 24 қанат ордасы, Жетісудағы Тезек торенің ордасы, Ырғыздағы Самырат байдың үйі, Ақмоладағы паң Нұрмағамбеттің үйі сияқты елге аңыз болған үйлер көп болған. Киіз үй үшін қазақ азаматтары байлығын аямаған және сол арқылы қазақ дәулеті мен мәдениетін таныта білген.

Байлығымен елге аңыз болған Орта жүз Тоқа Байсақал қызын ұзатқанда оған арнайы отау әзірлеткен екен. Оны белгілі этнограф, ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай суреттейді: “Байсақалдың қызы Сапақтың ордасына келін болып түскенде бес отау, бір алтын шатыр, жеті жетіммен түсіпті. Сонда қыздың өзіне арнаған отаудың уығын атпен жүріп байлаған екен. Керегенің басында тұтам күміс, аяғында тұтам күміс, уық қанша болса уықтың бау өткізер жерінде тұтам күміс, қаламында тұтам күміс, шаңырақтың өзінде де, күлдіреуішінде де тұтам күміс. Түйе ауғанда, түйе басына екі бұрау — ұзындығы уықтай ағаш, оның екі басында да тұтам күмістен.” Кейін осы үйді Кенесары хан тіккен (“Қазақ әдебиетінен”).

Қазақтың осындай байлығы мен сән-салтанатының куәсі болған киіз үйлер Ресейдің дүшпандық саясатынан отарлау, тәркілеу, соғыс, аштық, колхоздастыру сияқты жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Жоғарыдағы айтылған Байсақал қызының отауы өртке кетті. Самыраттың ордасы тәркіге түсіп, тоз-тоз болды. Жақсы Жаңғұтты, Саққұлақ би, батыр Ерден, Тұрысбек хажының қасиетті қарашаңырақтары бүліншілік кезінде іztүзсіз кетті. Сөйтіп, ХХ ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы киіз үйдің құны мен маңызы томендеді.

ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үй қадірі мен орнын өз дәрежесінде қайта көтерді. Ұлы бабаларымыздың киелі рухының қайта дәріптелуі оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениеттің ролінің артуы киіз үйге деген қозғарасты айқындады. Той-думан бұрынғыдай жалаң айқай ұранмен, көтерген жалау, суреттермен емес тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт

жарыстарымен дәрежеленетін болды. Мысалы, тоқсаныншы жылдар басындағы Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлар, Бұхар жырау, ұлы Абай, Жамбыл ақындар тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Осы тойларда тігілген киіз үйлердің ішіндегі таңқаларлық Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Кокшедегі 1991 жылы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 қанат, кейін 18 қанат болып көлемі ұлғайтылды. Ол 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік Құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше дүркін жүлделі бәйгелер алды. Бұл орданы дайындап, ұмыт болған істі батылдықпен қолға алған ежелгі Торғай елінің азаматтары сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев, Ахмет Байтұрсынұлы туған жердің ардақты жігіті Аңсаған Қоңқабаев және Болғанбай Қойшиндер еді.

Бұл киіз үйді ХХ ғасырдағы қазақ ордасының басы десе де болады. Орданың биіктігі 8 метр, ішіне жүздеген адам еркін сияды. Киіздері ақ тоқтының жүнінен басылған. Іші-сырты тек қана ұлттық бұйымдармен, киімдермен, тұрман-дармен жабдықталған. Дастарханға түрлі ұлттық тағамдар ғана қойылған. Желбеу, басқұр, түскілем, ыдыс-аяғы, ең ақыры тосенішіне дейін қолдан шыққан қазақы дүниелер. Бір шетінде отырған әнші-жыраулар, орімдей қыз-жігіттер орда салтанатын одан әрі асыра түскендей еді.

2. Үйдің түрлері мен құрылысы

Енді киіз үйдің құрылысы мен жасалу жолдарына, жалпы этнографиялық ерекшеліктеріне жеке тоқталайық. Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақ үйлер доңгелек толық күмбезді болады да, қалмақы түрінің тобесі шошактау келеді. Қазақ үйлері пайдаланылуына, сән салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы: қара үй (үш қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқан (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. (Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. I том, 182 бет. Алматы — 1984 жыл). Сол сияқты кошіп, қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретіне бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады.

Жаңа үй болған жас шаңырақты “отау” дейді.

Киіз үйдің іші 4 бөлімге бөлінеді:

1. Төр — мұнда жүк жиналады, қонақтар орналасады. Бұл үйдің жоғары әрі қымбатты орны деп саналады. Жас келіндер бұл жерді баса бермейді.

2. Сол жақ — (кіргенде оң жақ) үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды.

3. Оң жақта — (кіргенде сол жақ) балалары орналасады. Босаға жаққа қарай ер-тұрмандар, киімдер ілінеді.

4. От орны — қасиетті орын саналады. Мұнда от жағылады, қазан асылады.

Киіз үй негізгі 3 бөліктен құралады:

1. Үйдің сүйектері. (Ағаштан тұратын бөліктері “сүйектері” деп аталады).

2. Киіздері (ши де осыған кіреді).

3. Баулары мен басқұр, арқандары. (Мұны кейде бір сөзбен “бау-шулары” дейді).

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына байланысты әрі үйлесімдігі сондай оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып екі-үш болмелі етіп тігуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су отпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шоппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан жел де көп болмайды. Міне осындай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен ерлеріміз туып, өскендігін мақтанышпен айтуға болады. Әрісі Керей, Әз Жәнібек, Әз-Тәуке, хан Абылай, Кенесары, Ұлы Абай, ғұлама Ахмет, Қаныш, Мұғтарлардың кіндігі осы киіз үй ішінде кесілген. Әрқашан жаңа қоныс аударып таза жерге тігілген үйдің саф ауасы, аспан — жер — сумен астасып қасиетті қара шаңырақтың киесі мүмкін осындай ұлылардың көкірегіне нұрлы сәулесін құйған болар.

Киіз үй ағаштан оның ішінде қайыңнан, көпшілігі талдан жасалады. Бұл ағаштар әрі берік, әрі күрт түспейді, басқалардай емес тез шірімейді. Талдың тағы бір артықшылығы оны керегеге қажетті жуан, жіңішкесін таңдап алуға болады. Үйдің сүйегін үйшілер жасайды, оны “үй басу” дейді. Қажетті ағаштар 6 ай, кейде бір жылдай қолға келген кептіріледі. Үйшілер мезгілі жеткен кезде бұл ағаштарды қажетінше жонып, морға, қозға (ыстық қоламтаға) салып балқытып, тезге салып

түзетіп алады. “Тез қасында қисық ағаш жатпайды” деген сөз осыдан қалған. Үй сүйегіне лайықталған ағаштарды жонып, түзетіп шауып, қырнап болғаннан кейін оны тағы да морға салып кереге, уыққа, күлдіреуішке лайықтап ырғаққа (қалыпқа) салып белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді де оны құрастыра бастайды.

Киіз үйдің негізін құрайтын — кереге. “Керегең кең болсын” деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік кендігі осы керегеге байланысты. Кереге құрайтын ағаштарды “желі” деп атайды да оның ұзынын “ерісі”, қысқаларын “сағанак”, “балашық” дейді. Желілердің басы мен аяғына келетін жерлерінде әдемілік үшін ойып сызықтар жүргізіледі, мұны “ыру” дейді. Желілерді тесіп түйенің мойын терісі немесе оғіздің бас терісінің сірісі (қайыстары) арқылы “коктейді” керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла ортасы доңестеу жасалады. Дайын керегені “қанат” деп атайды. Яғни, 18 қанат үйде 18 кереге болады деген сөз. Кереге козінің үлкен-кішісіне қарап “торкоз”, “жел коз” деп бөледі. Торкозді кереге әдемі әрі берік болады.

Киіз үйде есік екеу болады. Бірі (ішкісі) ағаштан жасалады, оны “сықырлауық” дейді. Екіншісі киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Мұны “киіз есік” дейді. Киіз есік ашық күндері маңдайшаға дейін шиыршықталып жиналып қойылады. Жай күндері күн түспес үшін, бақан арқылы бір жағы ашық тұрады.

Ағаш есік сықырлауық маңдайша, екі босаға, табалдырық және екі жарма есіктен құралады да керегеге бекітіледі. Керегелер бір-біріне таңғыш құр арқылы жалғасады. Кереге бастары арқылы орай тартылатын бас арқан маңдайшаның екі жағына мықтап байланады. Үйдің барлық ауырлығын ұстайтын, беріктігін сақтайтын бас арқан. Бас арқан тұсынан сәндік үшін және кереге басы туырлықты қажамас үшін бас құр тағы да орай жүргізіледі.

Уық — кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық алақан, иіні, қары және қаламы деген атаулардан тұрады. Ол иінінен иіле жасалады яғни үйдің күмбезді үлгісі осы уықтан басталады. Уық алақандағы уық бау арқылы кереге басына байланып, қаламы шаңырақтың қаламдығына сұғылады. Қалам мен қаламдық төрт бұрышты қырланады және ойылады. Мұндай уық берік әрі “қыдырып” кетпейді (яғни ауып, қисайып кетпейді). Қанат санына қарай уықтың саны да, ұзындығы да өсе береді. Әр үйде көлеміне қарай кемінде 60, әрі кеткенде 150—160-тай уық болады.

Шаңырақ — киіз үйдің қасиетті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ үй, отбасы деген мағынаны да білдіреді. “Шаңырағың биік болсын” деген бата бар. Киіз үйі шаңырағы тоғын, күлдіреуіш, кепілдік (кейде “қарғаша” дейді) деген бөліктерден тұрады. Тоғынды (яғни шеңбер) қайыңнан оюлап, орнектеп жасайды. Күлдіреуіш шеңырақ күмбезін жасайды. Жиілеп “қаламдық” ояды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозғалып кетпеуіне қызмет етеді.

Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды, егер үй қайыңнан жасалса оны өсімдік майымен майлайды, бұл ағашқа піл сүйегі түстес оң береді әрі су сіңбейді. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, маңдайшасын оюлайды, орнектейді, ауқаттылар күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейлейді.

Үй сүйегі әзір болған соң оның киіздері жасалады. Киіздері: кереге бойына — “туырлық” шаңыраққа дейін “үзік”, шаңырақты жабатын “түндік” және “киіз есік” деп аталады. Бұлар қойдың ақ күзем жүнінен басылады. Киіз басу, жүн сабау барысында жасалатын “тулақ шашу”, “қой басты” деген дәстүр, ырым, ойын, әзіл-қалжындар да бар. Киіздер күр, баулар арқылы тұтылады. Олар туырлық бау, түндік бау, үзік бау, жел бау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін “жабық” дейді. Туырлық пен үзік баулары кестелі, оюлы жалпақ күрдан жасалып, ол үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі жерден белдеу арқан тартылады. Үйге қолданылатын арқан түрлері де көп.

Шаңыраққа желбау деп аталатын ою-орнекті, 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, кошкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге әсемдік, көрік беріп тұрады.

Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл әдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, жылу, суық отпеуіне едәуір әсер етеді.

Киіз үйдің бір бөлшегі кәдімгі ши. Оны жүнмен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны “шым ши” дейді, ораусыз шиді “ақ ши” дейді. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді. Мұның әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ арасы жиі болғандықтан одан сырттан күрт-құмырсқа, кесіртке, жылан, тағы басқа жәндіктер кіре алмайды.

Халық тілі мен ұғымында киіз үйді құрастыруды “тігу” дейді, қайта болшектеуді “жығу” дейді.

II. ХАЛЫҚ АЙТСА — АНЫҚ АЙТАДЫ

НАУРЫЗ - ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз — Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып отетін болған. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды әдетке айналдырған. Шығыстық данышпандар Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фердоуси, Ә.Науаи, О.Хаямнан бастап қазақтың Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары да наурыз туралы еңбектер, олендер, жақсы сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін — бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы онегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-онегелік, сән-салтанаттылық, мәрт-жомарттық, қадыр-қасиеттілік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, онегелілікке, бауырмалдылыққа, коргенділікке, ізеттілік пен білімділікке баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек.

Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралары бар.

Наурыз күні. Наурыз — ежелгі мәдениетті, дамыған елдің бірі Парсының *нау* — жаңа, *руз* — күн, яғни жаңа күн деген сөзінен шыққанның көпке бұрыннан-ақ белгілі. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22 жұлдызына сәйкес келеді. Қазақтар да бұл күн жаңа жыл, ырыс, береке, мереке, жыл басы деп есептейді. Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс істемейді,

сапарға шықпайды, іс тікпейді, құрылыс, не басқа бір іс бастамайды, ешкімді ренжітпейді, ренжімейді, дауыс котермейді, әбес сойлемейді, кір жумайды, шарап ішпейді, құрбан шалмайды, құран оқымайды. Бұл күні барлық даланы Қызыр ата аралайды.

Наурыз күні — яғни наурыз айының 22 жұлдызы мереке, демалыс күні.

Наурыз айы — Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Григориан күн есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де, күн мен түннің ұзақтығы теңеседі. Сол себептен наурыз жыл басы болып саналған. Сонымен бірге қыстың соңы, коктемнің басы. Күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды. Сондықтан жылдың күт мезгілі есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де, тол басы есебінде де наурызды бүкіл халық аса құрметпен қарап, оны есте қаларлық қасиетті ай есебінде бағалаған.

Наурызнама — шат-шадыманды ойын-сауық, той.

“Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп той-тамаша қылады скен” (Абай). Кей жерлерде *наурыз тойы* деп те аталады. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамға келіп, қоңілді ойын-сауықтар жасалады. Мұнда шарап ішу, ренжісу сияқты жағымсыз әдеттерге қатты тыйым салынған. Тойға ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, айтыс, түрлі ойындар мен қоңілді жұмбақтар, ән, олеңдер, наурыз жырлары айтылады. Әркім үлкендерден бата тілейді. Наурызнама бұрын 3-9 күнге созылатын, халықтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен қолданылатын ерекше үлкен жиын той. “Қазақтың” қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы — Наурызнама. Ол күні қожаларға оқытатұғын наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың атын “Салдама” дейді (Мәшһүр Жүсіп). Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып бас қосып *ұйқыашар* әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге сакина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны *селт еткізер* деп атайды. Бұл күні қарттар да естен шықпайды. Оларға арнап жылы-жұмсақ тағамдардан *бел котерер* деп аталатын дәм дайындалып, тартылады. Бұлардың соңы келер күні *наурыз кожеге* жалғасады.

Наурыз көже. Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, жеміс тағы сол сияқты тағам

түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекемен құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыз коженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол барлық адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақырады.

Наурыз жыры — Наурыз мерекесінде айтылатын халық ауыз әдебиетінің түрлерінің бір саласы. Жыр-олең осы күнге лайықталып, мадақтау, тілек, бата, әзіл түрлерінде айтылады. Оның түрлері халық арасында өте көп тараған. Наурызға арналған бұрынғы, соңғы ақындардың шығармалары да көптеп саналады.

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар...
Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап,
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Бәйбіше шығар балпиып.
Күндігі баста қайқиып.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.

Наурыз бата. Халықта батаның түрлері көп. Соның бірі — осы Наурыз бата. Мұнда наурызнама өткізгендерге, осы күнге арнап “Наурыз кожеге” шақырғандарға, тойда онер көрсеткен ақын, әнші, палуандарға тағы да басқа онерпаздарға, жас талапкерлерге ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл қауымға, ауылға да беріледі.

Мысалы:

Өркенің оссін!
Әр күнің Наурыз күніңдей берекелі болсын!
Ұлың — оңға, қызың — қырға қонсын!
Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!
Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусың соңыңнан!
Бақ берсін, қыдыр дарысын!

Жастар бұл күні үлкендерден бата алуға тырысады. Және наурызда алған батаның орны бөлек.

Наурыз жұмбақ. Табиғатқа, аспан әлеміне, ауа райына, күн мен түнге байланысты айтылатын жұмбақтар осындай атпен аталған. Онда ақындар, қыз-жігіттер осы тақырыптарға ғана тән құбылыстарды жұмбақтап, олеңдетіп айтысатын болған. Мысалы:

Ұшарқар Айдай туып, Күндей батар
Туғанда Шабансары таң сонда атар.
Аспаннан жұлдыз тарап, Шолпан туып,
Таң райы Күнменен манауратар.
Шығыстан Үркер туса егініңді ор,
Батса коктен, егісті егетін бол.
Қырық күн, қырық түн сол Үркер коктен безіп.
Жоғалып қараңғыда шегеді жол.

Наурыз тілек. Әр адам өзіне, от басына немесе жақын туыс-туғандары мен дос жараңдарын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді, бір-бірінің үйіне кіріп дәм татады. Мысалы:

Пәле-жала жерге енсін!
Торт түлік ақты болсын!
Өрісің малға, үйің жанға толсын!

Тілек — достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.

Наурыз төл. Наурыз айында мал толдей бастайды. Олар *наурыз төлі* деп аталып, тол басы ретінде бағаланып, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп бағады. Тол басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді.

Наурызкөк — наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер “Наурыз келдің бе?” деп шақырып, жем шашады. Наурызкөкті ешкім құмайды, үркітпейді. †

Наурыз есім. Наурыз күнінде немесе айында туғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған. Сондай себеппен оларға Наурыз есімін беретін болған. Мысалы: қазақ халқында Наурызбай Құтпанбайұлы (1706 — 1781), Наурызбай Қасымұлы (1822 — 1847) атты әйгілі батырлар болған. Алтын Ордада Наурыз есімді хан (1359 — 1360) болғаны тарихтан белгілі. Наурызгүл, Наурызбек, Наурызәлі деген адам аттары да жиі кездеседі.

Наурызшешек. Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түрлі гүлді, қауашақты өсем өсімдік (шөп). Оны үйде де өсіреді. Майының дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында оның бірнеше түрі өседі. Наурызшешек

“Қызыл кітапқа” енген сирек кездесетін бағалы өсімдік қатарына жатады.

Наурызша. Наурыз айында жүп-жұқа, қиықша қырбық қар түседі. Оны халық *наурызша* деп атайды.

Самарқанның көк тасы жібиді. Бұл да наурыз күніне байланысты сөз. Оның бірнеше мәні бар. Бірінші аңызға әйгілі астроном Ұлықбек (1394 — 1449) обсерваториясындағы коктасқа дәл 22 наурыз күні күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібітеді мыс.

Екінші, бұл күні әр адам қателігі болса кешірім сұрауға және ол кешірім беруге тиіс. Кешірмесе “бұл күні Самарқанның да көк тасы жібиді, сен тастан қаттысың ба?” деп тоқтатады екен. Сол сияқты бұл күннің әлемге жылулық әкелетін сәтін де бейнелеп айтқан.

Шығыс елінің ұғымы бойынша күн мен түннің теңелер тұсында, яғни, 22 наурыз күні жер — кокті жарып ерекше бір гуіл (дыбыс) отетін көрінеді. Оны жан-жануарлар ішінде жұмақтан шыққан қой ғана сезеді дейді халық. Сол күні барлық жаратылыс, оның ішінде адам бойында да ерекше сезім, қасиет болады. Мұндай қасиетті күндерде тырнақ, шаш алдыруға болмайды. Әркім өзін жаман әдеттен аулақ ұстағаны жөн.

Наурыз қай жағынан алып қарағанда да бүкіл халық үшін ерекше мерекелі күн қатарында аталып өтіледі.

ХАЛЫҚТЫҢ УАҚЫТТЫ АНЫҚТАУ БЕЛГІЛЕРІ

Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтан, оны қолданудың сәті мен жолдарын және соған лайықты сөз орнектерін де таба білді. Жылды, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті болудің шаруашылыққа сай реті мен ыңғайын да орайластыра келтіре білді. Ал мерзім, мезгіл олшемдеріне келгенде халық олшемі мен атауы да бай. Ұлттық ұғымда мерзім — уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын білдіреді (Мысалы: бие сауым, күн, ай, тоқсан).

Мезгіл сол уақыттың бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы: елең-алаң, түс, кеш, түн ортасы т.б. Қыс, коктем, жаз, күз — мезгіл олшемдеріне жатады. Мерзім олшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше (1 сек), сүт пісірім (5 — 10 мин.), бие сауым (1,5 сағат), ет пісірім (2,5 — 3 сағат), жарты күн,

бір түн (тәуліктік) (24 сағат), апта (7 күн), ай (30 — 31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (385 күн) немесе 12 ай, ғасыр (100 жыл). Адам өмірі де жас (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, бір мүшел (13 жас), екі мүшел (25 жас), үш мүшел (37 жас) торт мүшел (49 жас) ... т.с.с. бөлінеді. Мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады. Уақыт мезгілдерін анықтауда және оның жиіліктерін жіктеп, айыруда халық теңеулері мен өлшемдері әрі қызық, әрі анық, әрі түрге де өте бай. Мысалы: елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара алакеуім, таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн қотеріле, күн арқан бойы қотеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, талма түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, бесін, екінді, кеш, коленке басы ұзара, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, жоппелдеме, намаздыгер, ақшам (намазшам), ақшам жамырай, бей уақыт, қас қарая, түн қараңғысы, ай туа, түн ортасы, жұлдыз соне т.б. Мұнан тек уақыт шамасы ғана емес халқымыздың таным-түсінік, ой, әр істің байыбына терең бойлау, бағдарлау, тіл қабілетінің жоғары тұрғанын дәлелдеп береді. Мезгілді қазақтар күндіз коленкеге, түнде жұлдызға қарап та анықтаған.

Күн санау. Шығыстық ғылым мен дәстүрге сай қазақтар да жоғарыда айтылғандай уақытты ғасырдан бастап жылға, тоқсанға, айға, аптаға, күнге болген де оған жеке-жеке ат берген. Оны *жыл санау*, *ай санау*, *күн санау* деп атайды. 1. Дүйсенбі. 2. Сейсенбі. 3. Сәрсенбі. 4. Бейсенбі. 5. Жұма. 6. Сенбі. 7. Жексенбі. Күн санауды халқымыз өткен күндерді — алдыңғы күні, кеше, бүгін, келер күндерді — ертең, арғы күн деп атайды. “Құдайдың күнінің бәрі сәтті” дейтін қазақ жұманы ислам дініне сәйкес қасиетті күн санайды.

Ай санау. “Кошпенді өмір сүретін, мұсылман болмаған түркілер жылды торт маусымға бөліп, әр үш айды бір атпен атайды. Жылдың өтеуін сол тәсілмен белгілейді... Ай — отыз күннен тұратын уақыт өлшемі. Бір айлық уақыттың өтеуі — айдың дәуір сүруімен есептелгендіктен, жылдың он екіден бір бөлігі де ай деп аталады” (Махмұт Қашқари).

Халқымыз жылды он екі айға бөледі де оны *ай санау* деп атайды. Бұл ерте замандардан қалыптасқан дәстүр. Түркі халықтары жылды тағы да торт маусымға (яғни тоқсанға) бөледі.. Әр айдың атаулары немесе оны тоқсанға яғни әр маусымға болуде табиғат құбылыстары, ауа райы ескерілген. Сондай-ақ оның шаруашылық жағынан үлкен мән-маңызы бар. Бұл жағынан халқымыз үлкен шеберлік пен білгірлік танытқанын да айта кету керек.

“Ай — уақыт олшемі, жылдың бөлігі. Айдың жері бір айналып шығатын уақытына тең” (“ҚСЭ”. 1-том. 158-бет. 1972 ж.).

Шығыс елінде жыл басы наурыздан басталады.

Ежелгі астрономиялық есепте әр айға сәйкес келетін жұлдыз аттары да бар. Мұны жұлдыз ай деп атайды. Кейбір елдерде, сол сияқты Қазақстанның кей аймақтарында қазіргі азаматтық айлары *жұлдыз ай* атымен де атай береді. Сол сияқты *рамазан айы* деген де бар. Бұл қазақша жеке ай аты емес; ораза айы осылай аталады.

АЙ АТТАРЫ

Қазақша	Арабша	Орысша
1. Наурыз	мұһамар	март
2. Кокек (сәуір)	сапар	апрель
3. Мамыр	раби I.	май
4. Маусым	раби II.	июнь
5. Шілде	жұмада I	июль
6. Тамыз	жұмада II.	август
7. Қыркүйек	ражаб	сентябрь
8. Қазан	шағбан	октябрь
9. Қараша	рамазан	ноябрь
10. Желтоқсан	шаууал	декабрь
11. Қаңтар	зұлқағда	январь
12. Ақпан	зұлқажжа	февраль

ЖҰЛДЫЗ АЙЛАР

(немесе күн жолындағы шоқжұлдыздар)

Қазақ тілінде	Көне түркі тілінде	Арабша	Орысша
1. Тоқты	Қозы	Хамал	Овез
2. Торпақ	Үді	Сәуір	Телец
3. Егіздер	Ерентүз	Зауза	Близнецы
4. Шаян	Құшық	Саратан	Рак
5. Бикеш	Бидай басы	Сүмбіле	Дева
6. Арыстан	Арыстан	Әсет	Лев
7. Таразы	Өлкі	Мизам	Весы
8. Бүйі	Шаян	Ақырап	Скорпион
9. Мерген	Сүрмерген	Қауыс	Стрелец
10. Ешкімүйіз	Ұғылақ	Жәді	Козерог
11. Суқұйғыш	Кокек	Дәлу	Водолей
12. Балықтар	Балық	Хүт	Рыбы

Енді әр айдың аталуы мен оның ерекшеліктеріне, халық ұғымындағы кейбір мән-жайына жеке-жеке тоқталайық.

Наурыз — жылдың әрі коктемнің бірінші айы. Парсының **нау** — жаңа, **руз** — күн деген яғни жаңа күн деген сөзінен шыққан. Демек наурыз аты бір-ақ күнді бейнелесе де ол толық ай атын иеленген. Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеседі, жаңа жыл келеді. Бұл айдың Шығыс оның ішінде қазақ елі үшін орны өте бөлек. Оны жыл басы, коктем басы, мереке басы деп санайтын халқымыз “Ұлыстың ұлы күні” деп ерекше құрметтейді. Бірінші күнін (яғни жаңаша 22 жұлдызды) мереке ретінде атап отеді. Күнтізбеде демалыс күні деп саналады. “Наурызнама” думаны, “Наурызкоже” дәстүрі осы айда жасалады. Күн ұзарады. Оны қазақтар “Ұзын сары” дейді. Бұл жуанның созылып, жіңішкенің үзілетін кезі болғандықтан дәмді, қуатты тағамдарын халық осы кезге әдейі сақтап отырады. Күн жылынып, мал толдей бастайды. Наурыздың соңғы айында окпек жел соғып, қар күрт еріп, жер лайсаң болып, жол бұзылады. Мұны ел *аласапыран* дейді. Әр айдағы ауа райының күрт өзгерісін жұрт *амал* деп атайды. Қай жағынан алғанда да наурыз біздің халқымыз үшін қасиетті ай ретінде бағаланған. Осыған орай көптеген ұлттық дәстүрлер де қалыптасқан. Мысалы “Наурыз бата”, “Наурыз жұмбақ” т.б. Осы айда әдемі киыршық қар түседі, оны *наурызша* дейді.

Наурызда күн мен түннің ұзақтығы теңеледі.

Наурыз коктемнің басы. Халық *коктем туды деп айтады. Яғни жақсы күн туды, тол туды* деген ұғымды білдіреді.

8 Наурыз — Халықаралық әйелдер күні. 22 наурыз — Наурыз мейрамы.

КӨКЕК (сәуір) — екінші ай. Бұл ай кокектің алғаш шақыра бастаған айы болғандықтан осылай аталған (М.Исқақов. Халық календары, А—1980 ж.. 247-бет). Бұл мезгілде қар еріп, су тасиды. Күн жылына бастайды. Ағаштар бұр жарып, кок шығады. Мал толдейді. Жұрт уызға қарқ болады. Құс келіп, уя сала бастайды. Балалар жұмыртқа жинайды.

Кей жерлерде сәуір айы деп те аталады. “Сәуір болмай, тәуір болмас” деген сөз бұл айдың жақсы мезгіл екенін мезейді. Қазақстанның оңтүстігінде егіс жұмыстары басталады.

Кокек айының үшінші онкүндігінде “Құралай салқыны” деп аталатын амал келеді. Бұл кезде киіктер толін яғни құралайын аяқтандырады, оргізеді.

МАМЫР — үшінші ай. Коктемнің ең сұлу шағы. Күн

жылып, жер бусанып, осімдік құлпырады, тол кобейеді. Құстар ұя салып, балапан шығарады. Барлық малдың балалары *тал* деп атайтыны сияқты барлық құстардың балапанын *мамыр* деп атайды. Ай аты осы сөзден шыққан дейді халық. Мұны тілші ғалым профессор С.Аманжолов та қостайды. Мамыр — тоқшылық, семіру деген ұғымды білдіреді. Солтүстік жақта егіс жұмысы қызады. Мал өріске шығады. Қой қырқу, жылқы күзеу, түйе жүндеу басталады. Ең қызығы бұл айда бие байланып, *қымыз-мұрындыққа* шақыратын дәстүр де осы айдың еншісіне тиген.

МАУСЫМ — төртінші және жаздың алғашқы айы. Маусым үндінің *маусын* деген жұлдыз атауынан шыққан екен де, кейін түркі елдерінің тіліне енген (ҚСЭ, 7-том, 527-бет). Бұл атау жаз маусымының басталуына орай шығуы да мүмкін.

Ал кейде *отамалы* деп те аталады. Бұл жер отының молайып, нәрленіп, малға жұғымының артуына байланысты шыққандығы көпке белгілі болар. Маусымда шоп шабылып, мал азығы дайындалады. Маусымда күн барынша ұзарады, түн қысқарады.

Маусым жаздың алғашқы айы, халық тілімен айтқанда жаз шықты деп айтамыз. Бұл *шоп шықты, мал өріске шықты* деген сөзге орай айтылса керек.

ШІЛДЕ — бесінші ай, парсының *чіллә* яғни қырық деген сөзінен шыққан дейді М.Ысқақов жоғарыда аталған еңбегінде (246-бет). Мұның шындығын қазақтың “қырық күн шілде” деген сөзінен-ақ аңғаруға болады. Бұл өте ыстық ай және ол 40 күнге созылады. “Жаздықүн шілде болғанда, кокорай шалғын бөйшешек ұзарып, өсіп толғанда” деген Абай атамыздың сөзінде айтылғандай бұл кез осімдік те, мал да, құс та өсіп, толығыады. Шілдеде күннің ұзақтығы қысқара бастайды.

ТАМЫЗ — алтыншы ай. Көне Сирия, ежелгі еврейдің *таммуз* деген сөзінен шығып, біздің тілімізде *сары* деген ұғымды білдіреді. Қазақтар кейде бұл айда *саршатамыз* деп те атай береді. Сары — сарша-сарғаю яғни жердің құрғап, осімдіктердің сарғайған кезін білдіреді. Тамызда егін пісіп жинала бастайды.

30 тамыз — Қазақстан Республикасының Конституциясы күні.

ҚЫРКҮЙЕК — жетінші, күздің бірінші айы. Бұл мал шаруашылығына орай шыққан атау. Қой-ешкінің толдеу уақытын көктем айына келтіру үшін, қазақтар қошқар мен текеге күйек байлап, оны осы айда ағытатын болған.

Қыркүйек шаруашылықтың жиын-теріні аяқталып, жұрт қыс қамын ойлай бастайды. Бұл күз айы, халық *күз келді* деп айтады. Бұл яғни *жайлаудан мал келді, суық келді* деген мағынада айтылады.

Күннің салқындауы басталады. Шық түседі. Қыркүйектегі шуақты күндерді *мизан шуақ* дейді.

ҚАЗАН — сегізінші ай. Күн салқындайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жаңбыр көп жауады. Кейде алғашқы қар ұшқыны да біліне бастайды. Бұлт қоюланады. Су қатады. Бозқырау түседі. Малшылар күзекке кошеді. Бұл уақытта пісіп үлгірмеген коконіс пен егін суыққа ұрынады, үсиді. Мұны *қазан ұрды* деп атайды.

25 қазан — Республика күні.

ҚАРАША — тоғызыншы ай. Бұл айда мал семіреді. Ертеде салық малы осы айда жиналатын болған. Оны халық *қаражшы* яғни *қаражат жинаушы* деп атап, ақыры ол ай аты болып қалыптасып кеткен көрінеді.

Қарашада жер оты азайып, тақырланып, күн суыйды. Қара жердегі суықты жұрт *қарасуық* дейді. Жұрт қыс қамын аяқтап болады. Қар түсе бастайды, мұны халық *қарашаның қары* деп атайды. Қазақтар күздік сойып алады. Күздікке қой, тай, тайынша сойылады. Қыстан шыға алмайтын малды да күздікке жұмсайды.

ЖЕЛТОҚСАН — оныншы, қыстың бірінші айы. *Жел* және *тоқсан* деген сөздің қосындысынан шыққан. Яғни үш ай желді, боран деген ұғымды білдіреді. Бір тоқсанда үш ай болатыны көпке белгілі. Ежелгі түріктер бұл айды *жел айы* деп атаған (ҚСЭ, 369-бет. 12-том. 1974 ж). Қыс күшіне еніп, боран болады. Халық тілінде *қыс түсті* деп айтылады. Яғни *бұл қиындық түсті, қар түсті* дегендей ұғымдарды сездіреді.

Желтоқсанның 22-сінде күн барынша қысқарады. Мұны *күннің тоқырауы* дейді. Қазақтар желтоқсанда соғым сойып алады.

16 желтоқсан — Тәуелсіздік күні.

ҚАҢТАР — он бірінші ай. Күннің барынша қысқарып барып, одан әрі бара алмай қаңтарылып тұрып қалуына орай *қаңтар* деп аталған. Бұдан кейін күн ұзара бастайды. “Қаңтарда күн қарға адым ұзарады” дейді халық.

1 қаңтар — (жаңаша) Жаңа жыл күні.

АҚПАН — он екінші ай, қыстың және жылдың соңғы айы. Ақпан — қазақтың *ақ ықпа* яғни боран деген сөзінен шыққан дейді халық даналығы. Бұл ай қыстың ең ауыр әрі қаһарлы кезі. Қатты суық, аяз, үскірік, дүлей борандар осы

айда болады. “Боз тоқтыда құйрық қалды, бойжеткенде бұғақ қалды, қырлан, ақпан қырлан!” деп қаңтар ақпанға тапсырып кетеді екен деп қариялар айтып отырады. Халық тілімен айтқанда “ақпанда күн ат адым ұзарады”. Ақпан жылдың ең қысқа айы, ол кейде 28, кейде 29 күнмен бітіп отырады. Қазақтар “күт келді — жүт келді” деп ақпаннан қатты қорқып отырған. Өйткені бұл кезде мал жүдейді, жемшоп азаяды.

Біздің қазақ халқында әр ай туралы өзіндік қызықты таным-түсініктер, ұлттық ұғымдар мен салт-дәстүрлері бар. Олар әр айдың ерекшеліктері мен қадыр-қасиетін тани білген де, өзінше баға беріп, сенім білдірген. Әр ай туғанда оны көргендер “Ай кордім — аман кордім”, Баяғыдай заман кордім. Ескі айда — есірке, жаңа айда — жарылқа!”, — деп бата қылатын болған.

Екі айдың аралығын *олиара* деп атаған. Жаңа айдың туу, толысу, олиара шағын байқап отырып ауа райын да бақылап отырған. Ай шалқалап туса “өзіне жайлы, шаруаға жайсыз” деп, тік туса “шаруаға жайлы, өзіне жайсыз” деп болжам жасап отырған. Өлиара кезінде жауын-шашын болса, келесі айда жауын-шашын көп болады деген.

Халықта ай санау дәстүріне қатысты көптеген әсем сөз тіркестері де бар. Мысалы: ай туды, ай толды, ай отырып қалды, ай кешігіп туды, айдың қараңғысы тағы сол сияқты. Айды жақсылық нышанына ырымдап “Айы туып оңынан”, “Жүзің бар он төртінші айдай көркем” (Ай он төртінші күні толығады ғой) “толған айдай” сұлулық бейнесінде де қолданған. Қыздардың атын Айсұлу, Айтолған, Айтолқын, Айкүміс, Толғанай қою да осындай тілектен шыққан.

Ай санай білген халқымызда оған лайықталған мақал-мәтелдер де көп.

Төрт тоқсан немесе маусым. Түркі халықтары жылды төрт тоқсанға бөледі. Оны қыс тоқсан, жаз тоқсан, шілде тоқсан, күз тоқсан дейді. Қазақтар төрт маусымға бөледі де оны *қыс, көктем, жаз, күз* деп атайды. Мұны жылдың *төрт мезгілі* дейді. Әр тоқсан мен маусымда үш ай немесе тоқсан күн болады. Тоқсан деген сөз осыдан шыққан. Маусым жыл мезгілдерін анықтап көрсетеді. Оны қыстыгүні, жазғытұры, жаздыгүні, күздігүні деп атаған. Данышпан Абайдың жылдың осы төрт мезгіліне арнаған олендері бар.

Жыл санау (немесе жыл қайыру). Халық жыл санау дәстүрін он екі жылдан қайырып отырады да оған жыл басын *тышқан*, соңын *доңыз* деп атайды. Жыл аттарына сәйкес аңыздар да шығарған. Жыл қайыру жылды есептеуге де, сол сияқты адам жасын анықтауға да өте ыңғайлы. Біріншісін 13

жылдан, одан кейінгілерін 12 жылдан қосып есептеп, оны *бір мүшел* деп санап адам жасын да оңай шығарып ала берген. Бұрынғы қариялар жетпістемін, сексендемін демейді алты мүшелге толдым немесе жеті мүшелден астым деп отыратын. Қазақша жыл санау мен жыл қайыру кестесі мынадай:

Тышқан	1924	1936	1948	1960	1972	1984	1996	2008
Сиыр	1925	1937	1949	1961	1973	1985	1997	2009
Барыс	1926	1938	1950	1962	1974	1986	1998	2010
Қоян	1927	1939	1951	1963	1975	1987	1999	2011
Ұлу	1928	1940	1952	1964	1976	1988	2000	2012
Жылан	1929	1941	1953	1965	1977	1989	2001	2013
Жылқы	1930	1942	1954	1966	1978	1990	2002	2014
Қой	1931	1943	1955	1967	1979	1991	2003	2015
Мешін	1932	1944	1956	1968	1980	1992	2004	2016
Тауық	1933	1945	1957	1969	1981	1993	2005	2017
Ит	1934	1946	1958	1970	1982	1994	2006	2018
Доңыз	1935	1947	1959	1971	1983	1995	2007	2019

Жыл басы Наурыз айының 22-нен басталады. Он екі жыл бір айналғанда мүшел толады. Жыл басы *тышқан* жылы болады. 1999 жылдың мартында *қоян* жылы басталса, ол енді 2011 жылдың мартында қайта келеді.

Кестеде қазіргі жыл санау мен ескі жыл қайыру қатар берілген. Сол арқылы әркім ескіше жыл қайыру әдісімен өзінің қазақша қай жылы туғанын неше мүшелге толғанын біле алады. Өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын он екіге болуі керек. Қалдықсыз болінсе, ол *мешін* жылы болғаны, қалдық біреу болса — оның *тауық*, екеу болса *ит*, үшеу болса — *доңыз*, төртеу болса — *тышқан* жылы болғаны. Сойтіп кете береді.

Хижра жылын есептеу. Біздің заманымыздың 622 жылы арабша бірінші жыл болып есептеледі. Бұл жыл яғни 622 жылы шілденің 16 жұлдызында қараған түні Мұхамбет пайғамбар Меккеден Мәдина қаласына кошті. Хижра күнтізбесі осы күннен басталады. Хижра (хижрат) — араб созі, *туған жерінен кошу, елінен ауу* деген мағынаны білдіреді.

Хижра мен Григорий (яғни қазіргі) календарының айырмашылығы былай есептеледі. Мысалы, хижраға 1410 жыл дейік:

1410-ды 33-ке болеміз (1410:33=42,14)

1410-нан 42-ні аламыз (1410-42=1368)

Қалдыққа 622-ні қосамыз (1368+622=1990)

Демек, 1990 жыл шығады.

Ал 1990 жыл хижраның қай жылына сәйкес келеді?

Ол үшін:

1990-нан 622-ні алу керек ($1990-622=1368$)

Қалдықты 32-ге болеміз ($1368:32=42,24$)

Осы цифрды 1368-ге қосамыз ($1368+42=1410$)

Демек 1410 жыл шығады.

МЫСҚАЛДАН БАТПАНҒА ДЕЙІН

Халық өлшемдері — ұлт мәдениеті мен этнографиясының қызықты салаларының бірі болып саналады. “Халық айтса қалып айтпайды” дегендей халық өлшемі анық өлшем десек қателеспейміз. Өйткені оны ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Енді халық өлшемдерінің негізгі түрлеріне жеке-жеке тоқталайық. Мұны халықтың өзі белгілегеніндей салмақ өлшемі, көлем өлшемі мен молшері, ұзындық өлшемі, қашықтық өлшемі, уақыт және мезгіл өлшемдері деп болуге болады.

Салмақ өлшемдерін халық былайша жіктеген. *Мысқал* (1 гр), *қадақ* (750 гр), *келі* (1 кг), *пұт* (16 кг), *батпан* (100 кг). Бұл өлшемдер мен бірге халық *салмағынан жер ойылғандай, түйеге жүк болғандай* деген сияқты бейнелеу, теңеу сияқты айшықты сөз орнектерін қолданып *ауыр, жеңіл* деген сөздерді де пайдаланады.

Көлем өлшемдері бір заттың немесе малдың саны, көлемі мен молшерін, аумағын шамамен белгілейді. Мысалы: *бір шымшым, бір шокім, бір уыс, қос уыс, бір тілім (нан), бір түйір, бір қолтық, бір шүйке, бір күшақ, бір қап, бір шелек, бір қасық, бір тамшы, бір арқа, бір шана, бір арба, бір табақ, бір шоқ (үкі, тал), бір топ (адам), бір қарын, бір сандық, бір қалта* тағы сол сияқты. Мал саны мен көлемін де осылай шамамен ажыратады. Яғни *бір отар, бір қора, бір табын, бір үйір, оншақты, жиырма шақты ...* Заттың көлеміне, аумағына кейде *бармақтай, шынашақтай, жұдырықтай, құмалақтай, етектей, алақандай* деген теңеу сөздер де қолданыла береді. Сұйық заттарға молшер сөзі қолданылып, оны молшерлеп есептейді. Халық қалыңдық өлшемін де ұмытпаған. Мұны олар көбіне жылқы қазысының жұқа, қалыңына қарай айтқан. Айталық *бұлт, пышақ сырты, қылыш сырты* (бұлар 3 — 5

мм шамасы), *шынашақ, елі, бармақ* (бұлар 1 — 2,5 см), *екі елі...*, *сере, табан* (7 — 10 см) т.с.с. Басқа заттардың қалыңдығы да көбінесе елімен яғни саусақ қырымен өлшенеді. Оны *елі* дейді.

Ұзындық және қашықтық олшемі мүлде екі ұғымды, екі түрлі олшемді білдіреді. Ұзындық олшемдерді бір заттың (таяқтың, арқанның) ұзындығын анықтайды және ол (1; 5 см), *екі елі, үш елі...*, *тұтам, сынық сүйем* (14 — 15 см), *сүйем* (17 — 18 см), *қарыс, кере қарыс* (20 — 22 см), *кез* (50 см), *аршын* (75 см), *құлаш* (1,80 — 2 м), т.б. *Балтасап, кебіс басындай* деген балық олшемдері де бар. Сол сияқты *ұзын, қысқа* деп шамамен есептей береді.

Қашықтық олшемдері жердің қашықтығын (ауылдың ара қашықтығына) қолданылатын олшем екені белгілі. Бұл олшем түрлері былайша аталады: *адым* (қадам) (1 м), *таяқ тастам* (10 — 15 м), *әй дейтін жер* (100 м), *дауыс жететін жер* (250 — 300 м), *шақырым* (1 км), *иек астында, бір төбе астында* (4 — 5 км), *қозы қош жер* (5 — 6 км), *коз ұшында* (6 — 7 км), *тай шаптырым* (4 — 5 км), *күннан шаптырым* (8 — 10 км), *ат шаптырым* (25 — 30 км), *бір күндік жер, айшылық жол...* т.б. Бұл межелер ауыл ішінде бұл күндері де жиі айтылады.

Ел ішінде тереңдік, биіктік олшемдері де бар. Бұған *терең, тайыз, биік, аласа* деген сөздер қолданылады. Бір айта кетерлік жай жоғарыдағы аталған олшемдер бірі-бірінің орнына жүрмейді.

Ауа райын бақылау, *ыстық, суықты* және оның өзіне тән олшемін белгілеуде де халықтың өзіндік тәжірибелері мен қағидалары аз емес. *Қанжылым, жылы, ыстық, суық, салқын, мұздай* тағы да осылайша анықтап бір заттың, судың, астың немесе ауа райын белгілейді. Ауа райын *жылы, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей, ми қайнататын ыстық...* деп жаз айындағы күн райын айтса, қыста: *шуақ, май тоңғысыз, шыбынсыз жаз, суық, салқын, аяз, үскірік, бет қаратпас аяз, тіфу десе түскірік жерге түспейтін аяз* деген теңеулер арқылы күннің қаншалықты суық екенін анықтап, соған сәйкес әрекет ете бастайды.

XX ғасырдың басына дейін ел ішінде ХҮІІІ ғасырдағы Әз-Тәуке хан басшылығымен жасалған әйгілі “Жеті жарғы” заң негізі құқықтық негізде шығын және күн молшерін де белгіледі. Дау — жанжал немесе ұрыс кезінде адам өлімі мен дене жарақатына сай айып, күн олшемін бекітті. Мысалы: ер адам күны 100 жылқы. Біреудің белін сындырған толық адам

құнын толейді. Бір козін шығарса адамның жарты құнын толейді. Ұрыс-тобелесте бас бармақ сынса 100, шынашақ сынса 20 кой толейді. Дене зақымынан бала олі туса: 5 айлық бала үшін — 5 ат, 5 айдан 9 айға дейінгі бала үшін әр айға бір түйе. Аталған заң негізінде 100 түйе 300 атқа немесе 1000 койға теңестірілген (Ақиқат, N 6. 1993, 43 бет). Бұл молшелердің әлеуметтік, мемлекеттік маңызы да өте зор болды.

Саудада әр заттың, малдың құнын, белгілеуде де орайлы әдістер мен жолдар таба білген. Ақшалай саудада тиын мен теңгені, алтын, күміс жамбы (койтүяк, тайтүяк) сияқты құнды металдарды қолданған. Ал, айырбас саудадада әркімнің келісіміне сәйкес шамамен түйені — құлынды биеге, биені — бұзаулы сиырға, сиырды — тай, құнанға, тайды — 3—4 койға айырбастаған. Сойтіп мал, бұйым саудасында да әр затқа лайық кесімді олшемдері болған.

Халық олшемдерінің қырлары өте көп.

ХАЛЫҚ АУА-РАЙЫН ҚАЛАЙ БОЛЖАҒАН?

Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс, тіршілігіне арқау етіп қолдана да білген. Солардың бірі халықтың ауа райын болжау тәсілдері еді. Жазы-қысы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз оздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, қоз аштырмас боранда жердің шобіне қарап ел тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып ауа-райын күні бұрып болжап, ерте қам жасап отырған. Енді қазақтардың ауа-райын болжаудағы қалыптасқан қағидалары мен тәсілдеріне тоқталайық. Бұлар халық даналығын жадына ұстаған қариялар мен жұлдызшы — есепшілер аузынан жазылып алынған..

Мысық босағаны немесе ағаш тіреуді тырналап мазаланса, ауа-райы қатты бұзылады, жел тұрады немесе боран болады. Мұндайда үй иелері “боран шақырып тұр” деп мысықты зәбірлеп, ұрсып жатады. Бұл дұрыс емес, ол боран шақырып тұрған жоқ, күн райының бұзылатынын *хабарлап* тұрғаны.

Мысық керіліп ұйқыға берілсе → онда ұзақ уақыт бойы ауа райы қолайлы болады.

Тауық биікте қонақтаса жаңбыр болады. Қыста тауық ерте

конактаса күн суытады..

Тауық жерге аунап, қанатын қағып тазилана бастаса жаңбыр жауады.

Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ жаңбыр болады яғни жаңбыр ұзаққа созылады.

Әтеш қыстыгүні бір аяғын котеріп тұрса — аяз болады. Жаңбырлы күндері әтеш таң ата шақырса күн ашылады деген соз.

Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса — аяз болады. Аязды күні қанатын желпінсе — аяз сынады.

Қыста қаздар қаңқылдаса жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса күн суытады немесе боран болады.

Қаз бен үйректер суға шомылып, қиқулап, қанаттарын комдап мазасыздана бастаса ауа-райы бұзылады.

Қызылқаз (қоқиқаз) былтырғы ұясын жондемей жұмыртқаласа, жаз құрғақшылық болады. Егер ескі ұяны жондеп, биіктететін болса жаз жаңбырлы болады.

Кұстар ертемен жем іздеуге асықса, күн жауынды-шашынды болады.

Далада кокектің “ку-ку” деген даусын жиі естісеңіз алдағы күндер ашық болады.

Шағалалар озен, теңіз бетінде ұшып жүрсе күн ашық болады, егер жиекте жүрсе күннің бұзылатындығының белгісі.

Бозторғай ән салса, күн ашық. Өзі көрінсе де үнсіз жүрсе жауын жауады.

Қарлығаштар аспанда самғап, биіктеп ұшса, күн ашық, төмендеп ұшса жаңбыр жауып, жел болады.

Қатты жел, дауыл алдында құмырсқалар әбігерленіп мазасыздана бастайды.

Құмырсқалар илеуін құрғақ жерге салса — жауын, дымқыл жерлерге салса — жаз құрғақшылықтың белгісі.

Егер құмырсқалар илеуінің аузын бекітіп алса — ұзақ жаңбыр болады.

Құмырсқалар илеуін биіктеу жерге салса, су тасқыны болады немесе қатты жауын жауып су деңгейі котеріледі.

Қара қоңыз тығылатын жер іздей бастаса, коп ұзамай жаңбыр жауады.

Бал аралары топтанып шырын жинауға аттанса — күн ашық, егер ұясынан ұзамаса ауа райында озгеріс болады.

Егер ара жұмысын ерте бастап, кеш аяқтаса жауын-шашын

ұзаққа созылады. Ал ұяларынан шықпай, ызындап отырып алса коп ұзамай жаңбыр жауады.

Аралар омартадағы оздері кіріп-шығатын тесігін жартылай жапса — қыс суық болады, ашық қалдырса қыс жылы болады.

Жауын құрты жер бетіне шықса — жаңбыр жауады.

Балықтар су бетіне шығып, шапшып ойнай бастаса — жауынның белгісі.

Қыс қатты болатын болса тиін ұясын томен жерге, жылы болса жоғары жасайды.

Ашық күндері тиін ұясынан шықпай қойса күн райы бұзылады.

Киік топ-топ болып басқа жаққа бет алса, онда ауа райы қатты бұзылып, суық болады деген соз.

Сиыр танауын тартып, мүйізін шайқаса, дауыл немесе боран болады.

Жауын немесе боран жұма күні басталса, ол келесі жұмаға дейін созылады.

Ай шалқасынан туса шаруашылыққа ауа райы қолайсыз болады.

Қыста күн құлақтанса қатты аяз болады.

Жазда күн кенет ысып кетсе ұзамай жауын жауады. Өлара (олі ара) жауын-шашынды болса, жаңа ай шаруаға жайсыз болады.

Күн бүлтқа батса келесі күні жауын-шашынды болады, ашыққа батса күн ашық болады.

Қараторғайлар топтанып ұшып аспанда нешетүрлі қимылдар жасаса — күз ұзаққа созылады.

Жылан мезгілінде ұйықтамаса — күз ұзақ әрі жылы болады.

Ордалы жылан, құрт-құмырсқа топ-тобымен басқа жаққа коше бастаса коп ұзамай жер сілкінеді, болмаса басқа бір табиғаттың тосын апаты болады.

Ит ұлыса — жаманшылық немесе табиғат апатының белгісі.

Аяқ-қолы сынған адамдардың сүйегі сырқыраса ауа райы озгереді.

Жазда құйын коп болса, қыс аязды болады.

Егер қараша айында күн күркіресе, қыс қысқа болады.

Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

Коктемде күн коп күркіресе, егін, шоп мол болып шығады.

Егер қой тұяғымен тосін қаситын болса, қыс боранды болады.

Қой тісін қайраса боран немесе дауыл болады.

Батар күн қызыл шапаққа малынса, келер күн жазда ыстық, қыста жұмсақ болады.

Қыста күн құлақтанып шықса суық болады, құлақтанып батса, суық сынады.

Егер бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады, егер шетінен ыдыраса күн жылынады деген сөз.

Оңтүстіктен ұзақ соққан жел өзгеріп шығыстан соқса, ауа райы жақсарады да, батыстан соқса, ауа райы қатты бұзылады.

Жаз айында аңыздық ыстық болса, ол қыста қатты аяз болатындығының анық белгісі.

Қызара батқан күн — желдің, ашық сары болып батқан күн — жаңбырдың белгісі.

Күн шыжып, тымырсық болса, артынша найзағайды күте бер.

Ай қызыл түспен қораланып, әлгі шеңбер кеңейіп барып жоғалса, келесі күні ашық болады. Осындай екі шеңбер, немесе күңгірт бір шеңбер қатты суыққа көрінді.

Егер ай бұлыңғыр болса — жаңбырға қарсы, ал ашық түсті ай — ауа райының ашық болатындығын білдіреді.

Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса күз әрі ұзақ, әрі жайлы болмақ.

Емен ұрығы көп жылы — қыс қысалы.

Желсіз күні түтін жерге қарай шалқыса, бұдан соң қыс күні — қар, жаз күні — жаңбыр күт.

Бұлтты болса да (тек жел жоқта) түтін көкке шаншыла шықса, ауа райы жақсы болмақ.

Суық күні терезе әйнегі мен жақтауы терлесе — күн жылынады, жазда терлесе — ауа райы бұзылады.

Балапан баспана іздесе, не енесінің бауырына тығылса ауа райы дымқылданады.

Суық күндері қораз ерте шақырса жанға жайлы жылы күн болады дей бер.

Мысық пешке тығылса — аяздың алды сол болар.

Ит аунаса — жаңбыр жақын деген сөз.

Жаңбыр алдынан балық қармақ қабар, қармаққа балық түспесе — желден хабар.

Қой сүзиссе жел болар.

Өгіз құйрығын шошайтып жоғары көтерсе — қатты жел, шошқа қасынса — жылы, шыңғырса — жауын шашынды болады. Егер шошқа сабан тасыса — дауыл болмақ.

Жылқы ішін тартса — күн бұзылады, пыскырса — жаңбыр жауады.

Көктемнің басында қарға суға шомылса — күн жылынады.

Торғай шаңға аунаса — жаңбыр жауады.

Тұман жер бауырлап құласа — ашық күннің хабары.

Бұлт жер бауырласа — күн суытады.
Ірі-ірі жаңбыр тамшысы жауын-шашынды дымқыл күннің
үзақ тұратындығын білдіреді.

МАҚАЛ-МӘТЕЛ

Қыстағы қар жер ырысы.
Қыстағы суық — жаздағы ыстық.
Нөсер алдында найзағай ойнайды.
Үркерлі айдың бәрі қыс.
Жаздың бір күні қыстың мың күніне татыр.
Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.
Сәуір болса, күн күркірер,
Күн күркіресе кок дүркірер.
Қыстың қамын жаз ойла,
Жаздың қамын қыс ойла.
Жаз сайға қонба,
Қыс қырға қонба.
Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар.
Кошерін жел, қонарын сай біледі.
Қылышын сүйретіп қыс келер.
Ықтырмаң болмаса желге окпелеме.

“ОН ЕКІ ТҮЙЕ, ОН ЖЫЛҚЫ...”

Қазақ ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік табиғатын, қадыр-қасиетін әбден білген. Тіпті малдың айрықша қасиетін, ерекшелігін танитын Толыбай сияқты сыншылар да шыққан. Сойтіп халқымыз өздерінің тіршілік, шаруашылық өмірін осы мал өсірумен байланыстыра жасаған. Оның онімдерін тіршілік құралы етіп оңтайлы пайдалануды шебер игерген. Малдың еті, сүті, жүні, түбіті, қылы, шудасы, терісі, тіпті мүйізіне, сүйегіне дейін өз қажетіне жаратып, ұқсатып отырған. Мінсе — қолігі, ішсе — сусыны, жесе — тамағы, кесе — киімі, тұтынса — бұйымы да, байлық, мақтан, салтанаты да осы мал болған.

Мал өсіруге аса қолайлы Қазақстан жерін малсыз елестету мүмкін емес. Мал біздің еліміз үшін бұдан былай да аса маңызды шаруашылық болып қала бермек. Олай болса, кейінгі жастарымыз қасиетті төрт түлікке қатысты ұлтымыздың ұғымдары мен бай тәжірибесін ұмытпауға тиіс. Рас, олардың бәрі бірдей малды бағар, бақпас, бірақ аталарымыз қадір тұтқан мұраларымыздың ерекшеліктерін жадында сақтағаны жөн.

Міне, осы жайларды жас ұрпаққа оқытып, үйрету олардың ой-өрісінің өсуіне де, малға деген ынта-ықыласына да жақсы әсер ететіні сөзсіз. Төрт түлікке қатысты этнографиялық қызықты атаулар өте көп. Мысалы түйе, оның өсу жолымен аталуы *бота, тайлак, буыршын, буырлыш, науша, бұзбаша, інген, атан, бұра...* деп аталады.

Түйені қасиетіне қарай: біртуған, бекпатша, мая, желмая, құлпатша, нар, аруана, жампоз, қоспақ, балқоспақ, мырзақоспақ, үлек деп бөледі. “Айырдан туған жампоз бар. Нарға жүгін салғысыз” (Шалкиіз жырау). “Қомын кессең былқ етпес, Бекпатша қызыл нар еді” (Н.Ахметбеков). Түйенің азғын түрлерін *корт, койін* дейді. “Түйе жаманы — корт, шоп жаманы — керт” (Мақал).

Қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал — жылқы, ол: *құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, донен, құлық, бесті, бие, ат, сәуірік, айғыр* деп жасына, түріне қарай ажыратады. “Ат, айғырлар, биелер, Бүйірі шығып ыңқылдап”. (Абай). Бұрынғы ел қорғаған ерлер жылқы ішіндегі таңдаулыларын *жорға, сужорға, жүйірік, тұлпар, қазанат, сәйгүлік, наз бедеу, дүлділ, арғымақ...* деп сипаттап ерекше дәріптеп бағалаған. (“Коз салдым жүйірігі мен жорғасына”) (Н.Ахметбеков) Айт, ас, тойларда аттың бас бәйгесіне мол дүние, жиһаз тігілетін болған. “Тігіпті бас бәйгеге елу бие, олі отау, бір бас тоғыз, тоғыз түйе, Жабулы қара нарға қалы кілем, Аты озған олжаға болады ие”. (Н.Ахметбеков). Жалпы халық жылқыны жоғары бағалап және оны көп өсірген. Тіпті оның жүрісіне дейін жіктеп: аян, жорға, жортақ, бұлкск, бокен желіс, сар желіс, текірек, шоқыту, шабыс деп түрге бөлген. Басқа малға қарағанда жылқы түсі де көп: торы, күрең, жирен, шабдар, ақбоз, боз, кок, қызыл, қара, шұбар, теңбіл, теңбіл кок, баран, бурыл, қылаң, ала, сүр, кер, құла, құлагер, қарагер. Жылқының жаманын *мәстек, тұлак* дейді.

Жылқы — қазақтың кәделі, бағалы, орны бөлек қымбат қазынасы. Сый-сияпат, кәделі жерлерде халық ер-азаматтарға ат мінгізіп, шапан жапқан. Демек ол құрмет белгісі ретінде ұсынылатын үлкен сый орнына жүреді.

Сиыр жасына карай былай аталады: *бұзау, баспақ, торпақ, тана, тайынша, кашар, құнажын, донежін, сиыр, оғіз, бұқа*. (“Пұл жібердім қалаға, Бұзау баспақ, танаға” “Қобыланды батыр”).

Қой: *қозы, марка, тоқты, бағылан, тұсак, азбан, ісек, ақауыз қой, қошқар, саулық...*

Ешкі былай жіктеледі: *лак, туша, борте, шыбыш, серке*.

Малдың қадірін біліп, қасиетті бағалаған бабаларымыз адам есіміне де мал атауларын қосуды әдетке айналдырған. Мысалы, Ботақоз, Нартай, Атанбай, Бурабай, Жылқыайдар, Түйебай, Қошқар, Қозы, Серке, Қойшыбай, Құнанбай. Қазақ халқы балаларын *ботам, құлыным, қошақаным* деп еркелетіп, әлпештеуінде де терсең мән бар. Тіпті, ертедегі халықтық жыр, әңгіме, ертегілерінде де мал қасиетті түлік есебінде батыр, ер, сұлулармен қоса дәріптеліп айтылып жүреді. Мұның бәрі халықтың малсақтық, малжанды ерекшеліктері мен ұғымынан туған.

Мал сүтінен жасалатын тағам түрлері өте көп. Түйе сүті — шұбат, жылқының қымызы денсаулыққа аса пайдалы шипалы сусын. Сиыр мен қой сүтінен айран, қатық, қаймақ, май, сүзбе, ірімшік, құрт, ежігей тағы басқа көптеген ұлттық тағамдар жасалады.

Халық ұғымында әр малдың иесі, пірі бар деп түсіндіріледі. Мысалы: түйенің пірі — Ойсылқара, жылқының пірі — Қамбар ата, сиырдың пірі — Зеңгі баба, қойдың пірі — Шопан ата, ешкінің пірі — Шекшек ата. Әр малдың өзіне түсінікті “тілдері” де бар. Түйені “қос-қос”, жылқыны “құрау-құрау”, сиырды “әукім-әукім”, қойды “пұшайт-пұшайт”, ешкіні “шөре-шөре” деп шақырады.

Өріске шығарғанда: түйені “арай-арай” деп, жылқыны “құрай-құрай” деп, сиырды “шуу-шуу”, “оқ” деп, қойды “шәй-шәй” деп, ешкіні “шек-шек” деп қайырады, жылқыны “құр-құр” деп, тоқтатады, түйені “шөк-шөк” деп шөгереді, “шуу” деп тұрғызады, өргізеді, айдайды.

Сондай-ақ әр малдың үні де бар. Түйе боздайды, жылқы кісінейді, сиыр моңірейді, қой, ешкі маңырайды...

Малдың негізгі ауруларының аттары мынадай: түйеде — ақшелек, қатпа; жылқыда — жамандату, шеміршек, маңқа; сиырда — аусыл, қарасан; қой, ешкіде — топалан, кебенек т.б.

Қазақ малды топтап бағады. Жылқы тобын — үйір, түйе, сиыр тобын — табын; қой — ешкі тобын отар деп атайды.

Жегін қоліктерді жеккенде, байлағанда да оның жеке

атаулары бар. Түйеде — мұрындық, бұйда; жылқыда — ноқта; сиырда — басжіп; қойда, ешкіде — коген. Түйені тіздейді, жылқыны — матайды. Әр мезгілде малдың жүнін, қылын, түбітін алудың да атау түрлері көп. Мысалы: түйені жүндейді, жылқыны күзейді, қойды қырқады, ешкіні қырқады, түбітін тарайды.

Мал балаларын тол деп атайды. Түйе толін 12 ай, жылқы 10 ай, сиыр 9 ай, қой, ешкі 5 ай котереді. Түйе екі жылда бір рет боталайды. (“Он екі түйе, он жылқы, тоғыз сиыр, бес ешкі, бір жарым қоян”. Шешуі: малдың толін котеру мерзімі). Алғаш толдейтін малды *тұмса* дейді.

Ірі мал туар кезде (түйе, жылқы, сиыр) толін қызғанып басқа жерге қашып барып толдейді. Мұны *бошалау* деп атайды. Сөйтіп: түйе — боталайды, жылқы — құлындайды, сиыр — бұзаулайды, қой қоздайды, ешкі лақтайды.

Ірі мал біреуден, қой-ешкі екі-үшеуден толдей береді.

Біреу болса жалқы, екеу болса егіз, үшеу болса үшем, тортеу болса төртем... дейді. Егер үшеуден көп туса мал иесі оның біреуін бауыздап көміп тастайды. Бұл мал өсіп кетсе, көз тимесін деген ырым.. Кейде енесі олген толді басқа енеге немесе төлі олген малды басқа толге телиді. Екі енені емген төлді *тел құлын, тел қозы, тел бұзау* дейді. Толдемеген малды *қысыр*, ал мүлде төлдемейтіндерін *бедеу* деп атайды. Төлсіз сауылатын малды *саулы* дейді.

Түйеде, сиырда төрт; жылқыда, қой-ешкіде екі емшек болады. Малдың қадір- қасиетін бағалай келіп тәжірибелі, малсақ халқымыз түйе — салтанат, жылқы — мақтан, сиыр — қанағат, қой — қазына деген екен. Бұл төрт түлікке берген әділ баға.

Түйе, жылқы, өгіз көлік ретінде пайдаланылады, шанаға, арбаға, малға жегеді, салт мінеді. Жауынгершілікте ат, айғыр мінетін болған.

Төрт түлікке оның тіршілік, өмірдегі орнына байланысты айтылатын сөздер де өте көп. Мысалы тол ауызданады, отығады, жылқы жусайды, басқа мал күйіс қайырады (күйсейді). Жылқы, қой, түйе семіреді, қой шайлайды. Жазда түйенің жауы маса, сона; жылқының жауы бөгелек; сиырдікі оқыра. Осыдан жылқы бөгелектейді, сиыр оқыралайды, қой-ешкі шыбындайды. Түйені түрегеп, биені тізерлеп, сиырды оң жағынан отырып, қой-ешкіні арт жағынан сауады. Сауып жатқан кезде жүріп кеткен биені *исініп кетті* дейді. Оны жүріп кетпес үшін артқы екі аяғын жіппен мойнына керіп байлап қояды. Мұны *күделеу* дейді.

Мал тыныстағанда түйе шөгеді, басқа мал жатады. Халық тәжірибесі бойынша малдың өрісін, тынысын, жусауын бұзуға болмайды. О н д а й а д а м д а р қ а т т ы айыпталады, сөз естиді яғни заңды, тәртіпті бұзған деп есептеледі.

Қазақ ырымы бойынша өздері белгілеген малдың басын ешкімге бермейді. Мал төлдеп жатқан кезде мал бермейді, түнде мал санамайды, малды басқа теппейді, басқа үрмейді. Әр рудың, үйдің малдың құлағына, мүйізіне салатын өзіндік ен-таңбалары болады. Бұл таным белгісі. Біреуге мал атаса оған ен салдыртады. Бұл сенім белгісі.

Малды ауыл жаз жайлауға, күз күзекке, қыс қыстауға көшеді және ол мал өсіру ыңғайына қарай бейімделіп жасалады. Қыста мұзды ойып мал суарады, оны *ойық* дейді. Жазда мал су ішетін жерді *суат* деп атайды. Үйренген мал өз жайлауын, суатын іздейді. Ірі мал басқа жаққа сатылғанда немесе жіберілгенде одан қашып шығып жүздеген, мыңдаған шақырым жерден өзі туып-өскен жерін іздеп табады. Мал өз иесін, қорасын, төлін таниды.

Үй, дала жан-жануарларының көктемдегі күйлеу, ұрықтануының да өзіндік атаулары бар. Мысалы: інген қайиды, бие айғырдан шығады, сиыр, қой, ешкі қашады, арқар, киік маталады, қасқыр, ит ұйығады, жолбарыс, мысық мауығады, арыстан, аю айқасады, құстар шығылысады, тағы сол сияқты.

Мал шаруашылығының қыр-сырын жете меңгерген еңбекшіл де епті халқымыз мал өнімдерін де тұрмыстық салаға қолдана білді. Оның сүйегін де, мүйізін де, жүнін де, терісін де үлгіртіп қолдана білді. Жылқы сүйегін өндеп қобди сандықтар бетін өрнектеді. Күзеп алған жал, құйрығынан мықты арқан есті. Сиыр мүйізінен тарақ жасады. Қой жүнінен киіз, текемет басып, кілем, сырт киім тоқыды, түйе жүнінен тоқылған шекпен кәделі, қымбат киім деп бағаланды. Шудасының емдік қасиетін де тапты.

Ешкінің қылы, түбітінен де бағалы бұйым тоқылды. Сәнді бөкебай, күртеше, қолғап, шұлық ешкі түбітінен тоқылды. Бұл әрі бағалы, әрі сәнді, әрі жылы киім.

Мал терісін шаруашылықтың әр саласына қолдана білетін де осы қазақ халқы. Жылқы терісінен аса бағалы *жақы* деп аталатын тон тігіп, оны *құлын жақы*, *тайжақы*, *құнан жақы* деп атады. Аса құрметті адамдарға жақы кигізді. Сиыр терісінен илеп сәнді ер-тоқым, барлық ат әбзелдерін оюлап, өрнектеп, өріп жасады. Қамшы өріп, кісе белбеу жасап, сәнді етік, кебіс тікті. Қой терісінен тонша, тон тігіп, “тоғыз қабат

торқадан тоқтышағымның терісі артық” деп мақтанды. Одан жарғақ шалбар тікті. Ең соңы теріні тулақ етіп төсеніш етті, диірменге де пайдаланып, оны диірмен тері деп атайтын.

Міне қасиетті төрт түлікке орай білім, тәрбие, тіл, өнеге, үлгілердің өзі бір төбе екен. Демек мал мәдениеті мен этнографиясы біздің білім, таным саласында да қызмет етеді.

ЖАН-ЖАНУАРЛАР ТӨЛІНІҢ АТАУЛАРЫ

түйе — бота	қоян — кожек
жылқы — құлын	аяу — қонжық
сиыр, қодас — бұзау	доңыз — торай
қой — қозы	қасқыр — бөлтірік
қойөгіз — қодық	ит — күшік
таутеке, ешкі — лак	түлкі — жаутаң, мыршай
құдыр — лак	мысық — соқыр
есек — қодық	аққу — когілдір
құлан — қодық	қаз, үйрек — балапан
арқар — қозықа	тауық — шіби, шоже
киік — құралай	бұлан — бұзау
құндыз — құнай	марал — лак
бұғы — бұғышақ	жолбарыс — шөнжік

ЖАН-ЖАНУАРЛАР, ЖӘНДІКТЕР ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ

Түйе боздайды.
Бура күркілдейді, бүркылдайды.
Жылқы, құлан кісінейді.
Айғыр арқырайды.
Сиыр, қодас, бұғы моңірейді.
Бұқа күжілдейді, өкіреді.
Қой, ешкі, киік, арқар маңырайды.
Қошқар мекіренеді.
Теке бақылдайды.
Есек ақырады.
Ит үреді, арсылдайды, ырылдайды,
қыңсылайды, ұлиды.
Күшік шәуілдейді, қыңсылайды.

Доңыз қорсылдайды.
Арыстан ақырады.
Жолбарыс, піл күркіреді.
Аю өкіреді, ақырады.
Маймыл, қоян шыңғырады.
Қасқыр ұлиды.
Қорқау қорқылдайды.
Түлкі шәуілдейді.
Қарсақ шәңкілдейді.
Борсық, кірпі мырсыңдайды.
Мысық мияулайды, пырылдайды.
Тышқан, аламан шиқылдайды.
Жарқанат қиқылдайды.
Күзен, зорман, шақылдақ шақылдайды.
Суыр, саршұнақ сақылдайды.
Бүркіт шаңқылдайды.
Сұңқар саңқылдайды.
Аққу сұңқылдайды.
Қаз қаңқылдайды.
Үйрек барылдайды.
Сүксүр, шүрегей пыр-пырлайды.
Құр, кептер құрылдайды.
Байғыз, үкі бақырады.
Сыбызғышы сыңсиды.
Безгелдек безілдейді.
Жапалақ барқылдайды.
Шағала шаңқылдайды.
Өгіз шағала өкіреді.
Кокқұтан қиқулайды.
Тырна тыраулайды.
Қарға қарқылдайды.
Бөдене пырылдайды.
Торғай шырылдайды.
Қарлығаш шықылдайды.
Бұлбұл, мыңсайрам сайрайды.
Тоты сөйлейді.
Әупілдек әупілдейді.
Шіңкілдек шіңкілдейді.
Құрқылтай құрқылдайды.
Жылқышы шырқырайды.
Күркетауық күркілдейді.
Бозтырқылдақ тырқылдайды.
Тақтақ тақылдайды.

Батпылдақ батпылдайды.
Кокек кокектейді.
Сауысқан шықылықтайды.
Тауық қыт-қыттайды.
Әтеш шақырады.
Шақшақай шақылдайды.
Тауқұдырет айғайлайды.
Тауыс қырқылдайды.
Ара дызындайды.
Сона дызылдайды.
Инелік тызылдайды.
Маса ызындайды.
Шыбын ызылдайды.
Қоңыз быжылдайды.
Шегіртке шырылдайды, ысқырады.
Бақа бақылдайды.
Құрбақа құрылдайды, шұрылдайды.
Жылан ысылдайды.

III. БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

ҰЛ-ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп отпе.

Жүріп келе жатқан адам отырған адамға, атты адам жаяуға, аз адам көпке сәлем беруге тиіс.

Үлкендер мен ғалым адамдар алдында көп сойлемеуге тырыс. Мешітке, үйге “ассалаумағаләйкүм” деп кіру керек, кешке “кеш жарық!” деп кіру керек.

Үлкен кісілерді, ананы, әйелді көлікке қолтықтап демеп мінгізу, не түсіру керек. Әйел алдында әдепті бол, сыпайы сойле.

Үйге кісі келсе орнынан тұрып жайдары қарсы ал, киімін іл, торге шығар. Көшеде, жолда жатқан шыны, темір болса алып таста.

Үлкендерден бұрын тамаққа қолыңды салма. Адамға күш қолданба.

Сәбилерге отірік айтпа, алдама, қорқытпа. Оларды жаман әдетке үйретпе.

Тамақ жеп отырып сойлеме.

Тамақты оз алдыңнан алып же, кісі алдындағыға қол созба.

Егін ішінде дәретке отырма.

Сұйық тамақты сораптамай іш.

Дастарқан үстінде әдемі отыр, әдепті сөйле.

Дініңе сеніммен, құрметпен қара.

(Халқыңның тарихын, дәстүрін, салтын, өдет-ғұрпын жадына тоқы және оны кейінгілерге үйрет.)

(Қанша ұлы адам болсаң да халық алдында кіші, әдепті бол.

Білімінді көпке, пайдалы жерге жұмса.

Жаман дағдыдан аулақ бол.

Жаман адамдардан қашық жүр.

Көршілеріңмен жылы сәлемдес.

Достыққа берік, адал бол.

Біреуді жамандама, өзіңді жамандаған адаммен дауласпа, жауласпа. !

Қуанышта, қиындықта, қайғыда, ашуда ұстамды бол.

Шаруашылықтың басы-қасында жүрген адамдарға жолыққанда: бақташыға “бағар көбейсін”, мал айдап бара жатқандарға: “айдар көбейсін”, егіншіге “бір дәннің мың дән болсын”, түрлі жұмыс үстіндегілерге “іске сәт”, жаңа қоныстанушыларға “қоныс құтты болсын” деу керек.

Жолаушыларға, жүргіншіге, сапарға шыққандарға “сапар сәтті болсын” деу керек (“қайда барасыз” деуге болмайды).

Үй сыртында тұрып немесе теріс қарап тұрып сөйлеуге болмайды. Аты белгілі адамдарға құрмет көрсет.

Шалбарды отырып кию керек.

(Әйелдер, қыздар орындықта аяғын айқастырып отыруға болмайды. \

(Алыс сапарға, игілікті іске, емделуге аттанар алдында қариялардың батасын ал. !

Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек.

Кемтар адам алдында дене кемістігі туралы әңгімелеме.

Моншада да ұятынды жаба біл.

Пейілінді кеңге сал.

Кешірімді, мейірімді, сыпайы бол.

Өркөкірек адамнан қаш, өзің де кеуденді көтерме.

Байлыққа мақтану ақылдының ісі емес.

Өтірік, өсек айтпа және оны айтушыларды тыңдама.

Кемтарларға, жетімге қамқорлық жаса, жәрдем бер, садақ бер.

Айтпа, Наурызда, мереке күндерінде “құтты болсын” айтуды ұмытпа.

Танитын адамдарға қуанышына ортақтасуды немесе

қайғысына қоңіл айтуды ұмытпа.

Тәңірге, әруаққа, халыққа тіл тигізбе.

(Ата-анаңа әдеппен сойле, құрметпен қара, айтқанын сөзсіз орында және оларды әулие түт.)

Біреудің киімін (жақсы болса да) киюге әуестенбе.

Өнердің қай түрі болса да үйренуден жалықпа.

Туыс-туғандарыңды, нағашы-жиендеріңді тағы басқа ілік, құда, жеуқаттармен жиі қатынасып, араласып-құраласып жүр. Оларды озиңе жақын түт.

Туған жеріңді ұмытпа. Ол жерге жиі барып түр. Бір уыс топырағын үйіңде қастерлеп сақта.

Ата-баба қорымдарына соғып оларға дұға оқуды ұмытпа.

Біл, білме жолдағы қорымдарға дұға оқып, бет сипауды есіңнен шығара қорме.

(Көп адам жиналған жерге сәлемдеспей отпе.

Ауру адамның қоңілін сұрауды ұмытпа. Бірақ кешке, түнде қоңілін сұрауға болмайды. Ауру адамға қайғылы хабарды айтпа.

Лауазымы үлкенге жалпаңдама, лауазымы кішіге кекирейме.

Әр істе де әділ бол. Әділ болсаң әлді боласың.

Абай олеңдерін жатта. Абай олеңі — білім, ғылым, үлгі, онеге, тәлім, тәрбие, адамдық кілті.

Өзіңді кім сыйласа, оны сен де сыйла, құрмет көрсет.

Қаруың — білімің мен тілің, сүйенішің, тірегің - ақылың болсын.

Ерлі-зайыптылар бір-біріне жала жабуға және оте ауыр сөз айтуына болмайды.

Балаларыңның алдында ата-аналар өзін әділ, әдепті ұстауға тиіс.

Ұрлық, күш жұмсау, біреудің мүлкін, үйін өртеу, зорлық оте ауыр күнә.

Күнә мен кінә бірдей емес.

Тақыт пен бақыт бірдей емес.

Қызығу мен қызғану бірдей емес.

Мақтану мен мақтау бірдей емес.

Сыйластық пен сыбайластық бірдей емес.

Оқу мен тоқу бірдей емес.

Атақты адам болғың келсе, сондай адамдар туралы оқы да тоқы.

Құрметті адам болғың келсе — коптiң сөзін сөйле, халық жағында бол.

Бақытты болғың келсе ізгі істерге бойынды үйрет, жаман

әдеттен қаш.

Әр құралды өз орнына пайдаланатын бол. Мысалы күрекпен шеге қақпайды.

Пайдакүнемдік, айлакерлік, қулық жақсылыққа бастамайды. Азғындаушының азығы — арақ. Одан өзің де, өзгені де сақтандыр.

Өнер адамдарын үлгі түт. Өнерге сүйіспеншілікпен қара. Ата-анаңа, ұстазыңа, жетекшіңе ажырайып қарама, қатты сөйлеме.

Жұрт алдында әдепсіз сөз сөйлеме, ерсі қимыл жасама.

Жұдырық жұмсау жігітке абырой емес.

Басқа қызға, басқа біреудің келіншегіне көп қарама.

Қыздар-ау, көп сықылықтамаңдар.

Жұрт жұмылып жатқан істен шет қалма.

Көмек сұрағандарға, апатқа ұшырағандарға қол ұшыңды бер.

Отан, халық алдындағы борыштарыңнан бас тартушы болма.

Өзіңе өзің сын көзіңмен қарап жүр.

Құран, намаз оқылып жатқанда сойлеме, қозғалма, тұрып кетпе.

Жаназа оқылып жатқан жерден айналып кетпе. Адамды жерлеуге бара жатқандардан озба, жолын кеспе.

Көп алдында ұятқа қалмауды, ағайынға жеккөрінішіті болмауды әрқашан ойлап жүр.

Көпке қарсы болма. “Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас” деген мәтел бар.

Төсеккөрпенің түйығын ірге жаққа қаратып тосейді.

Жас адам көлікке, атқа ең соңынан міну керек.

Үйде, дастарқанда адамдар жасына қарай үлкендер торде, жастар төмен қарай отырады.

Жас адамдар үлкендер алдында, үлкендер жастар алдында өздерін әдепті ұстағандары жөн.

Біреудің байлығына, дүние-мүлкіне, ақшасына сұқтанба.

Бойыңды да, ойыңды да, арыңды да таза ұста.

Жүзің жарқын, жаның жомарт, мінезің жақсы болсын.

Көп ішінде жаныңдағы адаммен сыбырласып (құпия) сойлеспе.

Сын сағатта әлсіздік, ұстамсыздық жасаған адамды халық жек көреді.

Қиын сәтте батыр болмасаң да батыл бол.

Халқым барда қарным ашады деп қамықпа.

“Миым ашиды” дегеннен гөрі “жаным ашиды” деген жөн.

Жақсы және жақсылық туралы айтуға әдеттен.

Халықтың “ақыл — жастан, асыл — тастан” деген керемет сөзіне ой жіберіп қарашы.

Ақ шашты атаны, ақ жаулықты ананы көрсең — ізет көрсет.

Жаман адамға да жақсы көзбен қара.

Аш болсаң да, тоқ болсаң да құдайыңды ұмытпа.

Халыққа, аруаққа шет болма.

Біреудің намысына тимей сойле.

Біреудің кемшілігі мен істегі мінің көп алдында айтпа.

Жарлы болсаң да жарамсақ болма.

(Ер адамға әйел киімі жараспайтыны сияқты әйелдер мен қыздарға ер киімі де қонымсыз әрі тәңірінің бұйрығында да жоқ нәрсе.)

Баланы ойынмен, үлкенді шындықпен жеңесің.

Жазықсыз жәндікті олтirme, малға зәбір көрсетпе.

Тәрбиеліден — тәлім, ғалымнан — ғибрат, өнерліден — онеге ал.

Егер ұлы адамдардың ұлағатты сөздерін жадыға тоқығын келсе, онда “**100 тағылымнан**” даналық ойларды оқып көр.

100 ТАҒЫЛЫМ

Жақсыдан жадыға алған бір ауыз сөз,

Асықпа түспеді деп қолыма тез.

Дамылсыз іздеуіне ерінбесең,

Керегің өмірінде болады кез.

1. Дүниеде нені арман етсең де іздемей қолына түспейді. Керегіңді іздеу жолында жалықпа да, торықпа.

Жаман киімді кісінің бәрі жаман емес. Алтын тас арасында да жатады. “Ерді кебенек ішінде таны” деген сөз бар.

2. Халықтың қасиетін кетіретін үш нәрсе бар және ол үш нәрсені жоқ қылады:

1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламаушылық кісінің келешегін жояды.

2. Елді басқарған өкіметті сыйламау — ел ішінің бірлігін жояды.

3. Асты күтпей ысырап ету — берекені кетіріп ашығуға апарып соғады.

3. 1. Удан ащы не бар? 2. Қайтып оралмайтын сүйкімді сағат қай мезгіл? 3. Күннің жақсысы қайсы? 4. Бір жетілік қуаныш қай кезде болады? 5. Адамның жасыра алмайтыны

не? 6. Тірі адамның өлетін уақыты қайсы? 7. Жүдемейтін көңіл қандай адамда болмақ? 8. Тәртіптің зынданы не?

Оның жауаптары мынадай:

1. Удан ашы — әдепсіз адамның аузынан шыққан сөз. 2. Сүйіскен ер мен әйелдің алғашқы кездескен сағаты. 3. Патшалар үшін таққа мінген күн, ғалымдар үшін еңбегін аяқтаған күн. 4. Саудагердің қуанышы бір жетіден артпайды, жетіден кейін аз пайда алса ренжиді. 5. Өлім. 6. Өтірік. 7. Жүдемейтін көңіл — әйелі сыйлаған адам. 8. Ата-ананың тілін алмаған бала.

4. Әр адам өз қуатын білуі керек. Бұл оның дүниеден өз үлесін алуына себеп болады. Қуатына қарай іс істеп, қуатына қарай ас ішпеген адам ауруға шалдықпай тұрмайды.

Ер мен әйел — жаратылыс заңы, дене құрылымы бірдей емес.

Өлетінін білетін адам кеселден сақтанып жүруі керек. Ажалды ауру жақындатады.

5. Кімнің қызысың?

– Ауыл кісісі үйір үйдің қызымын, төбесі биік үйдің қызымын.

– Онда даланың ұлығының қызы екенсің ғой.

– Өзіңіз кімсіз?

– Биік ағаштың қаттысымын, үлкен жемістің тәттісімін.

– Сіз бүкіл елдің әкімі екенсіз ғой, — депті қыз.

6. Жақсы адамның өз мойнына алған борышы темір шынжырдан да, аттың кісенінен де мықты.

7. Не жаман? Жақсы әйелдің есалаң ері болса, рақымды, жомарт жандардың ақшасы жоқ болса, сол жаман.

Қайғыда не қайғы? Жаңбырда жолға шыққан қайғы, сүйікті адамыңмен тез ажырасқан қайғы.

Не ұнамсыз? Сөз білместің сойлегені ұнамсыз, дауысы жоқтың ән салғаны ұнамсыз, жақтырмайтын әйелдің сүйіспеншілік көрсеткені ұнамсыз.

8. Ғалымдар қоғамның шамшырағы (“Құран кәрім”)

9. Кім үлкенді құрметтеп сәлем берсе оған торт қасиет: ұзақ өмір, көп білу, даңқ пен саулық рухының нұры жауады. (Үндінің мәну заңынан).

10. Өнерден жақсы нәрсе, білімнен — үлкен, ұяттан — сұлу нәрсе, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ (Сократ).

11. Еліңнің ауыр жүгін котеріп, аз қуанып, көп қиналғын келсе — ақын бол (Бердак).

12. Борышқа батқан, ауру қысқан, коқдолы әйелге душар болған, жауы жағасынан алған адамда ұйқы болмайды.

13. Бес түрлі адам тірі болса да олікпен тең, олар: кедей, ауру, есалаң, қуғындалушы, малай.

14. Жақсы адамдарды өзінің адамгершілігі үшін, орташа адамдарды әкелері үшін, төмен адамдарды балалары үшін, нашар (жаман) адамдарды қайын атасы үшін қадірлейді.

15. Өміріне қауіп-қатер төніп тұрса да, ел-жұртың ұялатын, руыңа кір келтіретін нәрсеге аяқ баспа.

16. Солдат өлсе орнын толтыруға болар, ал ақын өлсе оның орнын толтыру мүмкін емес (Наполеон).

17. Еркекте сегіз түрлі қасиет болсын, олар: игі мінез; ізгі қасиет; әйелмен сойлескенде әдепті; сыпайы болсын, жұрт сыйлайтын адамды жақсы коріп, құрмет тұтсын; жауының алдына жүректі болсын; үлкендерге кішіпейілік; халық салтын қадірлей білсін; осал жерін білетіндерге жұмсақ, сұмырайларға қулық жасасын.

18. Егер ұлың епті, сыпайы, көңгіш, байсалды, көркемөнерде білгір, рақымды болса, ондай ұлдың жалғызы да жақсы. Кейітіп, қынжылатын, азап шектіретін көп ұлдан не пайда?

19. Ерекше ауыр азап, мекнат қорумен, заң тәртібін бұзумен, жау алдында құрдай жорғалаумен табыс табуға ұмтылма.

20. Тасқын болып, сел қаптаса, тау шайқалады, теңіз суы толқып, тасып, кемерінен шығады. Бірақ құрыштай берік, мықты адамдар не пәлеге ұшыраса да уәдесін бұзбайды.

21. Байлық, құрмет, бақыт іздегенге ақыл керек.

22. Әркімнің ішкі нұр сәулесінің үш аты бар, ол: еңбекқорлық, жақсылық, кішіпейілдік.

23. Таза адамдар әрқашан тыныш, алаңсыз, олар өздерінің тамаша істерін мақтан отеді. Ал, зұлымдық жасайтындар әрқашан қорқақ.

24. Көпке қызмет ететін адамның 5 қасиеті болсын:

1. Бір козің жүз козден артық қоре біліп, екінші козің көрсоқырдан бетер көрмейтін болсын.

2. Бір құлағың сақ болса, екіншісі керек болсын.

3. Қоңілің керуен сарайдай кең болсын, естіген, көргеніңнің бәрін қоңіліңе сыйғыза біл, әрі сақтай біл.

4. Естігеніңнің бәрін қайталаушы болмасын, жақсы да, ақылды сөзді ғана айтсын.

5. Әрі бал, әрі зәр тоғетін тілі болсын.

25. Дүниедегі ашы не? — Тіл. Дүниедегі тәтті не? — Тіл.

26. Мен патшадан әлдеқайда артықпын, — депті, кедей. Себебі мен қолымдағыны қанағат тұтамын да, керегіме

жаратамын. Ал патша жер үстін түгел билесе де, шүкіршілік етпейді, тоюды білмейді.

27. Дүниедегі ең әдемі не? Ең семіз не? Ең қырағы не?

Жауабы: көктемнен асқан сұлу жоқ, күзден асқан семіз жоқ, көзден асқан қырағы жоқ.

28. Бес өсиет. 1. Топасқа сенбе. 2. Тасыр адамның алдында осалдық жасама. 3. Қайда болсаң да, тіпті өз үйінде де сақ жүргейсің. 4. Өзі аш отырған үйге қонаққа барма. 5. Өзі жарлының қолынан сыйлық алма.

29. Қолыңда жарық болса қараңғылық қашады, даналық көзіңді ашса бақытсыздық қашады.

30. Он түрлі адам заңды мойындамайды, олар: мас, ұқыпсыз, қомағай, жынды, шаршаған һәм ашуланған, ашыққан, асыққан, үрейленген және ғашық болған адамдар.

31. Жолдас деген — еңсесі биік пана, мызғымайтын тас камал, нәр суы сарқылмас берік қорған. Жолдас деген таусылмайтын рахат, қызық, еселей түсетін шаттығың, той-думаннның көркі. Жолдас деген жүректің шамшырағы, көздің қарашығы, әулетті қолдың қуаты, медеткер тірегің. Жолдас деген қас дұшпанға қаһарлы айбының, достарыңның үміт-сүйеніші, жат алдында мақтанышың. Жолдас деген — басыңа ауыр күн түскендегі таянышың, ауырып-сырқасаң, еліңнің басына қатер төнсе, жанын қияр серігің.

32. Адам ісімен танылады,

33. Жақсы атақ алғаннан басқа жақсы іс жоқ.

34. — Осынша әдептілікті қайдан үйрендің? — дегенде Лұқпан хакім “Әдепсіздерден үйрендім” депті.

35. Келіннің үш күйеуі болады: алғашқысы — алтын елі; екіншісі — ар-намысы; соңғысы — алған жары.

36. Егер қадірлі болғың келсе, халқыңның қадірін біл.

37. Жарқанат сүймесе — күннің көзіне нұқсан келмейді.

38. Бар пәледен ұят сақтайды. Барлық істің байламы да ұятта.

39. Ердің артында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны игі.

40. Ақыл көркі — тіл, тілдің көркі — сөз.

41. Сараң — пайғамбардың жиені болса да пейішке бармайды, жомарт — құлдың баласы болса да тозаққа бармайды.

42. Кім өзін жұрттан артық санаса, сол — ақымақ.

43. Көз — жіті, құлақ — сақ, көңіл — кең болуы керек.

44. Рахат пен қайғы жолдас. Рахат іздесең — бейнетінен қорықпа, қуаныш іздесең — қайғысынан қорықпа.

45. Жүрек кімді қаласа — сол сұлу. Сүйген адамға жаның жол табады.
46. Сәлем берген — саулық береді.
47. Атып әкелген аң сыйлыққа жатпайды.
48. Өш алғаннан гөрі кешірген жақсы.
49. Билік, байлық, даналық — бір озыңе байланысты.
50. Қолыңда Сүлеймендей қуат болса да, қылдырықтай құмырсқаға қиянат қылма.
51. Ізгіліктен басқа таусылмайтын, бұзылмайтын байлық жоқ.
52. Жамандық қылсаң — пәле күт, бәріне де зауал бар.
53. Адамды екі нәрсе қартайтпайды: бірі — жақсы мінез, екіншісі — жақсы сөз.
54. Жайсаң жан қартаймайды.
55. Жамандарға рахым қылу — жақсыларға жәбір берумен бірдей.
56. Жазасын тартпайтын жамандық болмайды.
57. Ең жақсы әдет — халқыңның әдеті.
58. Әділдік әкімдіктен де күшті.
59. Өзіңнен қорқатын адамнан күндіз-түні сақтанып жүр.
60. Құт келсе қосақтап келеді.
61. Бақ келсе бәрі келеді.
62. Асқан сұлулықтан аз ғана бақыт артық.
63. Сұлу әйелдің үш түрі болады: беті сұлу, қолы сұлу (шебер), жаны сұлу. Бұлардың ең сұлуы — жаны сұлу әйел.
64. Биіктеп кетсең — құлау бар.
Қуанып кетсең — жылау бар
У ішсең — тәтті ұнау бар.
65. Бақ пен дәулет көшпелі.
66. Ең жақсы киім — халқыңның киімі.
67. Бар байлықты жинауға тырысқан адам — бақытсыз.
68. Көп жинаған дүниеден көрікті түс жақсы.
69. Байлық — нағыз дұшпан.
70. Ақыл — алланың сыйлығы.
71. Ақыл, ой, білім — әр адамның сәулеті.
72. Жазбас мерген болмас,
Жаңылмас дана болмас
73. Ұлы адамдар есігі — бақыт көзі, мейірімі — бақыт кiлтi.
74. Білікті адамның сөзі — таза гүл.
75. Өзіңді біліктінің қасында ұста.
76. Патшалар ғалымдардың кеңесіне мұқтаж,
Ғалымдар патшалардың кеңесіне мұқтаж емес.

77. Ақыл мен білімнің тілмашы тіл. Өнер алды — тіл.
Тіл қылыштан да өткір.
78. Жүз адам мақтаған кісі — жүз адамға татиды.
79. Ақылды ақшасыз-ақ дәулетті.
80. Бақаның бағынан — сұңқардың соры артық
(Б.Момышұлы).
81. Әкең — асыл қазынаң, аға, інің — асқар тауың, ал
досың — әрі асқар тауың, әрі асыл қазынаң.
82. Ханға жексұрын атансаң да, халыққа жексұрын атанба.
83. Ақылмен алтын табылар, алтынмен ақыл табылмас.
84. Адамның сөзі — ақылының таразысы.
85. Мұқтаждық — мың өнердің анасы.
86. Қанағат — әрі қазына, әрі қасиет.
87. Ақылды адам ажарлы. Адамды адам ететін — ақылы.
88. Досың мың болса — аз, дұшпаның біреу болса — көп.
(А.Иүгінеки)
89. Батырдың көңілін қалдырма, жүйріктің арқасын
алдырма.
90. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішінде қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап (Абай)
91. Досыңа достық — қарыз іс.
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр бол (Абай).
92. “Шапағатты ойға беріл, шапағатты сөзге беріл,
шапағатты іске беріл (Заратуштра пайғамбар).
93. Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу —
мол дүние жиып, оның керегіне жаратпай, көміп қойғанмен
бірдей (Мұхамбет пайғамбар).
94. Сыпайылық — даналықтың белгісі (Мұхамбет
пайғамбар).
95. Адамға адал досты табу қиын.
Көбіне дос етеді мал мен бұйым.
Қасыңнан, досыңнан да бірдей сақтан,
Егерде болса Ахмет, баста миың (А.Байтұрсынов).
96. Егер әркім өз пиғылмен арамдық ойдан тазаратын
болса, бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттен пәк болар еді.
(Шыңғыс хан).
97. Арақ-шараптан ақыл да, пайда да, абырой да,
қайырымды мінез-құлық та, адамгершілік те күтпе!
Мүлде ішпейтін адам — нағыз қадырлы адам. (Шыңғыс

хан)

98. “...Сейіттерді, ғұлама — машайықтар мен ақылман даналарды, мұхадистер мен тарихшыларды жаратылысынан бөлек, дара адамдар есебінде сыйлап құрметтей білдім. Батыл адамдармен дос болдым, себебі, Аллатағаланың өзі де ержүректерді ұнатқан ғой. Адамдармен дидарласып, сұхбаттасып, таза ниет, ақ кісілерді жаныма жақын тұттым. Бұлардың пәк ниетімен берген ақ батасын алдым (Ақсақ Темір).

99. Тәрбие басы — тіл (М.Қашқари).

100. Әдептің басы — тіл (А.Иүгінеки).

БАҒАЛЫ КИІМДЕР

Халқымыздың ұлттық киімдерінің түрлері өте көп. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де өзгерістер бар. Оның бәріне жеке-жеке суреттеу өте қиын іс болғандықтан, біз халықтың көп тұтынатын әрі ортақ бағалы киімдеріне тоқталуды жөн көрдік. Ондай киімдердің бірі — тымақ.

Тымақ — ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Осыған орай ол *түлкі тымақ*, *елтірі тымақ*, *сеңсең тымақ пұшпақ*, *тымақ* деп атала береді. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап та тани берген. Яғни Арғын тымағы, Жалайыр мен Найман тымағы немесе Торғай тымағы, Семей тымағы деген үлгілері болған.

Тымақ биік тобелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы стектен тұратын жыды бас киім. Сыртын берік және жақсы, қымбат маталармен тыстайды. Екі құлағына ызбалы бау тағады. Етегін тобеге қайырып қою үшін тымақтың артқы жағына тобылғыдан немесе арша сияқты берік ағаштан тиек жасап қадайды. Оны *құрысқақ* дейді. “Ескілік киімі” деген олеңінде данышпан Абай былай деп жазған:

Күләпара бастырған, пұшпақ тымақ,

Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.

Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,

Артын белге қыстырған бар құрысқақ.

Тымақ — қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра

есебінде қалып отырған. Бұрынғы қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса сонша күн тымаққа салып кереге басына іліп қоятын болған. Бұл да тымақтың қадыры мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсіну керек.

Бөрік. Ұлтымызға жарасатын бас киімнің бірі — бөрік. Оны ерлер де, қыздар да киеді. Бөрік сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіледі. Жиегіне қымбат бағалы аң және мал терілері ұсталады. Көмкерілген тері түрлеріне қарай *кәмшат бөрік, құндыз бөрік, жанат бөрік, сусар бөрік, тұлкі бөрік, күзен бөрік* деп аталады.

Бөрік төрт немесе алты (кейде үш) қиықтан құрылады да, оны төрт сай, алты сай, (үш сай) дейді. Оның жазғы, қысқы түрлері де болады.

Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі немесе конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сәндік үшін төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады.

Жас жігіттер мен сал-серілер, ақындар бөрікіне үкі тағып, зерлеп, өрнектеп киген. Мысалы, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай ақын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бөріктерінің төбесіне үкі тағып жүрген. Бұрын жігіттер мен ересек адамдар бас киімсіз жүрмеген, көбіне бөрік киген.

Ерлер бас киімінің *қалпақ, жалбай, малақай, күләпара, тақия, жапетер* деп аталатын бірнеше түрлері бар.

Сәукеле — ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім. Сәукеле 2 — 3 қарыстай биік, дөңгелек төбе жағына қарай жіңішкере береді. Жоғарғы жағына үкі тағады. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық, лағыл тағы сол сияқты асыл тастардан жасалған моншақ, тағымдар түрлі-түсті қымбат жіптермен тігіледі, безендіріледі. Матасына әшекей, шашақ, оқа тағылады, жиегіне бұлғын, құндыз терілерінен жұрын ұсталады. Бастан қисайып немесе түсіп кетпеу үшін тамақтан өткізетін бау тағылады. Екі құлақ тұсына омырауға жететін құлақша тоқылады. Сәукеленің артқы жағына ұзындығы жерге жететіндей ақ желең тағылады.

Сәукелені өте шебер әйелдер ғана тігеді. Ұзатылған қыздың дәрежесі осы сәукелесіне қарап бағаланады. Әрине, мұндай бағалы бас киімді байлар мен өте ауқатты адамдардың қыздары ғана киген.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Кіші жүздің Байсақал атты байы мен Орта жүз Сапақбай құда болыпты. Байсақал құдаларына қызының сәукелесін жіберіп, “басқа ештеңе

сұрамайтын, тек осы бір сәукеленің бағасын өздері есептеп берсе болды” депті. Сонда Кенесарының ағасы Саржан төре әлгі сәукеленің бағасы “бес жүз байтал болады екен, сондықтан қызының қалың малы бес жүз жылқы болсын” деп кескен екен. (Бұл дерек үлкен ғалым, этнограф, ақын Мәшһүр Жүсіп Копейұлы еңбегінен алынып отыр. “Қазақ әдебиеті” 9 қаңтар 1996 ж.). Міне сәнді сәукелелердің құны осындай болған.

Сәукеле — тек бас киім емес, ол қазақ халқының байлығы мен сән-салтанатының, мәдениеті мен өнерінің озық үлгісі, өнер туындысы ретінде бағаланатын өте қымбат этнографиялық мүлік. Сонымен бірге ол қазақтың қыздарына деген өз қозқарасының да бір белгісі. Дәстүр бойынша сәукеле тек ұзатылатын қыздарға ғана кигізіледі, оны айырбастамайды, әзірше кие тұруға беруге болмайды.

Әйелдердің сәукеледен кейінгі бағалы бас киімдерін *қарқара, қасаба, тақия* деп атайды.

Тон — қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киім. Ол үшін теріні шөлінен артылып, әбден илеп, оны қынамен, талдың қабығымен, томарбояумен бояйды. Бояудан кейін тері қоңыр, сұр немесе сарғыш, күлгін түсті болады. Осы теріден жүні ішіне қаратылып тон тігіледі. Жағасына (кейде жең аузына) сеңсең, елтірі немесе бағалы аң терілері салынады. Тонның ұзын, қысқа түрлері де болады. Әйелдер тонының иығына, жең ұшына, оңірі мен етегіне кесте жіппен ою-орнектер салады. Қазақтың “тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық” деуінің себебі тон әрі берік, әрі жылы, әрі сәнді де болады. “Ас — аттынікі, той — тондыныкі” деуімізге қарағанда тон сәндік киімге де жатады. Тон тігісіне, үлгісіне қарай қималы, бүрмелі деп аталады.

Жоғарыда аталған тон түрлері күні бүгінге дейін сәнді, жарасты киімдер қатарында зор бағаланып жүр.

Қамқа тон. Тонның ең әдемі, жылы, қымбат бағалы түрі *қамқа тон* деп аталады. Оны бұрын хан, би, бай, мырза, ханша сияқты ауқатты, белгілі адамдар мен әйелдер ғана киген. Киімнің бұл түрі ондатр, күндыз, бұлғын, манат тағы басқа бағалы аң терілерінен түгі сыртына қаратылып, астарланып тігіледі. Иін әбден қандырып, қынаға бояп, аң терілерімен жиектеп қой терісінен де тігетін үлгілері болады. Абылай ханның ұрпақтары ХІХ ғасыр басында аққу терісінен қамқа тон тіккізген. Уәли хан (1741 — 1821) олгенде оның қамқа тонын Айғаным ханша (1783 — 1853) ханның сыйлас замандасы Байдалы биге (1727-1822) кигізген.

Жақы. Ертеректе ауқатты адамдар киген, бұл күндері өте сирек кездесетін жағалы әрі асыл киімдердің бірі — *жақы*. Ол тек жылқы терісінен тігілетіндіктен құлын жақы, тай жақы, құнан жақы деп бөлінеді.

Жақы тіктіру үшін жылқы ішінен қара, қоңыр (жылқы атауында торы) түсті мал таңдап алынады да арнаулы күтімде ұсталып, түгі әбден жетіліп, жылтырағаннан кейін сойып, терісін еппен сыдырып алып, илейді.

Жақы тігу үшін құлыншақ жалын арқасына, екі иығына келтіріп пішеді. Жылы болу үшін оған арасына жұқа мақта салып, астарлайды. Жақыға басқа тері немесе мата қосылмайды тек өз терісінен құрастырылып, тігіледі.

Жақы сәндікке де, жылылыққа да киіледі. Ол қазір ел арасынан кездесе бермейді. Алаш көсемі ардагер ақын, қайраткер Мыржақып Дулатов киген тайжақы қазір Торғай қаласындағы А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатов атындағы әдебиет музейінде сақтаулы тұр.

Шапан. Қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі — *шапан*. Шапан — арасына жүн немесе мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матадан қапталып, іші астарланған жылы киім. Ол тік немесе қайырма жағалы болады. Жағасы, оңірі, жеңі әсем ұлттық өрнектермен безендіріліп тігіледі. Кейде жиегіне әдемі болуы үшін бағалы аң терілерінен, басқа қымбат матадан зер, бұлық немесе жүрын салынады. Шапанға түйме, әйелдер ілгек, қапсырма қадайды немесе сыртынан белбеу буынады. Шапан үлгісіне қарай *қаптал шапан*, *сырмалы шапан*, *қималы шапан* т.б. түрлерге бөлінеді. Бұл киімді еркек, әйел, бала-шаға да киеді. Қазір үлкен кісілер шапан киіп жүреді. Өйткені ол пальтодан гөрі тез киюге, отырып, тұруға аса ыңғайлы әрі жылы. Белгілі қайраткер жазушы Ғ.Мұстафин жасы үлкейгеннен кейін шапан киіп жүрген.

Ұлт дәстүр, салтында шапан сый-сияпат есебінде де жүреді. Құрметті қонаққа, құдаларға шапан кигізу ата салтымыз. Бұл күндері мүшел жасқа толған адамдарға шапан кигізу зор құрмет белгісі ретінде қалыптасып келеді. Ежелгі “Жеті жарғы” заң ережесінде тәртіп дәстүрді бұзған адамдарға ат немесе шапан айып тарттырып жазалау да шапанның қазақ өмірі мен тұрмысында зор маңызы бар екенін дәлелдейді.

Шекпен — тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім. Шекпендік матаны иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішеді. Оған мақпалдан немесе басқа қалың матадан қайырма немесе тік жаға салады.

Шекпеннен (түйе жүнінен) су да, жел де өтпейді. Су

тигенде түйе жүні шырығып, тығыздала түседі. Сондай-ақ ол матадай емес өте берік әрі жеңіл, тез тозбайды, ұзақ киіледі.

Ботаның немесе тайлақтың жүнінен тоқылған шекпен өте әдемі болады. Оны *шидем шекпен*, кей оңірде *боз шекпен* дейді. Жастар мұны сәндікке киеді. Шекпен үлгісімен тік жаға етіп, астарлап тіккен ерлердің жеңіл киімін *бешпент* дейді.

Қазақта *шен-шекпен* деген сөз бар. Оның мән-мағынасы көп. Өткен ғасырларда қазақ елін отарлаған орыс жымсықылары елді, жерді боліп ұлықтар (болыстар) тағайындап, оларға шен тағайындап белгі (знак) беріп, шекпен (шапан) кигізген.

Бұл орыстың сый-сияпатының бір түрі ретінде қалыптасқан. Мұны отаршылар қазақтың құрметті кісіге шапан кигізу салтын пайдаланғанға ұқсайды. Осыдан барып “шен-шекпен” киген деген теріс ұғым пайда болған. Оған ұлы Абайдың “Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтін орысың, Шенді шекпен жапқанға” деген сөзі куә.

Ішік — сыпайы, әрі сәнді, әрі жылы киім. Мұның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терілерінен құрайды. Жағасы тік сәндік үшін жағасынан бастап, оңірі, стегіне дейін теріден жұрындайды. Ішік ұзын әрі мол пішіліп тігіледі. Ішіне салынған терісіне қарай ол *күзен ішік*, *қасқыр ішік*, *бұлғын ішік*, *түлкі ішік*, *қарсақ ішік*, *зорман ішік*, *пұшпақ ішік*, *суыр ішік*, *сеңсең ішік*, *жанат ішік* деп аталғанымен көбінесе бір үлгіде тігіледі. Бұлардың ішінде сирек кездесетіні бота терісінен жүні ішіне қаратылып тігілетін *бота ішік*. Басқа ішікке қарағанда жылы болады.

Ішікті еркектер де, әйелдер де кие береді. Әйелдерге әсіресе жастарға арналған ішіктер өшекейленіп, түрлі ою, кестелер салынып та тігіледі. “Сеңсең ішік — марка қозының терісінен (сеңсеңінен) тігіледі” (“Шаңырақ”).

Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында ішіктің алатын өзіндік ерекше тәлім-тәрбие мен құқықтық ережелері де бар. Мысалы қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды. Себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. Сол сияқты екі адам боранды күнде адасып, қасқыр ішікті адамның жанындағы кісі үсіп олсе, онда олген кісінің туыс-туғандары қасқыр ішікті кісіден күн даулауға хақысы бар. Өйткені бір қасқыр ішік екі адамды суыққа бермейді. Дала заңы осылай.

Күпі. Қазақтың ертеден киіп келе жатқан киімдерінің бірі — *күпі*. Ол ішіне қойдың, түйенің жабағы жүнін салып,

бидай шүберекке сырып, сыртына берік біртүсті матадан тігілетін жылы әрі қарапайым киім. Оны ерлер, әйелдер, балалар да киеді. Күпі жеңіл әрі ыңғайлы болады. Қажетті бұйымдар мен тігілуі оңай болғандықтан, мұны бұрынғы қазақтардың бәрі де киген. Көбіне бұл киім көктем мен күзде киіледі.

ЖЕҢСІК ТАҒАМДАР

“Ас — адамның арқауы” деп тауып айтқан қазақ дастарқан байлығына ерекше мән беріп қараған. Тағам түрлерін *ақ* (сүт тағамдары), *қызыл* (ет) және *көк* (жеміс) деп үшке бөлген. Соның ішінде денсаулыққа пайдалы әрі құнары мол сүт тағамдарының бірнеше түрлерін жасай білген. Сүтті қасиетті зат есебінде қарап “ақты төкпе, малдың желіні кетеді” деп ескерту жасап отырған. Қазақтың құрт, ірімшік, ежігей тағы сол сияқты сүт тағамдары басқа елдерде өте жоғары бағаланады.

Енді сол сүт тағамдарына жеке-жеке тоқталып, олардың жасалуы мен дәстүрлі, кәделі жолдарын өңгімелейік.

Қымыз — халқымыздың бірнеше ғасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Ол тек тағам емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Басқа тағамдарға қарағанда қымызды дайындаудың әдіс, тәсілдері, салт-дәстүрлері, ырымдары мен кәде-жоралары көп.

Көктем туып, құлындаған бие байланып, сауылады. Биенің ашымаған сүтін *саумал* дейді. Оған арнайы ашытқы қосылып, екі-үш күннен кейін ашиды. Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша ауылдың үлкендерін шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны *қымызмұрындық* дейді.

Дайындау әдісіне, қасиетіне, сапасына және сақталу уақытына байланысты халқымыз қымызды бірнеше түрге бөледі. Және олардың әр түрін жылқы жасы атауымен атайды.

У ы з қ ы м ы з — биені алғаш байлап, жаңадан ашытылған қою қымыз.

Б а л қ ы м ы з — жылқының сүр қазысын қосып өбден бабына келтіріліп пісілген қымыз. Бұл басқа қымызға қарағанда сары әрі қою, дәмді, жұғымды, тұщы болады.

Қ ү н а н қ ы м ы з — екі түн сақталған, толық ашыған қымыз.

Д о н е н қ ы м ы з — үш түн сақталған өте күшті қымыз.
Б е с т і қ ы м ы з — төрт түн сақталып ашуы әбден
сеткен қымыз.

Мұнымен қатар шоп буыны қатып, күзде сауылатын қымызды *сары қымыз* дейді. Мұның қуаты күшті әрі емдік әсиеті де жоғарылай түседі. Қыста қысыр биелерді қолда стап сауып, оны *қысырдың қымызы* дейді. Бұл нағыз сапалы, әсиетті дәру сусын деп бағаланады. Қулық биенің (алғаш ұлындаған бие) қымызын *қысырақтың қымызы* дейді. Жас биенің сүті болғандықтан бұл бірнеше құлындаған биенің қымызынан қуаты да жоғары болады. Бұрынғы қымыздың стіне саумал қосылса оны *түнемел қымыз* дейді.

Қымыздың бапталып, күтілуі де үлкен жұмыс. Ол негізінен сылқы терісінен, емен, арша сияқты ағаштан жасалған ыдыстарға дайындалады. Теріден жасалған ыдыстың үлкенін *аба*, кішісін *мес*, *торсық* деп атайды. Ол арша, тобылғымен, айың қабығымен жиі-жиі ысталып, майланып отырады. Забадағы қымызға жылқының шикі қазысын салып көп пісілген қымыз қуаты күшейіп, сапасы артады, ащы дәмі де зая түседі. Көп пісіліп ащы дәмі кеткен қымызды *олтірілген қымыз* дейді. Бұл өте жақсы деген ұғымды білдіреді.

Қымыз — әрі сусын, әрі тағам, дертке шипа, жанға қуат. Әулетті адамдар қымызды жазда да, қыста да ішіп отырған. Қымызды піскен, сапырған сайын хош иісі артып, тәбет ашыла үседі. Қымыз ыдыстары да болек ұсталып, оны *қымыз шара*, *қымыз аяқ*, *қымыз ожау* деп қастерлеп айтады.

Бие ағытылар алдында соңғы қымызды ауыл адамдарын лақырып батасын алатын халықтық жақсы дәстүр бар. Мұны *ірге жияр* деп атайды.

Бұл қымыз елдің шипалы сусыны, азығы ғана емес іақтанышы мен салтанаты да болған. Бұрынғы замандарда текен ас, той, хан сайлауларында арнайы апаратын сый-сияпат, ырзалықтың да бас белгісі осы қымыз. Бұған келген ырзалар мен байлардың, жақсылардың қай дәрежеде келгені сы қымыз бен сойыс молшерімен есептелген. 1860 жылы лытауда Бағаналы Найман елінің белгілі азаматы Ерден Зандыбайұлына ас берілгенде оған 1000 саба қымыз әкелінген С.Шарипов. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. 196-ет. 1982 жыл). Сонда әр сабаны шамамен 100-150 литрден септегеннің өзінде 150000 литр қымыз құйылған.

Шұбат. Сүт тағамдарының ішінде қымыздан кейінгі бағалы усын — *шұбат*. Оның түйе сүтінен жасалатыны барша жұртқа

белгілі. Шұбат та қымыз сияқты ашытылып, тері, ағаш, қыш ыдыстарға құйылып сақталады, пісіледі. Шұбат қымызға қарағанда дәмді, жұмсақ, майлы, әрі қоюлау болады. Оның қуаты мен дарулық қасиеті қымыздан еш кем емес. Екі-үш күндік шұбат ең жақсы, сапалы шұбат деп есептеледі.

Қазақтар түйе сүтіне сиыр, қой сүтін қосып қатық, сүзбе, құрт, ежігей дайындайды.

Құрт — қой, сиыр сүтінен жасалады. Әрине, қой сүтінен жасалған құрттың дәмі де, сапасы да өте жақсы болады. Құрт жасау үшін ашыған сүтті ағаш кеспекке құйып бірнеше күн іркіт жиналады. Оны үлкен қазанға құйып қайнату кезінде іркіт қоюланып, ақ, ақсары болған кезде отын сөндіріп, суыған соң оны сол кеште таза қапшыққа құйып қояды. Таңертең оны алақанға салып әртүрлі кескінде (формада) домалақ, ұзынша етіп құрт жасайды. Дайындалған құртты шыптаға, жоғары жерге немесе ореге қойып кептіреді. Қазақ ырымы бойынша өредегі (яғни кеппеген құртты) жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар.

Құрттың дәмі ащы болғанмен жеуге сүйкімді тағам. Қазақ құртты тамақ есебінде әрі шөл басуға да қолданады.

Құрт көже — тағамдық қуаты мол жеңсік ас. Ол көбінесе қыста дайындалады. Қазақтар мұны *қыстың қымызы* деп те дәріптейді. Өйткені *құрт көже* әрі тамақ әрі сусын.

Құрт көжені әзірлеу үшін қажетті молшердегі суға үн сеуіп қайнатып алады. Суды онша суытпай құртты салып, қолмен езе бастайды. Езілген құрт белгілі бір уақыттан кейін қоюланып, ашқылтым әдемі дәм енеді. Оған сок немесе күріш қосып қайтадан бір қайнатып алады. Ыстық көжеге май немесе шырғиық қосып оның дәмін келтіре түседі. Құрт көже дегеніміз міне осы.

Құрт көже өте күшті, қуаты мол тағам. Бұрын қыста далада, сапарда жүретін, елден алыстағы малшылар мен жылқышылар құртты мол дайындап алатын болған. Көженің қызуы суыққа да бермейді. Ертеде аяздан тоңып келген бір аңқау атамыз 2-3 аяқ құрт көжені тастап жіберіп: “Бәйбіше, боз аттың жабуын алып тасташы, күн жылынды білем” — депті.

Құрт көжені езгеннен қалған ұсақ немесе жартылай болінгендерін *малта* деп атайды. Жылқышылар қыста малтаны қалтасына салып жүріп тамақ әрі сусын есебінде қолданған. Батыр ақын Махамбеттің “Алты малта ас болмай, Әр түйірі ат болмай” деген өлеңі малта қасиетін бейнелейтін сөз.

Ежігей де құрттың жасалу жолымен әзірленеді. Бірақ ол

оте ашымаған іркіттен жасалады. Бір шелек іркітке 2 шелек қаймағы алынбаған сүт қосылып қайнатылады. Әбден пісіп, әзірленген ежігейді шағын қоламда алақанға салып сығып кептіріп алады. Ежігей — дастарқан сәні әрі кәделі тағам. Оны маймен қоса құрметті қонақтар алдына қояды. Ежігей өте ащы болмайды, қышқылтым, дәмді болады.

Ірімшік сүттен жасалады. Сүтті қайнатып оған қымыз, айран, шұбат сияқты ащы іріткі қосып ірітеді. Іріген сүттен ірімшік түзіліп, ол әбден қызарғанда бабымен қайнатады да сүзіп алып, табаққа, дорбаға салып кептіріп алады. Әрине, қой сүтінен жасалған ірімшік өте дәмді болады. Ірімшік қыста да, жазда да жақсы сақталады.

Сарсу. Ірімшіктің суын тағы да қайната берсе одан түсі қызылқоңыр қою зат түзіледі. Мұны *сарсу* (сары су) деп атайды. Аздап қант қосуға болады. Оны шәй ішуге пайдаланады.

Ақлақ — қой сүтінен жасалатын дәмді тағам. Сүтті қайнатып, ірітіп ақ ірімшік етіп алады да, ыстық қалпында оған сарымай салып араластырады. *Ақлақты* қарттар мен сәбилерге береді. Кейде жаңа келіп қоныстанып жатқандарға ерулік есебінде де апарлады. *Ақлақ* жеңсік ас қатарына жатады.

Уыз. Малдың толдегеннен кейінгі алғашқы сүті *уыз* деп аталады. Уыз өте дәмді әрі қою болады. Бала да, тол де уыз сүтін тойып ішу керек. Уызына тоймаған бала да, тол де әлсіз болып оседі. “Уызында жарымаған” деген сөз осыдан шыққан.

Уыздан **уыз көже** деп аталатын кәделі, жеңсік тамақ жасалады. Бұл алғашқы ащы уыздан емес, 2-3 күннен кейінгі тәтті уыздан әзірленеді. Уыз ақырын, баппен пісіріліп оған піскен күріш немесе сок қосылады. Уыз көже дегеніміз осы. Бұған ауыл үлкендері, қоршылдары, туыс-туғандары әдейі шақырылады. Олар ризалық батасын береді. Уызды жеке пісіруге де болады.

Қатық қой сүтінен ұйытылады. Дәмі өте ащы болмайды. Қою әрі дәмді болады. Қатыққа қасық батырсаң ол тік тұрады. Мұндай қатықты халық *дiрiлдек* немесе *менiреу* деп атайды.

Айран — қой, сиыр сүтінен әзірленеді. Қатыққа қарағанда сұйық әрі ащылау болады. Айранмен шол басады.

Айран мен қатықты сүт, су қосып сұйылтып та ішеді. Сүт қосылғанын *қойыртпақ*, су қосылғанын *шалпа* деп атайды.

Сүзбе алу үшін айранды ұйытып оны суы сүзіліп шығатындай қапшыққа немесе матадан жасалған дорбаға салып

2-3 күн іліп қояды. Осы уақыттарда оның суы әбден сарқылып, айранның қоюы ғана қалады. Оған аздап тұз қосып сақтайды. Сүзбе тәбет ашатын, ауыздың да, астың да дәмін келтіреді. Оны басқа тағамдарға қосып жейді, езіп сусынға да ішуге болады.

Май — дастарқан сәні мен дәмі. Май алу үшін сиыр сүтінің шикі қаймағын жинап алып (оны алудың бірнеше жолы бар), оны шара сияқты кең ыдысқа салып бұлғайды. Оны *май шайқау* деп атайды. Осы шайқаудың нәтижесінде май пайда болады. Майды қолмен алып суын әбден сығып алады. Арасында су немесе бір түйір ботен зат қалса май көгеріп, дәмі бұзылады. “Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді” деп осындайды айтқан.

Майды тұздап, қарынға салып сақтайды. Қарындағы май өте жақсы сақталады әрі дәмді болады. Қарын көлеміне қарай *қозы қарын*, *бұзау қарын* деп аталады. Қыста қарынды бастау да айтулы дәстүр болып саналады. Оны құрметті қонақ келгенде, айтта, тойда, қуанышты күндерде бастайды. Бір қарын май дәстүрде сый-сияпат есебіне де жүреді.

Кейде сары майды (егер көгере бастаса) қорытып та алады. Оны *шыртылдақ* дейді.

Торта. Сары майды қайнатқаннан кейін оның түбінде қоймалжың тұнба бөлініп қалады. Оны *торта* деп атайды. Торта ашқылтым әрі дәмді болады. Оны тәбет ашуға да пайдаланады, нанға қосып жеуге де болады. Халық өлеңінде “Қарағым, айналайын, орта бойлым, Сары майдан айырып торта қойдым” деуіне қарағанда торта да кәдесіз тамақ емес.

Балқаймақ дәмді әрі сүйкімді тағамның бірі. Кәдімгі шикі қаймақты шағын ыдысқа құйып, қайнатып пісіреді. Ол қайнаған кезде аздап бал қосып, үн сеуіп араластырып отырады. Балқаймақты қарттарға, балаларға тіпті құрметті кісілерге де ұсынуға болады.

Сөк — қазақ халқының ертеден дайындап, ішіп-жеп келе жатқан тағамының бірі. Ол тарыдан жасалады. Ақталмаған тарыны *қара тары* дейді. Бұдан сөк дайындау үшін қара тарыны әбден тазалап, үлкен қазанға су құйып қайнатады. Қауызы ашыла бастағанда тарыны қайта алып, шыптаға салып сүзеді. Оны кептірмей, қазанға салып қуырып, былғауышпен күйдірмей араластырып отырады. Ұстауға ыңғайлы, бір жақ басына шүберек оралған ағашты *былғауыш* дейді. Қуырылған тары енді піседі. Оны ыдысқа салып алады да түйеді. Түйеге келі мен келсап пайдаланылады. Қуырған тары осыған құйылады да, оны келсаппен соғады. Түйілген тарының

ауызы уатылып, ішіндегі дәні бөлінеді. Мұны *тары түйе* ейді. Осы кезде оны қайтадан қотарып алып, қауызын кебегін) ұшырады. Мұны *қаралау* дейді. Қаралап болғаннан ейін, оны қайтадан келіге салып түйеді. Мұны *ақтау* дейді. Ұқталғаннан кейін оны *сөк* деп атайды. Сөктен түрлі *талқан, карма, тары көже, сүт көже, топ, бөртпе* тағы басқа дәмді лттық тағамдар жасалады. Сөкті сүтке, қаймаққа, майға раластырып жейді. Балалар, жастар сөкті құрғақтай да жей ереді. Тарыны диірменге тартып талқан жасайды. Сөкті майға уырады, оны *майсөк* деп атайды.

Келсоқ — сөктен жасалатын өте дәмді әрі кәделі тағамның ірі. Сөк әзірленіп болғаннан кейін оны келіге қайта салып стіне қою сүт, піскен қаймақ немесе шикі қаймақ құяды да ары түйгендей түйе береді. Әбден түйіліп, араласып, тары ығызданып бөре бастағанда *келсоқ* дайын болады. Оны келі шінен қырып алып, ыдысқа салып жей бастайды. Балаларға лақанға салып құрт сияқты сығып ұстатады.

Жент — диірменге тартылған ірімшік, қуырылған бидай, өк талқаны, қорытылып тұндырылған май, қант, мейіз оспаларынан әзірленетін аса дәмді тағам. Ауқатты отбасылар іуны қысқа қарай әзірлеп сақтайды. Женттің бағасы сары іайдан жоғары. Сондықтан оны құрметті қонақтарға қояды, ой күндеріне арнайды. Жент, ежігей, құрт, ірімшік дастарқан айлығының, үй иесінің мырзалығының бір белгісі әрі кісіге ұрметі деп қаралады.

Мыжыма. Ыстық нанды табадан шыққан сәтте үзіп турап, ган қарынның сары майын қосып қолмен мыжып раластырады. Осы бір тез әзірленетін ыстық тағамды *ыжыма* деп атайды. Бұл тағам құрметті, әрі тез аттанатын ісілерге дайындалады. Бұған сары май көп кететіні ескеріліп, ыжыма бағасы бір лақ сойып қонақасы бергенмен тең аналады. Мыжыма жеп тойған адам ризалықпен аттанған.

Қарма — балықтан жасалатын тағам. Балықты жеп олғаннан кейін оның сүйегін (оның арасында әрине аз болса а балық еті де болады) жинап алады да оны қазанға салып үйдірмей қуырады. Сүйек қызарып мортылдақ болғаннан ейін, келіге салып түйіп, ұсақтайды. Оны диірменге тартқанда ызыл қоңыр ұнтақ болып түседі. Мұны *қарма* деп атайды. Ұл витаминді әрі денсаулыққа пайдалы ұлттық тағамның ірі саналады. Мұны балықшы ауылдардан көруге болады.

Томыртқа. Қыста семіз жылқының еті әрі тағам, жанға уат, денсаулыққа да аса пайдалы. Етке тойған кісілерге “ет - етке, сорпа — бетке” деп аяқпен, кесемен майлы сорпа

ұсынылады. Осы сорпа ішіне біреулер бір түйір мұз тастап жібереді. Мұны *томыртқа* дейді. Біреу өз елін, жерін сағынғанда “маған жоқ майлы омыртқа, көзден ұшты-ау томыртқа” деп қамыққан екен.

Томыртқа әрі тағам, әрі шөл басады.

Ақтүймеш атты дәмді тағам барын қазақтың бәрі біле бермейді. Бұл оңтүстікте, көбіне Сыр елінде жиі кездесетін тамақ. Ол қауынның қағы және сөк талқанының қоспасынан жасалатын тағам. Ол үшін қауын қағы мен талқанды келіге салып түйеді. Екеуі әбден араласып қою әрі дәмді ас пайда болады. Мұны *ақтүйме* деп, ол кейбір жерлерде *түйемеш* деп те атайды.

Бұқпа — жас марқаның етінен жасалатын тағам. Кей жерлерде *сірне* деп аталады. Марқаны сойып, жілік, қабырларын шауып екі бөліп, қазанға салып аздап су құяды, тұз салады. Қазанның бетін жауып, буын шығармай қайнатады. Бұқпа тез піседі әрі дәмді болады. Мұны жеген қонақтар әрқашан риза болып аттанады.

Мипалау — дәмді ұлттық тағамның бірі. Ол үшін миға бастың құйқасын, бауырын, құйрық майын ұсақтап турап, сорпа құйып араластырады. Оның үстіне қымыз, айран немесе сүзбе қатса (қосса) тіпті дәмді. Сосын аяқ, кесе сияқты шұңғыл ыдыстарға құйып, қасық салып қонақтарға ұсынады.

ЫДЫСЫН КӨРІП АСЫН ІШ

“Шешесін көріп — қызын ал, ыдысын көріп — асын іш”, — деген қазақ мақалында пәлсапалық, әлеуметтік терең ой жатыр. Демек ұлт тұрмысында ас сақталатын ыдыс-аяқ мәселесі де шет қалмаған. Оған үлкен мән бергендігіне жоғарыдағы бір ауыз сөз куә. Ата-бабаларымыз ыдысты қобіне ағаштан, жылқы, ешкі терісінен, мыс, жез сияқты металл бұйымдарынан жасаған. Солардың ішінде басты ыдысы — кәдімгі қара қазан.

Қазан — басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да (қымыздан басқасы) ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана қазан демей оны “қара қазан” деп қастерлеп айтады. Бұл жерде *қара* сөзі *қасиетті, киелі, берекелі* деген ұғымды білдіреді.

Қазан шойыннан жарты шар үлгісінде күйылады, ұстауға қолайлы торт құлағы болады. Сыйымдылығына қарай көлемі түрлі болады. Ең үлкенін *он екі қарыс қара қазан* немесе *пай қазан* дейді. Қазан басындағы ас пісіретін адамды (еркек, ийел) *қазаншы* дейді. Қазан кәдімгі үш бұтты ошаққа немесе керошаққа асылады. Бетіне қақпақ жабылады. Отырықшы кезде арнайы *қазандыққа* орнатылады. Кошпелі елде қазан дирамас үшін оған қалың кенеп, киізден арнаулы *қазанқап* жасалады. Оттан көтеріп алғанда қол күймес үшін және күйе сұқпас үшін *тұтқыш* қолданады. Ол қол басына киілетіндей кі киіз қалтадан (қолғаптан) жасалып, ұзындығы қазанның кі шетіне жететіндей жіппен қосақталып байланады. Қазан үбіндегі қаспағын қыру үшін *қырғыш* пайдаланады. Ол емірден жасалады.

Қазан тоқшылық пен берекенің, ырыс-несібенің айғағы, әсиетті киелі ыдыс. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айырықша орны бар. Қазанын сындыру – отбасын ойрандаудың, қазанын тоңкеру — аштықтың, тасқаралаудың белгісі. Мысалы “Жеті Жарғыда” өлім сазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтыла алады. Оның біріншісі — *қара қазан* толеу (“Ақиқат” журналың, 42 бет. N 6, 1993 ж.). Сол сияқты Абылай хан Кокшетаудан өшкенде арғын Бекболат бидің қуып келетінін біліп, өз қара қазанын жұртына тастап кетуінде үлкен философиялық ой, олғам бар еді. Оны зерделі би Бекболат дәл шешіп атынын жасын тартқан. (Мәшһүр Жүсіп шежіресінен).

Саба. Қымыз құюға арналған, ел ішінде кең таралған әделі ыдыстың бірі. Ол жылқы терісінен жасалады. Сабаны жасау үшін терінің түгін жидітіп, сыпырып, көк етін алып, азартып илейді. Дайын теріні талдың қабығымен бояйды. Одан соң әркім өзіне қажетті сыйымдылық мөлшерінде шамамен 100 литр) торт бой етіп пішіп, түбін кең, аузын арлау етіп шуда жіппен тігеді. Жоғары байлау үшін саба ұзына жіп тағады. Осылайша саба дайын болғаннан кейін ілін жуып-шайып айран күйіп бірнеше күн қояды. Мұны *іккі дәмін алу* дейді. Бұдан кейін керіп, созып, дымқылдап іештің ысын қырып алып жағады. Мұны *құрамдау* дейді. Оны қайтадан майлап, арша, тобылғы немесе қайың дбығының түтініне ұстайды. Мұны *ыстау* дейді. Ысталған ері әрі берік, әрі күрт-құмырсқа түспейді. Ыстың дәмі мен ісі күйылған қымызға шауып оның сапасын арттыра түседі.

Жылқы терісінен сыйымдылығы 5-10 литрлік шағын ыдыстар да жасайды. Оны *торсық* дейді. Одан сәл үлкенін

сүйретне дейді.

Сабадағы қымызда пісу үшін *піспек* қолданылады. Піспектің басы дөңгелек ағаштан жасалып, оның ұзын, түзу сабы болады. Сабының қолға ұстайтын жерін күміспен, сүйекпен әшекелейді.

Сабаның үлкен, кішісі де болады. Оның астына қою үшін ағаштан сәкі жасалады да оны саба аяқ деп атайды.

Қазақ келісті бәйбішелер мен орнықты әйелдерді *бес биенің сабасындай* деп мадақтайды. (“Бәйбіше айдын көлдің қоғасындай, Орнықты отыз бие сабасындай” (Н.Ахметбеков). Бірнеше жүз литрлік сабаны *тай жүзген* деп дәріптейді.

Бұрынғы кезде асқа, тойға, салтанатқа сабамен қымыз, малдан сойыс апаратын болған. Бұл үлкен құрметтің, мырзалық, байлықтың белгісі деп бағаланған. Мұны Мәшһүр Жүсіп былай деп суреттейді. “Шоң бидің сабасы деп айтсын деп Ақбура қара Алтайдың баласы Қарқынбайдың сабасын алып жүрді. Осы сабаның көрінісі төрт сары айғырдың терісінен жонын сыртына қаратып, жал-құйрығын өзіне қойып, бұлқынына бір өгіздің терісін тіктіріп, өзін түйеге теңдегенде сегіз қанат үйдің бір үзігі бір жағына тең болады екен” (Мәшһүр Жүсіп Көпеев 2 томдық шығармалар жинағы 2-том. 84-бет. Алматы, 1992 жыл). Бұрынғы бай, би мырзалар қымыз бен сабаға осындай мән беріп қарап, оны кісілік, сыйластық нышаны ретінде қабылдайтын болған. Кімнің сабасы үлкен болса, оның мерейі де, мәртебесі де, ел алдында беделі де жоғары тұрған. Демек қымыз бен сабаның әлеуметтік маңызы да зор болған.

Мес — қымыз, шұбат, айран тағы басқа сусын құюға және сақтауға арналған тері ыдыс. Ол бітеу сойылған ешкі (серке) терісінен жасалады. Оны жасаудың жолы былай: терінің жүнін, шелін алып, илеген соң талдың қабығымен, қынамен бояйды және ыстайды. Ішіндегі сусынды кесе аяққа құюға ыңғайлы болу үшін мес аузына асықты жіліктің екі басын кесіп өткізіп қояды. Мес жолаушыларға, көшіп-қонушыларға, бақташыларға сусын құйып алып жүруге өте ыңғайлы ыдыс.

Мес ұлт ұғымында *толу*, *жинау* мағынасын білдіреді. Білімдар ақын, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбалар жинағын “Мес” деп атаған.

Бұлқыншақ — сусын құюға арналған тері ыдыс. Оны жасау үшін жылқының сан терісін шашасына дейін бітеу сойып алады да саба әзірлегендей жолдардан өткізеді. Сан жағына сопақшалау етіп тері тігеді, ол пайдаланғанда астыңғы жағына келеді. Аузына ағаштан, тоздан тығын жасалады.

Бұлқыншақ ердің, кереге басына ілуте, жаяудың иығына асуға ыңғайлы ыдыс.

* * *

Жылқы мен сиырдың көн терілерін (сірі) жоғарыда аталған ыдыстардан басқа бие сауатын *конек*, су алатын *қауға*, *шелек*, тұз салатын *шанап* жасайды.

Шара — қымыз құюға арналған ыдыс. Кей жерлерде тегене деп те атайды. Қымызды дастарқанға апарғанда сабадан осы шараға құйып апарды. Оның ішіне 10-15 литр қымыз сияды.

Шараны емен, қайың сияқты қатты, кепкен ағаштардан ойып жасайды. Оның іші шұңғыл, өзі дөңгелек, жиегі тік болып келеді. Шара сыртынан ою-өрнектермен, күміс немесе сүйек әшекейлермен көркем безендіріледі. Өзіне лайық ағаш қақпағы болады, ол да әшекейленіп жасалады. Сары қымыз, әсем шара ырысты дастарқан сәні, үйдің көркі, қолы берекелі әйелдің мәртебесі десе де болады.

Ожау. Шарадағы қымызды сапыру, аяққа құю үшін *ожау* керек. Оны да әсемдеп, өрнектеп, ұзын сапты етіп тұтас ағаштан жасайды. Сабын қолға ұстауға ыңғайлы етіп, бунақтап, қосарлап, өрнектеп әсемдейді. Кей оңірлерде оның сабы қысқа, тіке жасалатын үлгілері де бар, оны *сапты аяқ* деп те атайды.

Ожау шараның егізінің сыңарындай бір-біріне жарасып тұрады, сондықтан да екеуі бірге жасалады, бірге қолданылады, бірге сақталады.

Табақ — ет салынып тартылатын ағаш ыдыс. Мұны емен, қайың сияқты кепкен қатты ағаштарды әуелі қайнатып алып шабады. Іші шұңғылдау, жалпақ ернеулі, жиекті, дөңгелек, ағашы қалыңдау болып келеді. Көлемі үлкен, кішілі болып жасала береді. Үлкендерін сыйлы адамдарға бас табақ ретінде тартады. Табақ шарадай безендірмейді, тек ағаштың өзінен ғана жасайды. Көбінесе ет тағамдары салынатындықтан тазартуға, жууға оңай болуы үшін өрнектер де ойылмайды.

Астау — жоғарыда айтылғандай қатты ағаштардан тұтас ойылып жасалады. Ол табақтай емес ұзыншалау, сопақ, екі жағынан ұстауға лайықталып ернеу қойылады. Бұл ыдыс қазіргі күндерде көп қолданылмайды. Сондықтан мұны ғана көруге болады.

Күбі — малды ауылдың жазы-қысы пайдаланатын ыдысы. Бұған *қымыз*, *шұбат*, *айран*, *ашыған* көже құйылады. Күбіні тұтас ағаштан үңгіп, немесе арша, талдың жұқа

тақтайшаларынан қосып та жасайды. Жеке тақтайшалардан жасалған күбіге түп салып (ол үшін тақтайшалардың іш жағы кертіледі), сыртынан темір құрсаулармен тартылады. Тұтас ағаштан жасалғандарының іші тегіс болуы үшін күйдіріледі. Дайын күбінің ішін майлап, саба сияқты жиі-жиі ыстап отырады. Күбінің сыйымдылығы 20-30 литр, биіктігі 80 сантиметрдей, түп жағы кең, аузы тарлау болады. Шаң-тозаң түспес үшін, әдемі, дөңгелек қақпақ жасалады. Піспек сабы шығып тұруы үшін қақпақтың төбесін тесік немесе шетіне керткі қалдырады.

Ағаштан күбі сияқты ойып, құрастырып кіші ыдыс та жасайды. Оны *күршек* дейді.

Піспек. Күбіндегі сусынды пісіп, араластыру үшін *піспек* пайдаланады. Оның күбі аузынан (қақпағынан) сыртына шығып тұратындай ұзын сабы және жалпақ әрі дөңгелек басы болады, ағаштан жасалады. Сабының жоғарғы жағын әшекейлеп немесе күміспен қаптап әдемілейді.

Аяқ — ағаштан ойылып жасалатын ас құйылатын, сыйымдылығы 1 литрдей шұңғыл, дөңгелек ыдыс. Оның орнықты түбі, жиегі тік, жұқа болады. Көбіне қымыз, шұбат құйылып, сыйлы кісілерге ұсынады. Сыртын оюлап, түрлі-түсті сырмен сырлайды. Балаларға лайықталған шағын түрін *тостаған* дейді.

Қасық. Сыртқы түрі ожауға ұқсас, көлемі кіші, әдемі, ыңғайлы етіп ойылып жасалады. Сұйық ас ішуге арналған. Ағаштан жасалатындықтан *ағаш қасық* деп аталады. Үлкен адамдарға және балаларға арналған үлкенді кіші түрлері де болады. Өте кішкентай түрлерін *май қасық* деп атайды. Қасықтар боялып немесе түрлі-түсті ашық бояулармен әрленеді.

Келі — тарыны ақтауға арналған құрал. Жуан әрі қатты тұтас ағаштан үңгіп жасайды. Орнықты болуы үшін түп жағын қалың қалдырады. Түбінен жоғары 10-15 сантиметрдей жерінен бунақтап ойып, жоғарғы жағын қиғаштап сәл жіңішкертіп бел жасайды. Кейбір жерлерде сол ойған жердің ағашын тұтас қалдырып, ұстайтын тұтқа қалдырады. Ішін әбден үңгіп болғаннан кейін тегістеу үшін және ағаш шайырланып қатаюы үшін отпен қариды. Келінің биіктігі 70-80, диаметрі 30 сантиметрдей болады.

Тарыны тую үшін *келсап* (келісап) керек. Оны ұзындығы 1 метрдей, диаметрі 15 сантиметрдей жұмыр ағаштан жасайды. Түйгенде келінің жиегі қолға тимейтіндей етіп орта тұсынан екі қолмен ұстайтындай ойып жұмырлайды.

ҚАРАШАҢЫРАҚ

(халық мәдениеті мен этнографиясы)

КИІЗ ҮЙ

Орда (Ақ орда) — он, он екі және одан да көп қанатты салтанатты үй.

Отау — жас отбасы үйі.

Қараша үй — малшы, шаруа үйі.

Жолым үй — абылайша—керегесіз немесе уықсыз тігілген жолаушы үйі.

Күрке, қос — шаруашылық, ас сақтайтын үй.

Киіз үй құрылысы

Сүйектері:

шаңырақ

құрамы:

шеңбер, (тоғын)

күлдіреуіш,

қаламдық,

кепілдік

уық

(қаламы, иіні бауы)

кереге (қанат)

құрамы:

ерісі,

сағанақ,

балашық,

көгі,

желкоз,

торкоз,

азаткоз

Киіздері мен шилері:

түндік

туырлық

үзік

додеге

ши

шымши

Арқан, баулары:

баскүр

аяқкүр

түндік бау

белдеу

жіп

күр

үзік бау

уықбау

есік
құрамы:
сықырлауық, маңдайша,
бақалақ, босаға
табалдырық
бақан
қазық

үшбау
желбау
таңғыш
бау
тарту арқан
жел арқан
белдеу арқан

ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ

кілем
алаша
ағаш
текемет
сырмақ
көрпе
төсеккөрпе
шабадан
шымылдық
басжастық
құсжастық
сандық
жәшік
қолсандық

адалбақан
кебеже
асадал
жүкжапқыш
жүк-аяқ
жағлан
орамал
сүлгі
көрпеше
көрпе
төсеніш
тулақ
абдыра
түскиіз

төсекағаш
жастық
кір салғыш
кесе қап
аяқ қап
дастарқан
айна
шам
бөстек
қоржын
қобдиша
киіз

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

тағамдар *ақ* (сүт), *қызыл* (ет), *көк* (жеміс) болып үшке бөлінеді.

Сүт тағамдары

қымыз
қымыз түрлері:
уыз қымыз
бал қымыз
түнемел қымыз
құнан қымыз
дөнен қымыз

уыз
уыз көже
сүт көже
айран көже
ашыған көже
қойыртпақ
қатық

бесті қымыз
асау қымыз
саумал қымыз
май
май сүті
ірімшік
ақ ірімшік
сарсу
сүзбе
тосап
құрт

айран
шалап
іркіт
быршыма
қаймақ
балқаймақ
торта
қымыран
шұбат
ежігей
құрт коже

Ет тағамдары

қазы
қарта
жал
жая

қарын
шұжық
мипалау
бұқта

қуырдақ
томыртқа
салма
сорпа

ЫДЫСТАРЫ

саба
сүйретпе
бұлқыншақ
мес
торсық
көнек
қарын (май салатын) қауға
құмыра
шелек
шанышқы
талыс
күршек
күбі
піспек
қалақ
елеуіш
самаурын
түрба

патынас
кеспек
көзе
астау
тасқорық
дорба
тостаған
қасық
кесе
құманша
құман
шәйнек
бақыр
тапа
қауға
қақта

ағаш табақ
күміс табақ
тегене
керсен
шара
зерен
топатай
шылапшын
аяқ
елгезер
саптыаяқ
ожау
шөміш
кепсер
сүзгіш
сауыт
шанаш
леген

ҚАЗАҚ КИІМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Ерлер киімдері

тымақ	саптама етік	шалма
бөрік	жым етік	шапан
құлақшын	кебіс	қолғап
жалбағай	шабата	кісебелбеу
айырқалпақ	сандал	белбеу
қалпақ	күпі	көйлек
жапетер	шоқай	жейде
тебетей	кеудеше	күрте
телпек	шекпен	дамбал
бешпент	шәрке	шалбар
жақы	тұлып	мәсі
ішік	шұлғау	байпақ

Әйел киімдері

сәукеле	шылауыш	желетке
желек	тон	ішік
тақия	бешпент	шапан
қасаба	бүркеніш	белдік
біртартар	кәзекей	етік
орамал	белдемше	кебіс
күндік	жеңсіз	мәсі
жаулық	қамзол	шұлық
шәлі	іш көйлек	шұлғау
кимешек	көйлек	кеудеше
бөкебай	жеңсе	қолғап

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ТАҒЫМДАРЫ МЕН ӘСЕМДІК БҰЙЫМДАРЫ

сәукеле	тұмарша	қолазы
қарқара	түйреуіш	тана
жырға	жүзік	талмоншақ
тақия	білезік	шашақ
мандайша	сақина	кемер белдік
алқа	балдақ	оқа
ілтөк	қолсандық	айна
қапсырма	оңіржірек	шаштарақ
сырға	үкіаяқ	бастарақ
шашбау	үкі	шолпы

шашқап
шаштеңге

күміс түймелер шок

БОЗБАЛАНЫҢ ӘСЕМДІК БҮЙЫМДАРЫ

үкілі бөрік
зер қалпақ
қолазы
көз отаға

кісе белбеу
оның құрамы:
белбеу
қын
пышак
оқшантай

қамшы
оның құрамы:
орім
сап
алақан
бунақ
бүркеншек
мойнақ
түйін
бүлдірге т.б.

ТІГІС ТҮРЛЕРІ

алтындап тігу
айқас тігіс
батырып тігу
бедерлеп тігу
бүгіс тігіс
бүрме тігіс
есіп жөрмеу
жапсыру
жөрмеу
жара тігіс
көктеу
копіртіп тігу
қабу
қабырға тігіс
қусыру

қою тігіс
маржан тігіс
обістіру
сыру
таңдай тігіс
тебе тігу
тепшу
түктеп тігу
тұмарша
торлау
“тышқан із”
шалып тігу
шанша тігу
шарбақтап тігу
ызу

БАЙЛАУ ТҮРЛЕРІ

қазықбау шалу
қалмақша байлау
ілгектеп байлау
іле байлау
іле салу
тұзақтап байлау
тиектеп байлау
күрмеу

шалып байлау
шиелеп байлау
орап байлау
түю
ноқта байлау
бас байлау
шанду
шырмау

МУЗЫКА АСПАПТАРЫ

домбыра
қобыз
шаңқобыз
қылқобыз
шертер
жетіген
уілдек
дабыл
даңғыра
сыбызғы
дауылпаз
шындауыл

асатаяқ
қамыс сырнай
мүйіз сырнай
адырна
сазсырнай
керней
үшкірік
тастауық
ұран
желқобыз
бұғышақ

БАЛАҒА ЛАЙЫҚТАЛҒАН ЗАТТАР

бесік
оның құрамы:
бесіктің басы
бесіктің аяғы
мамық
тартпа бау
(қол бауы)
жөргек

арқалық
бесікжапқыш
басжастық
аяқ жастық
ойыншықтар
куыршақ
доп
доптаяқ

ит
қоларба
әткеншек
қолсандық
дойбы
шахмат
қолшана
шаңғы

Бесікке ырымдап тағылатын заттар:

үкінің тұяғы
кірпі терісі

тоқаш нан
жыланның бас сүйегі

Бала заттары мен ойыншықтары:

кітапша
асық

топай
асық дорба

ҚОЛ ӨНЕРІНІҢ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРЫ

Ерлер құралдары:

балта
балға

бұрғы
үскі

кемпірауыз
кескір

ара	егеу	қысқаш
тез	қашау	тос
талқы	ақсақ темір	сүргі
жады	қайрақ	жоңғы
шот	тескіш	нәстүрік
тістеуік	қуысқұлақ біз	біз
бақауыз	қайшы	корік
пышак		

Әйел қолданатын құралдар

<i>Ұршық құрамы:</i>	сабау
басы	түйреуіш
сабы	<i>ормек құралдары:</i>
бұрмашасы	адарғы
ине	қылыш
тебен	серу ағаш
жуалдыз	мосы
оймақ	арқалық
тері оймақ	күзу шыбыны
қайшы	бақылау жіп
білтегеш	кергіш қазық т.б.

ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРМЫС ҚҰРАЛДАРЫ

келі	бел орақ
келісап	қол орақ
насыбай тостаған	күрек
үккіш	қайрақ
иінағаш	тоқлақ
диірмен	ара
<i>құрамы:</i>	балта
астыңғы бет	балға
үстіңгі бет	тістеуік
сабы	түрпі
шүлдік	пышак
бақалақ	көсеу
диірмен тері	шімшуір
кетпен	шыпта
айыр	былғауыш
тырнауыш	сүзгі
шотаяқ	қырғыш

сүймен
қазық
арқан
желі
көген
жіп-шу
құлып
кісен
қап
қапшық
мосы
қарғы

түтқыш
қалақ
бақан
науа
қауға
қантшаққыш
ошақ
жерошақ
тасошақ
оқтау
нантақтай
сірге

Арқан түрлері

қосақ арқан
матау арқан
желі арқан
жүн арқан

сүйретпе арқан
ат арқан
қыл арқан
кендір арқан

КӨЛІКТІҢ ЕР ТҰРМАҢДАРЫ

жылқы тұрмандары

ер (ер-тоқым)
құрамы:
(қасы
қаптал
таралғы
үзеңгі
қанжыға т.б.)
тоқым
тебінгі
терлік
желдік
төс айыл
шап айыл
тартпа
өмілдірік
құйысқан
жүген
құрамы:
кекілбасар,
балақ бауы,
сағалдырық,

шылбыр
атдорба
арқалық,
өре
көпшік
желпуіш
аттарақ
жабу
кісен
құрық
таға
қамшы
шыбыртқы
тұсамыс
құрамы:
екі балақ,
тиегі
алақаны
шідер
құрамы:
үш балақ,

сулық, ауыздық,
кеңсірік,
тізгін т.б.

ноқта

Түйе тұрмандары

ноқта
мұрындық
бөлігі:
тығырық
желбұйда
бұйда

қомша
шолке
желқом
ашамай
жабу
жазы

Жегін әбзелдері мен құралдары

ат арба
қарындаш арба
пәуеске
екі аяқ арба
төрт аяқ арба
күймелі шана
жәй шана
ат шана
мала
(бөліктері)
шұжық
құлақбау
тамақбау
жүген
ноқта
божы (делбе)
түйе жегу:
шолке
(құлақбау)

сүйреткі
тең
жылқы жегу:
сырттық
қамыт
доға
котерме
шіля
ершік
өгіз жегу:
дара қамыт
мойынтұрық
шүй ағаш
(шүйтемір)
шүйбау
ыңыршақ
котерме
басжіп

САЯТШЫЛЫҚ, АҢШЫ, БАЛЫҚШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

саятшылық:
томаға
тұғыр
балақбау
дабыл
тор
тұзақ
құс салу

тазы
балықшылық:
ау, тор
қайық
ескек
қармақ
сүзекі
қаза басу

бүркіт
қаршыға
қырғи
сұңқар
ителгі
түйғын
лашын т.б.
пышақ
мылтық
сойыл
қақпан

жүтпа ойнату
шығым
инелік (ау тоқу)
аңшылық тәсілдері:
у салу
қазып алу
су күйю
бұрап салу
түгін салу
ор қазу

ЖАУЫНГЕРЛІК, САЙЫПКЕРЛІК ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ

дулыға
сауыт
кіреуке
көбе
қалқан
садақ
қорамсақ
жебе
(қозьджаурын)
найза
сүңгі
шоқпар
күрзі

дырау
сойыл
бүкпелі қылыш
қылыш
қылыш қынабы
алдаспан
селебе
семсер
қанжар
сапы
айбалта
мылтық
оқшантай

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

бәйге
тай жарыс
құнан жарыс
ат жарыс
жорға жарыс
палуан күрес
көкпар
өгіз тартыс
арқан тартыс
қыз қуу

жаяу жарыс
теңге алу
аударыспақ
тай үйрету
дойбы
тоғызқұмалақ
қолтүзак
асық ойыны
садақ тарту
жілік ұру

Ү. ТАРИХТАН ТӘБӘРІК

ИСЛАМ ТАҒЫЛЫМЫ

Алла тарапынан білдірілген әмір, міндет және тыйымдардың жиынтығын Дін деп атайды. ДІН үлкен ғылым. Дініміздің аты — Ислам. Ислам діні қоғамға және ізгі адам баласын адамгершілікке баулуға қызмет етеді. АЛЛА — ислам дінінің баршаға бірдей күдіреті күшті құдайы. Алла — ең әділ үкім шығарушы. Алла — шексіз әмірші, пәк, үстем, данышпан (Құран Кәрім). Құдай — бір, Құран — шын, Пайғамбар хақ. Ислам — Алланың және пайғамбарының бұйрықтарына сеніп, мойындаған, шын берілген деген ұғымды білдіреді.

Алланың және пайғамбарының бұйрықтарына бой ұсынып, мойындағандарды *мұсылман* дейді. Ислам бір қауымға немесе бір ұлтқа ғана тән емес, бүкіл адам баласына тән. Қасиетті күні — жұма. Жер бетінде 1,5 миллиард мұсылман бар. Олар Азияда, Еуропада, Африкада, Америкада, Австралияда, Жаңа Зеландияда және Океания аралдарында тұрады. Орта Азия, Қазақстан елі исламды 8-ғасырдың басында қабылдады.

Исламның 5 шарты (парыз): 1. Алланың барлығына, Мұхамбет пайғамбарға сену, мойындау. 2. Намаз. 3. Ораза. 4. Зекет. 5. Хажылық.

Иман. Пайғамбардың Алла атынан түсірілген хабарламалары мен бұйрықтарын сөзсіз қабылдауды, мойындауды және орындауды Иман дейді. Бұл мұсылмандық белгісі. Мұсылманның Алла атынан түсірілген тәлім-тәрбиелік, уағыз-осиет, ереже-қағидалар жиынтығын — *шариғат* дейді.

Иманның 6 шарты: 1. Алла-тағалаға иман келтіру. 2. Періштелерге иман келтіру. 3. Кітаптарына иман келтіру. 4.

Пайғамбарларына иман келтіру. 5. Ақирет күніне иман келтіру.
6. Жазмыш пен қазаға иман келтіру.

Иманның осы 6 шарты түсіндірілі:

1. Алла-тағалаға иман келтіру: Алла біреу. Ол бәрінен де пәк, сипатында ешқандай нұқсан жоқ. Ешкімге де ұқсамайды, мұқтажсыз. Жаратушы, жоқтан бар етуші. Бәрін де біледі, естиді, кореді.

2. Періштелерге иман келтіру:

Әдемі, ішпейді, жемейді. Аллаға қызмет етеді, мұқтажсыз. Жерде де, кокте де жүреді.

Ең ұлы 4 періште бар. Олар:

1. Жәбірейіл — Хақ тағала атынан жіберілген кітаптар мен бұйрықтарды пайғамбарларға жеткізіп тұрады. Алламен арадағы байланышы, сенімді хабаршы.

2. Мекайыл — табиғат күшін: жауын, жел, сгіншілік т.б. құбылыстарды бақылайды.

3. Исрафил — Қиямет күнінде жел тұрғызып дауылдатады, адамдардың қайта тірілуін бақылайды.

4. Әзірейіл — ажалы жеткендердің жанын алады.

Б а с қ а п е р і ш т е л е р :

Мүңкір-нәңкір — қабірде сұрақ алады.

Қарамин — оң жақта отырып сауап (жақсылық) жазады. Кітабының аты — *илион*.

Катибин — сол жақта отырып күнә (жамандық) жазады. Кітабының аты — *сиджин*.

Суруш — даналық, зейінділік, ілім, білім періштесі.

Ібіліс — адамды аздырушы, азғырушы.

Дардайыл — ай, күн, жұлдыз періштесі.

Ысмайыл — жердегі киелілер періштесі.

Зұлқайыл — қиямет күнінде таразыға алып баратын періште.

Мәлік — жеті тозақ періштесі.

Ридуан — жұмақ періштесі.

Періштелердің санын бір Алладан басқа ешкім білмейді.

3. Кітаптарға иман келтіру: Аллатағала Жәбірейіл арқылы 104 түрлі жазбалар мен кітап түсірген. 100 жазба: Адам, Шиш, Ідіріс, Ибраһим пайғамбарларға жіберілген. Кітаптар: **Тәурат** — Мұса ғ.с; **Зәбур** — Дәуіт ғ.с; **Інжіл** — Иса ғ.с; **Құран** — Мұхамбет ғ.с. түскен.

Исламның қасиетті кітабы — ҚҰРАН. Құран — (оқығанды қаіталау, қайта айту мағынасында). Мұхамбеттің 40 жасында жұма күні түнде ("Қадыр түні") коктен Алла әмірімен түсе

бастаған қасиетті кітап (23 жыл бойы түсіп болды). Араб тілінде жазылған және исламның тұңғыш кітабы. Алғаш рет кітап етіп бастырған Осман халифа (ҮІІ ғ.).

Құранда 114 сүре, 6288 аят, 77439 сөз, 325743 әріп бар. 1 сүре Фатиха (Беташар), соңғысы 114 Нас (Адамдар) сүресі. Құранды алғаш қазақшаға аударған, баспадан шығарған Ақыт хажы Үлімжіұлы (1868 — 1940) және оның ұлдары Ғазез, Мақаш. Тұңғыш рет (1988) толық аударып Сауд Аравиясында және Түркияда бастырған Халифа Алтай хажы. Қазақстанда 1991 ж. Алматыда басылды, аударғандар Р.Нысанбайұлы, У.Қадырханов. Ғұзайыр құранды жатқа білген. Бұл кісінің есімі пайғамбарлар қатарында да аталады. Құранды жатқа білетін адамдарға *Құран қари* деп құрметті атақ береді. Мысалы, аманкелділік (Торғай облысы) Сатыбалдыұлы Файзолла ақын *құран қари* атанған қасиетті кісі болған (1881-1960 ж.). Құран әр елдің 60 тіліне аударылған.

Құранның басы — *дәрет*, апасы — *бата*, қорғаны — *аятыл күрсі* (дұға аты), ділі — *ясин* (дұға аты), кілті — *Ысырайыл Ықылас*, шырағы — *тәсбі*. Құранды оқу — *сұннат*, тыңдау — *парыз*. Құранның әр тілдегі қысқаша мағынасы мен түсінігін *тәфсир* деп атайды. Құран және оның тәфсирлері Анкара, Ыстамбұлда, Қазанда, Уфада, Ташкентте басылған.

“Сендердің ең жақсыларың Құранды үйренген және үйреткен кісі” деген Мұхамбет пайғамбарымыз.

4. Пайғамбарларға иман келтіру: Пайғамбар — инабат, қайырымдылық қасиеттері, өзгенен артық білім, бедел-белгілері бар адам. Ол адамдардың ең ұлысы, ізгі жандысы, ақылдысы, алдағыны болжағышы және ең білгірі. Пайғамбарды Алла тағайындайды. 124 мың пайғамбар болған. Ең біріншісі — Адам ғ.с. Ең соңғысы және абзалы Мұхамбет ғ.с.

Пайғамбардың 5 сипаты бар: 1. Адал, таза. 2. Сенімді. 3. Алланның әмірлерін күмәнсіз хабарлаушы. 4. Кореген. 5. Күнөдан пәк.

Құран Кәрімде аты берілген пайғамбарлар:

1. Адам	6. Ибраһим	13. Шүғайып	20. Жүніс
2. Енріс	7. Лұт	14. Мұса	21. Зүлкәфил
3. Нұх	8. Ысмайыл	15. һарон	22. Зәкәрия
4. Идрис	9. Ысхак	16. Дәуіт	23. Яхя
5. Салих	10. Жақып	17. Сүлеймен	24. Аіса (Иса)
	11. Жүсіп	18. Ілияс	25. Мұхамбет
	12. Аюб	19. Әлһиясағ	

Адам Ата — ата-анасыз, **Иса** — әкесіз, **Шиш** — анасыз туған пайғамбарлар. **Ғұзайыр**, **Лұқпан**, **Зұлқарнайын** пайғамбарлығында қайшылық бар. Хақ тағала **Мұхамбетті** — сүйіктім, **Ибраһимді** — шын досым, **Мұсаны** — тілдесушім, **Айсаны** — өз рухымнан деген. Төрт пайғамбар тірі, олар **Иса**, **Ідріс**, **Қыдыр**, **Ілияс**. Пайғамбарлардың денесі шірімейді. Бірақ, **Жүсіп** пайғамбарлардың денесі шіріді. Себебі ол әкесіне аттан түспей сәлем берген.

Мұхамбет пайғамбар — адамзаттың ұлысы, адам баласының қамқоры әрі ұстазы, Алланың соңғы елшісі. Пайғамбарымыз 571 жылы 28 шілдеде дүйсенбі күні Мекке қаласында дүниеге келіп, 632 жылы 8 маусымда дүйсенбі күні Мәдинада қайтыс болып, сонда жерленген.

Пайғамбарлық 40 жасында келген. Пырақ — оның кокке барғанда мініп барған аты. Мұхамбет пайғамбардың өзге пайғамбарлардан айрықша 5 түрлі қасиеті бар: 1. Ержүрек. 2. Бүкіл адамзат пен жын-перілер әлемін билеуші. 3. Соңғы пайғамбар. 4. Бүкіл әлемге пайғамбарлық, ұстаздық етуші. 5. Шарифатынан қиямет күніне дейін тәртіп, тағылым қағидасы ошпейді.

Мұхамбет ғ.с. хазіреті Ысмайылдан тарайды. Атасы — Әбдімүгәлліб, әкесі — Абдолла, анасы — *Әмина*. Немере ағасы Әбутәліптің қамқорлығында өскен. Сүт анасы — Халима. Пайғамбардың көркем есімдері көп. Мұхамед, Ахмет, Мұстафа, Махмұт. Аналарымыздың есімдері Хадиша, Айша. Пайғамбардың емшісі — *Шифа*. Пайғамбарымыздың ұрпақтары болған. Олар қыздары Руқия, Зейнеп, Ум-Күлсім, Фатима. Ұлдары Қасым, Абдолла, Ат-таһир. Үш ұлы да жастай қайтыс болған.

Мұхамбет пайғамбарымыздың халифалары (орынбасар, мұрагер деген мағынада, шадиярлар).

1. *Әбубәкір* (568—634 ж.ш.) — бірінші халифа.
2. *Омар* (644 ж. өлген) — екінші халифа.
3. *Осман* ((656 ж. өлген) — үшінші халифа.
4. *Әли* (661 ж. өлген) — төртінші халифа. Пайғамбардың немере інісі және күйеу баласы, Фатиманың күйеуі, батыр. Мінген аты — *Дүлділ*, қылышының аты — *Зұлпұхар*.

Сахаба — пайғамбардың серіктері, оның козін коргендер, исламның сенімді қорғаушылары. 33 мың сахаба болған.

Біз “Құдайдың құлымыз, Мұхамбеттің үмбетіміз, 4 шадиярдың досымыз”, — дегенде мүсылмандар осы халифаларды айтамыз.

Біздің Мұхамбет пайғамбарымыздың ұлылығын, қасиетті ілімін шетел ғұламалары, басқа да дін өкілдері жоғары бағалаған. В.Панова, Ю.Вахтин “Мұхамбеттің өмірі” (“Жизнь Мухамеда”) атты кітап жазды (Мәскеу — 1991). Ол 1994 жылы қазақ тіліне де аударылды.

Ақирет күніне иман. Исафил дауылынан кейін олгендердің тірілетініне, адамның тірі кезіндегі жақсылық, жамандықтарының есептелетініне және қыл көпір, жұмақ, тозақ ақиқаттығына сену және оған иман келтіру. Исафил дауылынан кейінгі күнді *Ақырзаман* дейді. Бұл жер бетіндегі тіршіліктің соңғы күні. Бұдан кейін қиямет қайым яғни олгендердің бәрі тіріліп, махшар алаңына жиналып, әр адам амалдары, істеген істері үшін жауап береді.

Жазмыш пен қазаға иман келтіру. Жазмыш — Аллатағаланың пенделерінің өміріне белгілеген, маңдайына жазған қуанышты әрі қайғылы тағдыры. Әр мұсылман оған мойын ұсынып, сенуі, тозуі керек. Аллатағаладан қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтауды отіну, құлшылық ету жөн. Әруаққа дұға, кемтарларға қайыр, садақа беру қажет. “Жазмыштан озмыш жоқ” дейді халық тағылымы. Жазмыш кітабын *лаухыл махбуз* деп атайды. Лаухыл махбузда жазылған деген сөз осыдан шыққан.

Имандылық негіздері. Имандылықтың жоғарыда аталған 6 нартынан басқа әр уақытта есте тұтып, қолданылатын негіздері де бар. Олар мыналар:

Иманның басы — **сенім**. Иманның тәні — **намаз**. Иманның жүрегі — **құран**. Иманның көрінісі — **ықылас**. Иманның нұры **шындық**. Иманның дәмі — тазалық, пәктік. Иманның жемісі — **ораза**. Иманның шипасы — **ар, ұят**.

(Н.Осерұлы “Мұсылмандық қағидаларынан”)

Дін атаулар мен сөздерге түсінік. Адам Ата — жер бетіндегі тұңғыш жаратылған адам. Есімі — Сәһнолла. Бірінші пайғамбар. Аллатағала топырақтан жаратқан. Әуелде жұмақта болған. Адам Атаға мәкірам айында жұма күні жан кірді. Тұңғыш адамның алғашқы сөзі *Ахамдилюлла* яғни *Аллаға шүкір* деген сөз болған.

А д а у а - А н а — **Адам** атаның әйелі, алғашқы ана. Үлкен сипа иырығанына ергені үшін Аллатағала Адам ата екеуін жұмалдан шығарып жер бетіне жіберген.

М е с к е — мұсылмандардың Арабиядағы қасиетті бас

қаласы, астанасы. Мұхамбет пайғамбар осында туған. Қағба осы қалада. Хажылыққа баратын адамдар осы Меккеге барады.

М ә д и н а (пайғамбар қаласы деген сөз) — Мұхамбет пайғамбар 622 жылы 16 шілдеде Меккеден осында қоныс аударған. Содан бастап 622 жыл хижра жылы яғни қоныс аудару жылы немесе ислам жыл санауының басы деп аталады. Мұсылмандардың жыл санауы осы жылдан басталады. Мұсылманның алғашқы астанасы да осы Мәдина.

Мұхамбет пайғамбар Мәдинада жерленген.

М е ш і т — Алла үйі, қасиетті инабат, ғибадат орны. Мешітке оң аяқпен, сәлем беріп кіреді. Мұнда торге, орынға таласпайды, дүние сөзін немесе әдепсіз сөйлеуге болмайды. Әр мұсылман Алла үйіне құрметпен қарауға міндетті.

Мұсылман қауымының бас мешіті Мекке шаһарындағы Әл-Масджид аль Харам. Бұл мешіт алаңында Қағба орналасқан.

Қ а ғ б а — исламның қасиеті киелі орны. Мекке қаласындағы Әл-Масджит аль Харам ауласының ортасына орналасқан. Дүние жүзінің мұсылмандары ғибадат еткенде бетін осы Қағбаға (құбылаға) қаратады. Қағбаны Ибраһим пайғамбар салдырған. Қажылыққа келгендер 7 рет айналып шығуы керек.

Қағба түбінен шығып жатқан киелі бұлақ суын мұсылмандар *зәмзәм* деп атайды.

А й т — діни мереке. Оның 2 түрі бар. Біріншісі — Ораза айты. Екіншісі — Құрбан айты. Айт мерекелері 3 күнге созылады. Ораза айтында пітір, садақа беріледі. Ораза айтынан 70 күннен кейін келетін Құрбан айтында малдан құрбан шалынады. Құрбанға шалынатын мал қой, ешкі, сиыр, түйе. Малдың басқа түрі немесе хайуандар құрбанға шалуға жарамайды. Айт күндері ораза ұстауға болмайды.

Ж ү м а қ (жәннат, пейіш) — о дүниедегі жайлы мекен. Бұған күнәсіздер немесе күнәдан арылғандар барады. Сегіз жұмақ бар. Олар: *Дәріслам* (қызыл жақұттан тұрғызылған) *Дәріл қарар* (күмістен), *Жәһнәтіл нағым* (зүмреттен), *Жәһнәтіл ғадил* (лағылдан), *Жәһнәтіл мәғүй* (гауһардан), *Дәріл нақар* (нүрдан), *Жәһнәтіл фердәуіс* (зүбәржаттан), *Жәһнәтіл ағла* (алтыннан).

Жұмақта ауру-сырқау, ұйқы болмайды.

Т о з а қ (тамұқ) — о дүниедегі күнәлілерді азапқа салатын орын. Имансыздар мұнда мәңгі қалады. Жеті тозақ бар, олар: Жаһаннәм, Иази, (Ләзи), Жахин, Хатма, Саир (сағир), Сахр (Сықыр) һауия (хауия).

Қажылық (қажы) — мұсылманның бес парызын орындаған, Меккеге барған адамға берілетін діни атақ. Алғашқы хажылық сапар Мұхамбет пайғамбар тұсында 631 жылы басталған. Қажылық сапарға алғаш басшылық жасаған бірінші халифа Әбубәкір (568 — 634 ж. шамасы.). Қажылық сапарға тұңғыш барған қазақ уақ Нүркен бай (1830 ж. шамасы).

Амал — әрбір адамның бұл дүниедегі іс-әрекеті, сойлеген сөзі *амал* деп аталады. Амалдың сегіз түрі бар.

1. **Парыз** — Алла тарапынан әр пендеге істеуге міндеттелген амал.

2. **Сүннет** — Мұхамбет пайғамбардың діни тәлім-тәрбие қағидаларын орындау.

3. **Уәжіб** — әр мұсылманның орындайтын міндеттері.

4. **Мұстахаб** — пайғамбарлар кейде істеп, кейде істемеген амалдар.

5. **Мұхаб** — мұндай амалдары орындауға да, орындамауға да болады. (Мысалы бос сөз сойлеу).

6. **Харам** — тыйым салынған амалдар.

7. **Мәкруһ** — әр мұсылманның өздерін тежеп ұстауды талап ететін амалдар.

8. **Мұстахара** — әдепке жатпайтын іс-әрекеттер.

Күнә — ислам парыздары мен иман шарттарын орындамаған және дін тыйым салған іс-әрекеттер *күнә* деп оны жасағандар *күнәһарлар* деп аталады. Мұндайлар тозаққа жіберіледі.

Күнәнің 6 түрлі ауыр жазасы бар. Бұл дүниеде оларда иман болмайды, өмірі қысқа болады, ризығы кем болады. О дүниеде сұрақ қатты болады, үнемі азапта болады, тозаққа түседі.

Тәубә (тоба) — әр адамның өз тағдыры мен құдайдың бергеніне ризалық білдіруі. Сол сияқты істеген күнәсі үшін қатты өкініп, Аллатағаладан кешірім сұрауы *тәуба* деп аталады. Шын тәубаға келіп, оны екінші қайталамайтындардың күнәсі кешіріледі.

Имам — Құдайға ғибадат ету жолындағы жетекші, мұсылман қауымының басшысы, діни білімі, атағы бар адам.

Қазы — мұсылман елдеріндегі діни судья. Дін мәселелерінің орындалуына бақылау жасайды және соған лайық шешім шығарады.

Мүфти — мұсылман мемлекетіндегі дін қауымының басшысы. Дін заңы мен шешімдерін шығарып отыратын

күрмет иесі.

Х у т б а — діни мерекеле, жұма намаздарында, діни бас қосуларда, құдайы шалғанда айтылатын дін, адамгершілік, әдет, салт уағыздары.

А з а н — мұсылмандарды намазға шақыру деген сөз. Намаз кезінде муәззин-азаншы мешіт мұнарасына шығып азан шақырады. Мұхамбет пайғамбар тұсында азаншы Біләл есімі мұсылмандар арасында бүгінге дейін құрметпен аталады.

З е к е т — Исламның төртінші шарты. Бұл малынан, алған онімінен құдай, дін жолына, жетім-жесірлерге берілетін үлес, салық. Зекет алтын, күміс қорынан, ақшалай табысынан да беріледі. Жыл сайын зекет беру әр адамның адамгершілік әрі мұсылмандық борышы. Малдан зекет молшері мынадай: 40 қойдан 1 қой; бес түйеден 1 қой; отыз сиырдан бір қой, т.с. Зекет пақырларға, кемтарларға, жетімдерге т.б. беріледі. Зекет жақын, ауқатты адамдарға берілмейді.

О р а з а — исламның бес шартының бірі. Жасы 9-ға толған қыз, 12-ге толған ұл әр мұсылман рамазан айында 30 күн ораза ұстауға міндетті. Оған мүмкіндігі келмеген кейбір адамдарға оразаның басында және аяғында 3 күннен ауыз бекітуіне болады. Сол сияқты аурулар, қарт адамдар, екіқабат, бала емізген әйелдер, сапарда жүрген адамдар ораза ұстамауына болады. Бірақ олар бұл міндетті кейін орындауы керек.

Ораза ұстағандарға *оразан қабыл болсын* деп сыйлап, құрмет көрсету керек, оларды ренжітуге болмайды. Коршілері немесе жақын адамдар ораза тұтқандары *ауыз ашарға* шақырса, үлкен сауап болады. Ораза кезінде барлық адам оздерін жаман әдеттер мен сөздерден тыйып ұстағаны жон.

Ораза ұстаудың денсаулыққа пайдалы жақтарын дін ғана емес, Шығыс ғұламалары да, басқа шипагерлер де дәлелдеген.

Н а м а з — мұсылмандардың екінші шарты, дін дінгеі, иманның тәні, құдайға құлшылық пен сенімнің ең үлкені. Ол Мұхамбет пайғамбар тұсында, 621 жылы Мекке қаласында мұсылманға парыз болып белгіленген. Бес намаз бар, олар: *таң намазы, бесін намазы, екінді намазы, ақшам намазы, жашиық намазы*. Күн шығып келе жатқанда, тал түсте және күн батып бара жатқанда намаз оқуға болмайды.

Намаз оқу мұсылмандықтың және адамшылық пен әдептіліктің де белгісі.

П і т і р — жыл сайын ораза кезінде мешітке арнайы апарып, әр адам ата-аналарына, т.б. әруақтарға бағыштап құран оқытып берілетін садақаның бір түрі.

Садақа — жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін солына бағышталып берілетін құдайы. Садақа беру ұсылмандық белгісі. “Садақа бергеннен пенденің малы смшімейді” деген Мұхамбет пайғамбар. “Садақаны сауда ер” деген халық тағылымы тағы бар.

Қасиетті түндер: 5 түрлі қасиетті, нұрлы түн бар. Сол түндерді корген адамдардың тілегі қабыл болады. Басқа індерде мұндай ерекше, атаулы түндер жоқ.

1. **Мәуліт түні**. (Мұхамбет пайғамбар дүниеге келген түн).

2. **Рәджаб түні**. (Әмина анамыздың пайғамбарымызға кікабат болған түні).

3. **Мұғраж түні**. (Пайғамбарымыздың Жебірейіл еріштенің бастауымен ғарышқа котеріліп Тәңірі тұрағына арып қайтқан түні).

4. **Ақталу, арылу түні** (Лаухыл мах буз жарлығы жер етіне түскен түн).

5. **Қадыр түні** (Құран Көрімнің аспаннан түсе бастаған үні). Қадір түнін күзеткен адамның сауабы мың айдан ртық (Құран Көрім). Құранда бұл түнді рамазан айының 27 үні деп айтылған. Қадір түнін күзеткен, оны корген және ол сәтте айтылған тілек қабыл болады. Бұл түнде оқылған ір намаз басқа күндердің 1000 намазы орнына жүреді елінген шарифатта.

Сират көпірі (Қыл көпір) — Махшардағы қылдан іңішке, қылыштан откір сынақ көпірі. Мұның бір жағы су, ір жағы от. Күнәлілер не отқа, не суга құлап азап тартады.

Тағдыр — әр пенденің пешенесіне (маңдайына) азылған жақсылық пен жамандық һәм басқа істерде аллатағаланың күні бұрын белгілеп қоюы, жазуы. *Тағдырдың жазуы* деген сөз осыдан шыққан. Әр мүсылман ағдыр ісін мойындап, оған тоқтам жасауы керек. Оған оқтамағандар күнә арқалайды.

Ажал (қаза, олім) — Аллатағаланың тағдырда жазған мірдің таусылуы, өмірдің соңы. Ажалдың себебі бар. Ажалға раша жоқ.

Ақырзаман — жер бетіндегі барлық тіршіліктің, өктегі періштелердің өліп бітуі. Ақырзаман болар кезде аланың өмірімен Исрафил желі соғып, тау-тас тозаңға ійналып жер теп-тегіс болады. Мұның қашан боларын Алла ті біледі.

Қиямет қайым — Ақырзаман келіп, тіршілік өліп іткеннен соң болатын күн. Құдайдың құдіретімен олгендер

(адамдар) тіріліп, махшар алаңына жиналады. Осында әр пенденің амал дәптерлері (жақсы, жаман істері) тексеріледі және соған лайық тиісті орнын (жұмақ, тозақ) алады. Бұл күні жын, шайтандар тозаққа кетеді. Жан-жануарлар, жәндіктер жоқ болады. Әулие—әмбие, шейіттер пейіштен орын алады. Күнәлі топтар сұраққа алынады.

М а х ш а р — жер жаратылғаннан бергі барлық олген адамдардың қайта тірілгеннен кейінгі жиналатын орын. “Мұнда ата-баба, үрім-бұтақ бірін-бірі таниды” деген Мұхамбет пайғамбар.

М ұ с ы л м а н н ы ң а л т ы п а р ы з ы. Әр мұсылманның тіршілікте бір-біріне міндетті алты парызы бар. Олар мынадай: 1. *Бір-біріне әдейі барып сәлемдесуі, амандық, хал-жай сұрап біліп тұруы.* 2. *Шақырса кешікпей баруы.* 3. *Кеңес сұраса — пайдалы ақыл қосуы.* 4. *Әр сұрағына тиісті жауап беруі.* 5. *Ауырып қалса — көңілін сұрауы.* 6. *Қайтыс болса — жерлеуіне қатысуы.* Бұл — Мұхамбет пайғамбарымыздың хадистері.

И с л а м м е р е к е л е р і. Наурыз діни мереке болмаса да оны бүкіл Шығыс және ислам қауымы 22 наурыз күні Жаңа жыл мерекесі ретінде тойлайды. Наурыз — парсыша “жаңа күн” деген мағынада. Мереке құрметіне “Наурыз коже” дайындалып, көпшілік бір-біріне жақсы тілек айтып, окпенназдары, реніші болса кешірім жасайды.

О р а з а а й т ы. Рамазан айындағы отыз күн оразадан кейінгі мұсылман мейрамы. Ораза кезінде (айтқа дейін) әр адам мешітке барып пітір садақасын беруі жөн. Аруақтарға арнап дұға оқылады. Ораза айын *рамазан айы* деп атайды. Мұхамбет пайғамбар Аллатағаланың алғашқы сөзін осы айда естіген. Ораза жыл сайын 10 күн бұрын келіп отырады.

Қ ұ р б а н а й т ы — Мұсылмандардың ең үлкен және қасиетті мейрамы. Ол ораза айтынан соң 70 күннен кейін хажылық сапарына тұстас келеді. Бұл айтта малдан құрбан шалынады. Құрбанға қой, ешкі, сиыр және түйе шалады. Басқа мал жарамайды. Қой, ешкіні бір адам үшін, сиыр, түйені жеті адам бірігіп шалуға болады. Құрбанды түнде шалуға болмайды. Айт күндері ораза ұстауға болмайды. Құрбан айтында әр мұсылман бірін-бірі құттықтап, тілек айтады, қатесі болса кешірім жасайды, бір-бірінен айттық сұрайды. Айт күндері әркім таза жүруге, әдепті сөз сойлеуге тиіс.

М ә у л і т т ү н і — Мұхамбет пайғамбарымыздың туған мезгілі (жаңаша 28 шілде, дүйсенбі, 571 жыл). Бұл күні пайғамбарымызға және оның анасы Әминаның рухына

бағышталып дұға оқылады, қайыр-садақа беруге болады. Білімпаздар пайғамбардың жақсы істері мен қасиетті сөздері туралы әңгіме айтады.

Жұма — мұсылмандардың қасиетті және демалыс күні. Жұма түнінде коктен Құран түсе бастады. Бұл күні әр үйден әруақтар дұға дәметеді. Мұсылман қауымының жұма күні әруақтарға арнап шелпек пісіріп, құран оқытатын себебі осындай. Жұмада қайтыс болған немесе жамбасы жерге тиген адамдар иманды жандар болып саналады.

Шейіт — Отанды қорғау жолында немесе халық мүддесі жолында қаза тапқандарды осылай атайды. Олар о дүниеде жұмаққа барады. Үш түрлі адам жұмаққа барады. Ол — *пайғамбарлар*; ел жұртына білім беріп, жақсылыққа, ізгі ниетке, дінге жол бастаған *ғалымдар* — және *шейіттер*.

Мұхамбет пайғамбарымыздың және оның онегелі, қасиетті Ислам діні іліміне ден қоюшылардың бақыты артып, өмір жасы ұзарып, шаңырағында шаттық кобейіп, мәртебесі, арабыройы биіктей берсін. Әмин!

Ислам әдебиеттері ғылыми негізде қағазға түсірілді.

г

ҚАЗАҚТА ТҮҢҒЫШ...

Бұл тізімде қазақ тарихында әр саладан тұңғыш шыққан қайраткерлердің есімдері беріліп отыр

Қазақ хандығының (1456 ж. шамасы) негізін салушы Керей Болатұлы мен Жәнібек (Әз-Жәнібек) Барақұлы. Бірінші хан — Керей. (1456 — 1473 ж. хандық құрды).

- би Майқы (Майқы би) XIII ғ.
- шешен Жиренше (XV ғ.)
- ойшыл Асанқайғы (Хасан Сәбитұлы) XIV — XV ғ.
- дана ана Қарашаш (XV ғ.)
- ақын Қодан Тайшы (1370 — 1460)
- шипагер-ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1397 — 1492)
- “Қасым ханның қасқа жолы” атты заң негізін жасаған Қасым хан (1445 — 1520)
- тарихшы, жазушы, ғалым Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (1499 — 1551)
- орыс-қазақ арасындағы елші (1594 ж. Тәуекел хан тұсында) Құлмұхамбет.
- қаһарман батырлар Шапырашты Қарасай (1590 — 1671).
- Қаракерей Қабанбай (1691 — 1769), Қанжығалы Богенбай (1690 — 1775).
- батыр әйел Гауһар — Қабанбай батырдың жары, Малайсары батырдың қарындасы (XVIII ғ.).
- Бұхар діни медресесінде білім алған Әнет Баба Кішікұлы (1626 — 1723).
- шетелде білім алып, Азия, Еуропа елін аралаған Қазыбек бек Тауасарұлы (1692 — 1776).
- 1710 ж. Жоңғар басқыншыларына күресте бас батыр болып сайланған Богенбай батыр.
- 1723 ж. Жоңғар басқыншыларына қарсы күресте үш жүздің бас қолбасшысы болып сайланған Әбілхайыр хан (1693 — 1748).
- Ұлы жүздің алғашқы ханы Жолбарыс (1720 — 1740).
- Орта жүздің алғашқы ханы Қайып (1716 — 1719).
- Кіші жүздің алғашқы ханы Әбілхайыр (1718 — 1748).

Тархан атағын алған (1742 ж.) Шакшақ Жәнібек батыр (1693 — 1751).

махаббат жолында құрбан болған Мамыр Байғазықызы (1722), Еңділік Ықанқызы (1750).

1812 жылы Отан соғысына (Француз—Ресей) қатынасып Георгиев кресінің толық кавалері атанған Нарынбай Жанжігітов. Осы соғыста Парижге алғашқы жеңімпаздардың бірі болып кіріп, күміс медальмен наградталған Аман Байбатыров.

Жайық қазақ-орыстарына қарсы көтеріліске шыққан Сырым батыр Датұлы (1712 — 1802)

- Хиуа, Қоқан, орыс отаршыларына қарсы қол бастаған батыр Жанқожа Нұрмұхамбетұлы (1777 — 1860).

- Қоқан, қырғыз шапқыншылығындағы күрестің бас батыры Саурық (1814 — 1854)

- орыс империясына қарсы қазақ халқының біртұтас ұлт-азаттық көтерілісінің (1837 — 1847) батыр қолбасшысы Кенесары хан Қасымұлы (1802 — 1847)

- ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, патша отаршылық азабын тартқан Кенесары хан жұбайы Байболатқызы Күнімжан ханым (XIX ғ.)

- орыс отаршыларына қарсы күресте қол бастаған батыр әйел Бопай Қасымқызы (Кенесарының қарындасы) XIX ғ.

- XX ғасырда Шығыс Түркістан ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Оспан батыр Сіләмұлы (1899 — 1952)

- XIX ғасырдағы саяси қайраткер әйел Уәли ханның жұбайы, ханша Айғаным Сарғалдаққызы (1783 — 1853)

- генерал атағын алған (1831) және мектеп ашқан (1841) Жәңгір Бокейұлы (1801 — 1845)

- ғылыми-этнографиялық еңбегі үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалін алған Мұхамед-Салық Бабажанов (1833 — 1875)

- Меккеге барып, хажы атағын алған уақ Нүркен бай (1830)

- жеті рет хажыға барған Әлібек хакім Қалибек Рахымбекұлы (1908 — 1985)

- сәулетші, құрылысшы Сералы Елеманұлы (1809 — 1902)

- ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлиханов (1835 — 1865)

- ағартушы ұстаз, оқулық авторы Ыбырай Алтынсарин (1841 — 1889)

- жазба әдебиетінің негізін салушы, данышпан, ойшыл Абай Құнанбаев (1845 — 1904)

- халықаралық этнографиялық көрмеге (Париж 1878) киіз үй апарып, бөйге алған Алмасов.
- жоғары білім алған Қазан университетінің физика-математика факультетін 1881 жылы бітірген Сейдахмет Сүйінішқалиев.
- жоғары білімді дәрігер, Қазан университетінің медицина факультетін 1887 жылы бітірген Мұхамеджан Қарабаев (1856 — 1928)
- қазақ тілінде газет (“Түркістан уәлаятының газеті” 1870 — 1882) шығарған Шахмардан Ибрагимов.
- қазақ тілінде журнал (“Айқап” 1911 — 15 ж.) шығарған Мұхамеджан Сералин (1871 — 1929)
- теміржол инженері, Санкт-Петербург теміржол қатынасы институтын 1906 жылы бітірген, қоғам қайраткері, тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев (1879 — 1937)
- қазақ қыздары ішінде дастан жазған (14 жаста) Алмажан Азаматқызы (1823)
- екі жоғары білім алған Санкт-Петербург университетінің шығыстану (1895) және заң факультетін бітірген Дінмұхамбет Сұлтанғазин (1867 — 1918).
- филология ғылымының кандидаты атағын алған (1888) Санкт-Петербург университетінің түлегі Бақтыгерей Құлманов.
- құқық магистрі атағын алған Санкт-Петербург университетін 1902 жылы бітірген Жакып Ақбаев (1876 — 1934).
- дүниежүзі чемпионы атағын алған (1909) палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы (1871 — 1948)
- Құранды қазақ тіліне аударған, баспадан шығарған Ахат хажы және оның ұлдары Ғазез, Мақаш. Толық аударып, шетелдерде бастырып (1988) шығарған Халифа Алтай.
- Қазақ даласындағы жер асты кенін тауып, көзін ашқан Қосым Пішенбаев (1844 — 1932).
- Қарағанды көмірін тапқан (1833) Апақ Байжанов (1824 — 1887).
- кітабы баспадан шыққан (Қазан. 1880) ақын Дулат Бабатайұлы (1802 — 1874)
- Алашорда мемлекеті мен Алаш партиясын (1917 — 1920) ұйымдастырушы әрі басшысы Әлихан Бөкейханов (1866 — 1938)
- Қазақ әліппесін (төте жазу) жасаған және алғаш оқу құралын (1912) жазған Ахмет Байтұрсынұлы (1873 — 1938).
- роман (“Бақытсыз Жамал”, 1910) жазған Міржақып

Дулатов (1885 — 1935).

- эпопея жазған (“Абай жолы”) Мұхтар Әуезов (1897 — 1961).
- тұрақты елші дипломаты Нәзір Тореқұлов (1892 — 1938).
- шетелде (Париж, 1925) қазақ әнін орындап күміс жүлде алған әнші Әміре Қашаубаев (1888 — 1934).
- қазақ әйелдері арасынан шыққан мұғалима (1894) Хүсни-Жамал Зұлкарнайқызы Нұралыханова.
- үшқыш Жакыпбек Малдыбаев (1938 жылы самолет апатынан қайтыс болды)
- әскери Академия бітірген (Ленинград, 1930) қазақ командирі Рамазан Құрманғалиев (1894 — 1937).
- тарих профессоры Санжар Асфендияров (1889 — 1938).
- математика профессоры Әлімхан Ермеков (1890 — 1970).
- филология ғылымының докторы (1943) Нығмет Сауранбаев (1910 — 1958).
- инженер әйел, өнеркәсіп академиясын бітірген Мәдина Бегалиева
- инженер-гидротехник әйел, профессор Әмиля Арықова.
- әйелдер арасынан шыққан биология ғылымының докторы (1945) Нәйла Оразғұлқызы Базанова ((1911 — 1994)
- техника ғылымының докторы Ә.Бектұров (1945)
- қазақ әйелдері арасынан шыққан медицина ғылымының докторы (1946) Гүлбаһрам Имамбекқызы Тарабаева (1908)
- тарих ғылымының докторы (1946) Ермұқан Бекмаханов (1915 — 1966)
- тарих ғылымының кандидаты (1938) Халел Әділгереев
- дүние жүзін аралап шыққан саяхатшы әрі алғашқы революционер-большевик Әліби Жанкелдин (1884 — 1953)
- Ресей Мемлекеттік Думасына екі рет депутат болып, орыс парламентінде бірінші сөз сойлеген Ахмет Бірімжанов (1870 — 1927)
- аспан денелеріне есімі берілген ғұлама Қаныш Сәтбаев ((1899 — 1964 ж.).
- дүниежүзілік екінші соғыста Рейхстагқа ту тіккендердің бірі Рақымжан Қошқарбаев (1924 — 1992)
- Кеңес Одағының батыры атағын алғандар Есболатов Нарсұтбай (Нарсұлтан) (1913 — 1941), Қожабергенов Әлиасқар (1917 — 1941). Қосаев Әліпбай (Әлменбай) (1905 — 1941), Сеңгірбаев Мұсабек (1914 — 1941). Бұлар 1941 жылы Мәскеуді қорғап қалған қаһармандар.

- Кеңес Одағының батыры атағын екі рет (1944, 1945) алған Талғат Бигелдинов (1922 жылы туған).
- Бүкіл шығыс әйелдері ішінен Кеңес Одағының Батыры атағын алған Әлия Молдағұлова (1925 — 1943) мен Мәншүк Мәметова (1922 — 1943).
- Социалистік Еңбек Ері атағын алған Ж.Асайынов (1943), әйелдер арасынан Ж.Рысқұлова (1947) жазушылар ішінен Ғабит Мүсірепов (1974), ғылымда У.Ахметсафин (1969), дәрігер арасынан Ысқақ Әлібеков (1969), өнерде С.Қожамқұлов (1976).
- дүние жүзінде тары өсіруден рекорд (1943) жасаған Шығанақ Берсиев (1881 — 1944).
- Социалистік Еңбек Ері атағын үш рет алған (1972, 1976, 1982) және СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі болған Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев (1912 — 1993).
- Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет (1938, 1942) алған Нұрмолда Алдабергенов (1906 — 1967) пен Жазылбек Қуанышбаев (1896 — 1986).
- Академик атағын алғандар Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Бектұров, А.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, (1946), Н.Базанова (1951).
- Лениндік сыйлық алғандар ғылымда Қ.Сәтбаев (1958), әдебиетте М.Әуезов (1959).
- КСРО Мемлекеттік (бұрынғы Сталиндік) сыйлығын алғандар әдебиетте Ж.Жабаев (1942), ғылымда Қ.Сәтбаев, ауыл шаруашылығында Ыбырай Жақаев (1943), өнерде Күләш Байсейітова (1946).
- Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығын алған (1966) жазушылар Тахауи Ахтанов (1923 ж.т.) пен Хамза Есенжанов (1908 ж.т.)
- Әлемде өсімдік клеткасы информсомасын ашқан академик, биохимик Мұрат Әбенұлы Айтқожин (1939 — 1987)
- режиссер Жұмат Шанин (1892 — 1938).
- космонавт Тоқтар Әубәкіров
- Егеменді Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланған Нұрсұлтан Назарбаев (1940 жылы туған).
- биші Шара Жиенқұлова (1912 — 1990).
- журналист Нәзипа Құлжанова (1887 — 1933).
- халық суретшісі (1944) Әбілхан Қастеев (1904 — 1973).
- дәрігер әйел, Санкт-Петербург әйелдер медицина институтын 1908 жылы бітірген Гүлсім Жағыпарқызы (1880 — 1941), Мәриям Сейітжағыпарқызы Асфендияровалар.
- Олимпиада чемпионы атағын алған (Москва, 1980)

Үшкөмпіров, күміс медаль алған (Москва, ік Қонақбаев.

інің Халық жазушысы атағын алған (1984)
ен Ф.Мұстафин, әйелдер арасынан
1984)

інің Халық ақыны атағын алған (1954) Төлеу
1954).

інің Халық әртісі атағын алған (1931)
) — 1974) пен Ж.Шанин (1892 — 1938).

нің еңбек сіңірген әртісі (1934) К.Байсе-
беков, С.Қожамқұлов, Қ.Қуанышбаев,

тшілер одағының мүшесі болған Ә.Ыс-
ған) әйелдер арасынан А.Ғалымбаева (1951

шылар одағының мүшелері (1934) болған
М.Әуезов, Ж.Есбатыров, І.Жансүгіров,
Йлин, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин, С.Сей-
ақов, А.Тоқмағамбетов, М.Хакімжанова,

лқ сыйлық (Дж.Неру атындағы) алған
імжанов (1930 — 1992)

нан Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық
а Оңғарсынова (1939 ж.т.).

матографистер одағының мүшелері (1957)
) арасынан Д.Тіналина.

іпозиторлар одағының мүшесі (1957)
— 1993).

інің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939)
(1874 — 1946).

енин комсомолы сыйлығының лауреаты
тейменов (1936 ж.т.), әйелдер арасынан
1978)

Хиуаз Досжанова.

ға қатысқан (Рим, 1960) спортшы Ғұсман

рі атағын (1943) алған Ш.Бекбаев (жеңіл
қ Болтекұлы (бокс, 1946).

і арасынан спорт шебері (1953) атағын алған
:рген) мен А.Мүсілімова (шахмат, 1965).

ы ішінен Ұлыбританиядағы халықаралық
на тіркеліп “Жыл адамы” құрметті атағын
Пәрипа Бисариева.

– жер шарын жаяу аралап, Гиннес кітабына жазылған Жыланбаев Марат.

– Қазақ Республикасының бейбітшілік пен рухани татулық саласындағы сыйлығын алған (1922) ғалым Мехлис Сүлейменов.

– Алаш сыйлығын алған жазушы, ғалым, хажы Халифа Алтай.

– Армия генералы және Қазақстан Республикасының N 1 “Халық қаһарманы” атағын (1994) алған Сағадат Нұрмағамбетов (1924 ж.т.).

– Сан-Францискодағы (АҚШ) Бүкіл дүниежүзілік өнер және мәдениет академиясының академигі атағын (1994) алған Роллан Сейсенбаев.

– Гроссмейстер атағын (1994) алған Болат Асанов (1961 ж.т.).

– шетел батыры атағын алған Әкбар Есбосынұлы (1922 – 1944) (Шығыс Түркістан Халық Республикасы), Талғат Мұсабаев (Ресей Федерациясы, 1994) Ікей Мәзімұлы (Монгол Халық Республикасы)

– шетелде Еңбек Ері атағын алған Т.Нұқ (Монгол Халық Республикасы)

– Әлем, Еуропа, Азия ойындарының жеңімпазы, палуан Дәулет Тұрлыханов.

– “Әлемнің әйгілі әйелдері” (“Женщины мира: Кто есть кто?”) деген энциклопедияға (Ұлыбритания) (1995) кірген Роза Бағланова (1922 ж.т.)

– Нью-Йорк Ғылым Академиясының академигі (1995) атағын алған және Гиппократ медалін иеленген дәрігер Ахметжан Сүгірәлиев.

– “Әлем әртісі” атағын (1999 ж.) алған Айман Мұсақожаева.

– Олимпиада чемпионы атағын (Сидней 2000 ж.) алған боксшылар Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ибрайымов.

– Халықаралық Калифорния Академиясының А. Эйзенштейн атындағы Алтын медалі мен Нобель сыйлығының 100 жылдығына арналған Алтын медаль алған (2002 ж.) ақын Мұхтар Шаханов.

– Ғылым мен өндірістегі зор үлесі үшін Халықаралық Алтын медаль (Париж — 2002 ж.) ие болған академик Мұхтар Әлиев, профессорлар Жұмағали Наурызбай, Хұсайын Уәлиев.

– Еуропалық одақ өнерінің бас жүлдесі мен Сальвадор Дали атындағы Халықаралық альянстың алтын медалін (2002 ж.) алған суретші Ерболат Төлепбай.

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА МҮШЕЛЕРІ

I. Дума депутаттары (1906)

Бокейханов Әлихан Нұрмұхамбетұлы (1866 — 1938) (Семей обл.) — Санкт-Петербург орман шаруашылығы институтын бітірген, орман инженері, 40 жаста.

Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы (1870 — 1927) (Торғай обл.) Қазан университетінің заң факультетін бітірген. 36 жаста. Орыс Парламентінде тұңғыш сөз сойлеген қазақ.

Жанторин Сәлімгерей Сейітханұлы (Уфа губерниясы) — Москва университетінің физика-математика факультетін бітірген. Уфада губерниялық земство бастығы болған. 1917 ж. IV Мемлекеттік Думаға қатысқан.

Қалменов Алпысбай Қалменұлы (1864 ж.т.) (Орал обл.) — Орынбор гимназиясын бітірген. Қазақ Ордасын басқару кеңесінің мүшесі.

Қосшығұлов Шәймерден (1874 — 1932) (Ақмола обл.) Бұқарада оқыған. Кокшетау молдасы, білімді адам.

Ноян-Тұщығ Дәуіт Санжынұлы (Астрахань) — ірі жер иесі. Николай лицейінде тәрбиеленген. Шетел университеттерінен дәріс алған.

II. Дума депутаттары (1907)

Аллабергенев Тілеулі (Сырдария) — беделді ел ағасы, бай.

Бірімжанов Ахмет Қорғанбекұлы (1870 — 1927) (Торғай обл.) жоғары білімді заңгер.

Тынышбаев Мұхамеджан (1879—1937) (Жетісу обл.) — жоғары білімді теміржол инженері. 27 жаста.

Қаратаев Бақытжан (1860—1934) (Орал обл.) — жоғары білімді заңгер. II Думада сөз сойледі, бірнеше парламенттік комиссияға мүше болды.

Құлманов Бақтыкерей (Ішкі Орда) — жоғары білімді, ғылым кандидаты.

Қосшығұлов Шәймерден (1874—1932) (Ақмола обл.) — дін басы, молда.

Нүрекенов Темірғали (1857 ж.т. Семей обл.) — болыс, оқыған, ауқатты адам. II Думада сөз сойледі

II Мемлекеттік Думаға 8 қазақ қатысқан. Осында мұсылман федерациясының хатшысы Мұстафа Шоқайұлы болды.

ЖОҒАРЫ ӘСКЕРИ ШЕН АЛҒАНДАР

Жәнібек Қошқарұлы (Шақшақ Жәнібек) (1693—1751) — Орта жүздің биі, батыр, торғайлық. Қазақтар ішінен тархан атағын (фельдмаршалмен тең) бірінші алған (1742).

Дәуітбай Жәнібекұлы — би, тархан атағы әкесінен мұрагерлік жолмен берілген.

Есет Көкіұлы (1679—1749) — Кіші жүз батыры, ақтобелік. Тархан атағын 1743 ж. алған.

Жәңгір Бөкеев (1801—1945) — Бөкей ордасының ханы, қазақтың тұңғыш генерал-майоры (1831)

Жәңгіров Ғұбайдолла (1840—1909) (Бөкей ордасынан) — Жәңгір ханның баласы, қазақ арасынан инфантерия генералы (генерал-лейтенант теңдес) атағын алғаш рет алған (1894) әскери ірі қайраткер.

Айшуақов Баймағамбет (1790—1847) (Бат. Қазақстан) — генерал-майор.

Баймағамбетов Мұхаметжан (1811—1896) — генерал-майор. Әкелі-балалы екеуі бұл атақтарды Исатай — Махамбет бастаған көтерілісті аяусыз басқаны үшін алған.

Шыңғыс Уәлиханов (1811—1895) (Кокшетау) — полковник, Шоканның әкесі.

Шорманов Мұса (1819—1885) (Баянауыл) — полковник.

Нұралин Тезек төре (1879 ж. Жетісу) — полковник, ақын.

Орыс әскерінде алғаш қызмет еткен (1580—1590 ж. шамасында) Сібір ханы Кошімнің немересі Мұхамедкүл мен қазақ ханы Тәуекелдің немересі **Оразмұхамед**. Екеуі де полк басқарған яғни полковник міндетін атқарған. Хиуадағы қазақ ханы **Қайыптың ұлы Серғазы** 1789 жылы Санкт-Петербург орыс армиясының секунд-майор қызметінде болған. Бұлар алғашқы қазақ әскери мамандары.

Көптеген адамдар полковник шенін алған. Олар **Әли Әділов** (Жетісу), **Қоңырқұлжа Құдаймендин** (Ақмсла), **Қаратай Нұралиев**, **Шыңғали Омаров**, **Мұхамеджан Таукин**, **Арслан Жантөрин**, **Әділ Бөкейханов**, (бәрі де Батыс Қазақстан) тағы басқалар. XIX ғасырда әскери — шен-шекпен алғандардың ішінде генерал **Ғұбайдолла Жәңгіровтен** басқасы орыс патшасына қызмет істегені немесе Кенесары — Наурызбай Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісіне қарсы күресін басқаны үшін беріле салған атақтар болды.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

(XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жоғары білім алған қазақтар)

ҚАРАБАЕВ Мұхамеджан (1858—1928) (Қостанай обл.) — Қазан университетінің медицина факультетін 1887 ж. бітірген. Қазақтар ішінен жоғары білім алған дәрігер.

ҚҰЛМАНОВ Бақтыгерей (Атырау) (1857—1917) — Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1887 к. бітірген. Алашорда қайраткері. I-II Мемлекеттік Дума мүшесі.

СҰЛТАНҒАЗИН Дінмұхамбет (Қарқаралы) (1867-1918) Гом университетінің медицина факультетінде оқып (1890), кейін Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетін (1895) және заң факультетін (1897) бітірген. “Дала уәлаяты” газетінің редакторы.

БӨКЕЙХАНОВ Әлихан Нұрмұхамбетұлы (Қарқаралы) (1866—1937, Москва) — Санкт-Петербург орман технологиялық институтының экономика факультетін 1894 жылы бітірген. Мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым. “Алашорда” үкіметінің басшысы, көсемі.

ДОСМҰХАМЕДОВ Халел (Атырау обл.) (1883—1939) — Санкт-Петербург әскери-медицина академиясын алтын медальмен бітірген (1909). Қоғам қайраткері, ғалым, “Алашорда” басшысы.

ШОҚАЕВ Мұстафа (Сырдария) (1890—1941, Берлин) Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1912 ж. бітірген. Ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерін білген. Алашорда қайраткері.

АСФЕНДИЯРОВ Санжар Жағыпарұлы (Ташкент) (1889—1937, Алматы) — Санкт-Петербург әскери медицина академиясын 1912 ж. бітірген. Мемлекеттік, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым. Ағылшын, француз, араб, қытай, орыс тілдерін білген.

ҚҰНАНБАЕВ Әбдірахман Абайұлы (1868 —1895) — Михайлов артиллерия училищесін (жоғары оқу орнымен дәрежелес) 1892 ж. бітірген.

САМАТОВ Баскен (Ақтобе) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1895 ж. бітірген.

АСФЕНДИЯРОВА Гүлсім Жағыпарқызы (1880—1941) (Санжардың апасы) — Петербург әйелдер медицина институтын 1908 ж. бітірген.

АСФЕНДИЯРОВА Мәриям Сейітжағыпарқызы — Санкт-Петербург әйелдер медицина институтын 1908 ж. бітірген.

ТЫНЫШБАЕВ Мұхамеджан (Қапал) (1879—1937, Алматы) — Санкт-Петербург темір жол қатынасы институтын 1906 ж. бітірген. Қоғам қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш темір жол инженері. Алашорда басшысы.

ҚАРАТАЕВ Бақытжан Бисәліұлы (1860—1934) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1890 ж. алтын медальмен бітірген.

ҚАРАТАЕВ Мағзұм (1876-1915) (Бақытжанның інісі) — Қазан университетінің заң факультетін 1897 ж. бітірген.

СЫРТТАНОВ Барлыбек Құлжанұлы (Жетісу. 1866—1914. Қапал) — Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1890 ж. бітірген.

ТЕМІРОВ Абдолла (Торғай обл.) (1865 ж.т.) — Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1890 ж. алтын медальмен бітірген. Алашорда қайраткері.

ЛАПИН Серәлі Мұнайтпасұлы (Ақмешіт) (1860—1919, Самарқанд) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1891 ж. бітірген. Сәулет өнерін зерттеуші, ағартушы, адвокат. Академик В.Бартольд пен Н.Весселовскийге түркі тілдерінен дәріс берген (“ҚСЭ” 7-том, 183-бет).

МӘРСЕКОВ Райымжан (Өскемен) (1878—1927) — Санкт—Петербург университетінің заң факультетін 1902 ж. бітірген. Алашорда қайраткері.

АҚБАЕВ Жақып (Қарқаралы) (1876—1934, Алматы) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1902 ж. бітірген. Алашорда қайраткері. Қазақтан шыққан тұңғыш право магистрі, қоғам қайраткері.

УӘЛИХАНОВ Ескендірғазы Хасанұлы (1887 ж.т.) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1896 ж. бітірген.

ӘДЛБАЕВ Ахмет (Ақмола) — Мәдинадағы “Ишфха” медресесін, Мысыр (Каир) “Джамие Агхари” жоғары медресесін XIX ғасыр соңында бітірген.

ФАЙСИН Ғабдырахман (Орал) — Ыстамбұл университетінің дін факультетін 1900 жылы бітірген.

ТҮРЛЫБАЕВ Айдархан (Омбы) (1874—1937) — Санкт-Петербург университетін 1902 ж. бітірген. Алашорда қайраткері.

СЕЙДАЛИН Жанша (Жаһанша) Әлмұхамедұлы (Қостанай) (1877—1923) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1904 ж. Керенскиймен бірге бітірген.

СЕЙДАЛИН Әбубәкір Мұқанұлы (Ырғыз) (1881—1954) - Қазан малдәрігерлік институтын 1904 ж. бітірген.

СЕЙДАЛИН Жансұлтан Шуақұлы (Торғай обл.) (1856—1919). Қазан университетінің заң факультетін 1882 жылы ітірген.

СЕЙДАЛИН Аббас Жансұлтанұлы (1890—1943) (Қостанай) - Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1916 ж. ітірген.

ЖАНАЙДАРОВ Сәйілбек Мейрамулы (Атбасар) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1913 ж. бітірген.

ИСМАХАНОВ Батырша Сұлтангерейұлы (Орал) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1913 ж. бітірген.

НИЯЗОВ Әбдікәрім (Орал) — Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1896 ж. бітірген.

ӘЛИЕВ Мырзабек — Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін 1903 ж. бітірген.

КӨТІБАРОВ Әли (Сырдария) (1871—1926) — Санкт-Петербург әскери медицина академиясын 1898 ж. бітірген.

ДОСМҰХАМЕДОВ Жанша (Орал) (1887—1937, Москва) — Тарту университетінің заң факультетін 1910 ж. бітірген. “Алашорда” басшысы.

ШАЛЫМБЕКОВ Сәдуақас Тәжіұлы (Семей обл.) (1880—1917) — Санкт—Петербург әскери медицина академиясын 1909 ж. бітірген.

ИПМАҒАМБЕТОВ Нұрғали (Орал обл.) (1883—1922) — Санкт—Петербург әскери медицина академиясын 1911 ж. бітірген.

БЕРДИЕВ Ғұбайдолла (Атырау) — Қазан малдәрігерлік институтын 1906 ж. бітірген.

ЕСЕНҒҰЛОВ Түбек (Т.Рысқұловтың қайын атасы) (Жетісу) — Қазан малдәрігерлік институтын 1902ж. бітірген.

ЖАНҚАДАМОВ Бижан Әбілқасұлы (Батыс.Қазақстан) (1889—1937) — Қазан университетінің малдәрігерлік факультетін бітірген.

СЕРМҰХАМЕДОВ Қарабатыр (Қостанай, 1870—1951) — Қазақ малдәрігерлік институтын 1903 ж. бітірген. (Ж.Аймауытовтың қайын атасы).

АХТАНОВ Мұхамед (Орал, 1850-о.ж.белгісіз) — Қазан малдәрігерлік институтын 1882 ж. бітірген.

СҮЙІНІШҚАЛИЕВ Сейдахмет (Ақтобе) (1856—1886) — Қазан университетінің заң факультетін 1881 ж. бітірген.

БАЛҒОЖИН Ахметбек Оспанұлы (Қостанай, 1874—1911) — Қазан университетінің заң факультетін 1901 ж. бітірген.

(Ы.Алтынсариннің інісі).

ИМАНБАЕВ Файзолла (Қостанай) — Қазан малдәрігерлік институтын бітірген (жылы белгісіз).

ЕСЕНҒҰЛОВ Омар Қожахметұлы (Ақтобе) (1886—1930) — Саратов университетінің медицина факультетін бітірген (1914 ж.).

БАЗАНОВ Оразгүл (акад.Л.Базанованың әкесі, Семей) ((1870—1930, Жетісу) — Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.

ҚҰЛПЕЙІСОВ Есенғали — Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.

ЖАСМАҒАМБЕТОВ Мұса (Қостанай) — Қазан малдәрігерлік институтын 1899 ж. бітірген.

ҚҰСПЕКҚАЛИЕВ Дәулетше (Орал) (1870—1944) — Москва университетінің медицина факультетін 1900 ж. бітірген.

ҚҰСПЕКҚАЛИЕВ Қази — Қазан малдәрігерлік институт 1912 ж. бітірген.

БІРІМЖАНОВ Ахмет Қорғанбекұлы (Торғай) (1871—1927, Ленинград) — Қазан университетінің заң факультетін 1895 ж. алтын медальмен бітірген. Алаш қайраткері. Россия ІІ Мемлекет Думасының депутаты.

БІРІМЖАНОВ Ғазымбек (Ахметтің інісі) — Берлиннің ауылшаруашылығы институтын 1928 ж. бітірген.

АЛДИЯРОВ Әбубәкір Бірмұхамедұлы (Қостанай) (1879-1938) — Қазан университетінің медицина факультетін 1904 ж. күміс медальмен бітірген.

ШОМБАЛОВ Мәжит Мұхамбетжанұлы (1873-1942) (Бокей) — Қазан университетінің медицина 1903 ж. факультетін бітірген.

КӨКЕБАЕВ Мұстафа (Батыс Қазақстан) — Саратов университетінің заң факультетін XX ғасырдың бас кезінде бітірген.

АЛДИЯРОВ Нұрмұхамед Қауменұлы (Қостанай) — Қазан университетінің заң факультетін 1888 ж. бітірген.

БЕЙСЕНОВ Бақтығали (Орал обл.) (1889—1937) — Саратов университетінің медицина факультетін 1917 жылы бітірген.

АҚАЕВ Серікбай — (Сырдария обл.) Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Алашорда мүшесі.

МАМЕТОВ Базарбай (Жетісу. 1891 ж.т.) — Қазан университетін бітірген (факультеті белгісіз). Алашорда мүшесі.

ТӨГІСОВ Көлбай (Зайсан) (1879—1919 ж., Омбы) — Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1900 ж.

бітірген.

БАЙЗАҚОВ Қорғанбек (Қостанай) — Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылығы академиясы 1920 ж. шамасында бітірген.

АТАНАЕВ Нұрғали (Ақтобе) — Қазан университетінің заң факультетін ХХ ғасыр басында бітірген.

АРҒЫНҒАЗИЕВ Ғалиахмет Сафыұлы (Ақтобе обл.) — Қазан университетінің медицина факультетін 1905 ж. бітірген.

АРҒЫНҒАЗИЕВ Камал (Ақтобе обл.) — Қазан университетінің заң факультетін бітірген

ҚАШҚЫНБАЕВ Ғайса (Орал) (1891—1938) — Қазан университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ШОЛТЫРОВ Махмұд Смайылұлы (Орал обл.) (1885—1965) — Қазан университетінің медицина факультетін 1910 ж. бітірген.

ҚИСЫҚОВ Иса (Ақтобе) — Қазан университетінің медицина факультетін бітірген. Алашорда мүшесі.

НИЯЗОВ Батырқайыр (Орал обл.) — Қазан университетінің заң факультетін 1896 ж. үздік бітірген. Алашорда қайраткері.

ТАНАШЕВ Уәлихан (1887, Атырау) — Қазан университетінің заң факультетін ғылым кандидаты дәрежесімен 1909 ж. бітірген. Алашорда қайраткері.

ТАНАШЕВ Ғұсман Арыстанғалиұлы (Атырау) — Қазан университетінің заң факультетін 1912 жылы бітірген.

ЖАНБОЛАТОВ Сахыпкерей (Орал обл.) — Қазан университетінің заң факультетін 1914 ж. бітірген.

АМАНЖОЛОВ Садық (Жетісу) 1885—1941 — Қазан университетінің заң факультетін 1910 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ИБРАГИМОВ Ғали Мұхамеджанұлы (Орынбор) — Қазан университетінің заң факультетін бітірген.

САРКИН Хәкімжан (Қостанай обл.) (1870-1927) — Қазандағы рухани академияны 1898 ж. бітірген.

ИБРАҒИМОВ Сүлеймен Мәмбетжанұлы (Ақтобе) — Қазан малдәрігерлік институтын 1901 ж. бітірген.

ЖАНТӨРИН Сәлімгерей Сейітқанұлы (Қостанай, 1864. — Москва университетінің физика—математика факультетін 1889 ж. бітірген, жеке автомашинасы болған. Ресейдің І мемлекеттік Думасына депутат.

ФАББАСОВ Халел Ахметжанұлы (Семей обл.) (1888—1931) — Москва университетінің физика-математика факультетін

1915 ж. бітірген, ағылшын, француз, неміс, неміс, орыс тілдерін білген. Алашорда басшысы.

НИЯЗОВ Мірахмет (Орал) (1890—1937) — Саратов университетінің медицина факультетін 1916 ж. бітірген.

ТҮРФАНБАЕВ Мәннан — Ыстамбұл университетін XX ғ. басында бітірген.

МАШАЕВ Әбдірахман — Ыстамбұл университетін XX ғ. басында бітірген.

ӘБІЛҚАСОВ Бижан (Орал) — Қазан малдәрігерлік институт бітірген.

ОРАЗОВ Ғабдрахман — Москва университетінің заң факультетін бітірген.

САБАТАЕВ Сатылған (Алматы обл.) (1874—1921, Қарқаралы) — Москвадағы Лазаревский атындағы шығыс тілдері институтын (1898) және Петровско-Разумовский (қазіргі Тимирязев) атындағы академияны 1915 ж. бітірген. Алашорда қайраткері.

САБАТАЕВА Таным Құлкенқызы (С.Сабатаевтың әйелі) — Москвадағы повивальный институтын (акушерлік) бітірген.

ЖАМАНМҰРЫНОВ Тел (Ақтобе обл.) (1938 жылы олген) — Москваның Межевой (землемер) институтын бітірген. Алашорда мүшесі.

АЙТБАКИН Әміре Дүрменұлы (1859—1919, Баянауыл) — Томск университетінің медицина факультетін 1894 ж. күміс медальмен бітірген.

НҮРЛЫХАНОВ Сәлімгерей (Орал обл.) — Том университетінің заң факультетін 1909 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

СЕЙІТОВ Асылбек Жұманұлы (Баянауыл, 1894—1937) — Томск университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.

СЕЙІТОВ Мұратбек (Баянауыл) — Том ауыл шаруашылығы институтының орман шаруашылығы факультетін XX ғ. басында бітірген.

ЕРМЕКОВ Әлімхан (Қарқаралы) (1891—1970, Қарағанды) — Том университетінің физика-математика факультетін 1923 ж. бітірген. Алашорда қайраткері, қазақтың математика саласындағы тұңғыш профессоры.

ЕРМЕКОВА Рахила (Ә.Ермековтың зайыбы) — 1921 ж. университеттің медицина факультетін бітірген. (Әзірге қай университет екені белгісіз).

БЕКМҰХАМЕДОВ Шафхат (Атырау) — Қазан университетінің заң факультетін 1916 ж. бітірген.

СЕЙІТОВ Айтқари (Орал) — Саратов университетінің

медицина факультетін 1909 жылы бітірген.

ЕСЕНҚҰЛОВ Омар (Ақтобе) (1886—1930) — Саратов университетінің медицина факультетін 1914 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ҚАСБОЛАТОВ Есенғали Керейұлы (Орал) (1889—1937) — Саратов университетінің медицина факультетін 1915 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ТАНАШЕВА (Ниязова) Мүбина Ибраһимқызы (Атырау) (1895—1981) — Саратов университетінің медицина факультетін 1917 ж. бітірген.

БОШТАЕВ Мұқыш (Баянауыл) — Қазан университетінің заң факультетін 1917 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ЕДІГЕНОВ (Едіген) Асадолла Сәлімұлы (Ақтобе) — Қазан университетінің заң факультетін 1895 ж. бітірген.

БЕКЕТАЕВ Мәтен (Мұхамеджан) — (Шығыс Қазақстан) (1872 ж.т.)- Қазанның мал дәрігерлік институтын 1898 ж. бітірген.

СЫЗДЫҚОВ Мұхаметжан (1872 ж.т.) - Қазанның мал дәрігерлік институтын 1898 ж. бітірген.

ІЗБАСАРОВ Жүсіп (Ақмола) (1876 ж.т.)— Қазан мал дәрігерлік институтын 1897 ж. бітірген. Алашорда мүшесі.

ИБРАГИМОВ Сүлеймен Мәмбетжанұлы (Ақтобе) - Қазан мал дәрігерлік институтын 1901 ж. бітірген.

ШОРМАНОВ Асфандияр Әмір-Темірұлы (Баянауыл) - Омбы ауылшаруашылығы академиясын 1918 ж. бітірген.

АЙБАСОВ Кәрібай (Баянауыл) - Санкт-Петербург университетінің заң факультетін ХІХ ғ. соңында бітірген.

БИСЕНОВ Батырғали (Орал) (1889—1937) - Саратов университетінің медицина факультетінің 1915 ж. бітірген.

ЖҮСІПҚАЛИЕВ Батырғали (Бокей 1883—1916) — Саратов университетінің медицина факультетінің 1915 ж. бітірген.

ДҮЙСЕНБАЕВ Рахымжан (1870—1918, Қарқаралы) — Томск университетінің заң факультетін бітірген.

ШАНОВ Смағұл (Орал) - Ыстамбұл университетін 1916 ж. бітірген.

КОЛБАЕВ Досқали (Орал) - Ыстамбұл университетін 1916 ж. бітірген.

ОРАЗАЕВ Ғабдырахманбек - Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген.

НҮРЖАНОВ Хамза (Әулисата 1889 ж.т.) — Киев университетінің заң факультетін 1915 ж. бітірген.

МҮСАФАЛИЕВ Уахит — Киев коммерция институтын

бітірген.

КҮШІКОВ Әбілмәжін (Семей) — Варшава мал дәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген.

УӘЛИЕВ (аты белгісіз) - Варшава мал дәрігерлік институтын бітірген (XX ғ. басында).

МҮСАҒАЛИЕВ Ғабдулғазиз (Орал) (1888—1933/ - Мысырда (Египет) — Каир университетін 1909 ж. бітірген, шетелдің 8 тілін білген. (Қытай, араб, парсы, түрік т.б.)

МӘМЕТОВ Ахмет (Мәншүктің әкесі) - Саратов университетінің медицина факультетін XX ғ. басында бітірген.

БЕГШОВ Мұхамеджан - Ыстамбұл университетін 1890 ж. бітірген араб, парсы, түрік, орыс тілдерін бітірген.

ҚОСУАҚОВ Дінмұхамед - Қазан университетінің заң факультетін бітірген (1860 жыл шамасы).

ШАЛЫМБЕКОВ Әмірбек (Семей обл.) - Варшава мал дәрігерлік институтын 1914 ж. бітірген..

СОЛТАНАЕВ Жанақ (Жетісу) - Варшава мал дәрігерлік институтын 1914 жылы бітірген. Алашорда мүшесі.

ТҮНҒАНШИН Ахмет (Ырғыз) - Варшава мал дәрігерлік институтын 1914 жылы бітірген.

ДОСЖАНОВА Аққағаз (Торғай обл.) (1893—1932/ - Ташкенттегі Түркістан халық университетінің медицина факультетін 1922 ж. бітірген.

КЕМЕҢГЕРОВ Қошке (Баянауыл) (1894—1942) - Омбы медицина институтын 1923 ж. бітірген.

КҮСЕПҚАЛИЕВ Ш. Орал (1881—1936) — Қазақ мал дәрігерлік институтын 1908 ж. бітірген.

ЖАҚЫПБАЕВ Нүсіпбек (1890—1932) — Киев университетінің медицина факультетін 1916 ж. бітірген.

ЖАҚСЫЛЫҚОВ Ысқақ (Жетісу 1875—1930) Том университетінің медицина факультетін 1902 ж. бітірген.

МЫҢҒАШЕВ Божей — Том университетінің медицина факультетін бітірген.

ТОЙСАРИН Бейсенбай — Том мал дәрігерлік институтын бітірген.

БОШТАЕВ Арғынғазы Сүлейменұлы (Баянауыл 1884 ж.т.) — Қазан мал дәрігерлік институтын 1908 ж. бітірген.

ТҮРМАҒАМБЕТОВ Оразмағамбет (Маңғыстау 1882—1928) Бомбей (Үндістан) университетін 1900 жылы бітірген. Ғалым-геолог, ағартушы, шипагер-емші.

УӘЛИХАНОВ Жасұлан (1902—1950) — Москвадағы Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтын 1927ж. бітірген.

БАРЛЫБАЕВ Хабиб Ақтайұлы (Баянауыл. 1898—1946 Алматы) — Омбы медицина институтын 1929 ж. бітірген.

ЖҮРГЕНОВ Темірбек Қараұлы (Ырғыз 1898—25.02.1939 Алматы) — Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген (1927) Корнекті мемлекет қайраткері.

ЖАНСҮГІРОВ Ілияс (Ақсу 1.05.1895—25.02.1939 Алматы) - Москвадағы Коммунистік журналистика институтын 1928 жылы бітірген. Қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Корнекті ақын, қоғам қайраткері.

СӘДУАҚАСОВА Елизавета Әлиханқызы (Ә. Зөкейхановтың қызы, С. Сәдуақасовтың зайыбы) (Омбы 15.04.1903—23.06.1971 Москва) — Москва мемлекеттік медицина факультетін бітірген (1927). Медицина ғылымының докторы, профессор.

ЖҮБАНОВ Құдайберген Қуанұлы (1899—1938, Ақтөбе обл.) — Ленинград шығыс тілдері институтын 1929 жылы бітірген, ғалым.

ЕСҚАРАЕВ Сүлеймен (1897—1938) — Москвадағы бүкілодақтық жоспарлау академиясын бітірген.

БӨКЕЙХАНОВ Ғазизхан Науқұрбанұлы (Орда 28.10.1899—1.11.1966. Алматы) — Астрахан медицина институтын бітірген (1925—1930).

ЧУРИН Хамит Дәулетұлы (Орда 12.10.1901) — Саратов мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын 1930 жылы бітірген.

ЖЕКСЕНБАЕВ Шәкір (Орда 1901 ж. туған) — Москвадағы М. Фрунзе атындағы әскери академиясын (1924) және жоғары әскери хим. академияны (1931) жылы бітірген. Әскери қайраткер, техника әскерінің генерал-майоры.

ӘЛІБЕКОВ Әлиаскар (Орал 1893—1937) — Ленинградтың гидромелиорация институтын 1932 жылы бітірген, қоғам, мемлекет қайраткері.

НҮРМҰХАМЕДОВ Хасен (Торғай обл. 1900—1938) Москвадағы Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын 1930 жылы бітірген. Мемлекет қайраткері.

ТАРАБАЕВА Гүлбарам Иманбекқызы (Семей 4.10.1908—1.01.1981 Алматы) — Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультеті, 1931 жылы бітірген, медицина ғылымның әйелдер арасындағы тұңғыш докторы (1949).

ТӘШТИТОВ Қайсар (Солтүстік Қазақстан 1904-1938) — Москвадағы Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте оқыған (1926—1930).

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚЫҒАНДАР

/түрлі себеппен аяқтамағандар/

Иманбаев Әубәкір /Қазан унив./, Асауов Оразғали /Қазан универ./, Сердалин Мәмбетәлі /С.Пет.универ,СПВ/, Сүйінтүров Жолмұхамед /Қазан унив/, Торекүлов Нәзір /Москва коммерция инс./, Шүленбаев Оралбай /Киев.политех.инс./, Боранбаев Қанат /Варшава унив./, Құдайбергенов Зайыр /Қазан унив./, Жанкелдин Әліби /Москва дін академ./, Қожанов Сұлтанбек /Ташкент пед.инс./, Бекейханов Ғабдолхакім /Тимирязев акад./, Рыскулов Тұрар /Ташкент пед.инс./, Тоғжанов Ғаббас /САГУ/, Жандосов Ораз /Тимирязев академ./, Шонанова Шахзада /САГУ/, Оразалин Ыдырыс /СПБУ/, Жұмабеков Ғұсман /СПБ/, Жәленов Кәрім, /Воронеж а-ш.инс./, Басымов Халиолла /Воронеж ш-ин./ Мәметов Базарбай /Қазан унив./, Сейдалин Мұса /Москва/, Бектібаев Хұсайын /Москва/, Қапсаламов Шаймардан /СПБ/, Оралбаев Шүленбай /Киев п.тех.инс./, Шотаев Мұхамбетқазы /Қазан/, Боранбаев Қанай /Варшава унив./, Ержанов Қамбар /СПБ/, Дүйсенбаев Ысқақ /СПБ/, Рамазанов Нұх /Москва шығ.тіл/ Қосуақов Дінмұхамбет /Қазан унив./, Серғалиев Толепберген /СПБ/, Ермұхамедов Ғабдұлғазиз /Қазан унив./.

МАЗМҮНЫ

Салт. Дәстүр. Әдет. Ғұрып.	
1. Халықтың тәрбиелік дәстүрлері	3
2. Қазақ ырымдары	14
3. Тыйым сөздер	21
4. Ұлағатты ұлттық ұғымдар	24
5. Жеті жарғы	31
6. Әдет-ғұрып ишаралары	34
7. Киелі киіз үйіміз	37
I. Халық айтса — анық айтады.	
1. Наурыз — ұлыстың ұлы күні	44
2. Халықтың уақытты анықтау белгілері	48
3. Мысқалдан батпанға дейін	56
4. Халық ауа райын қалай болжаған	58
5. “Он екі түйе, он жылқы...”	62
II. Біліміден шыққан сөз	
1. Ұл-қызым, саған айтам	69
2. 100 тағылым	73
3. Бағалы киімдер	79
4. Жеңсік тағамдар	84
5. Ыдысын көріп асын іш	90
V. Қара шаңырақ (халық мәдениеті мен этнографиясы).	95
VI. Тарихтан тәберік	
1. Ислам тағылымы	105
2. Қазақта тұңғыш	116
3. Мемлекеттік дума мүшелері	123
4. Жоғары әскери шен алғандар	124
5. Қазақ зиялылары	125

Сейіт Кенжеахметұлы

ЖЕТІ ҚАЗЫНА
жиған-терген

Редакторы Ж. Малайсарин
Суретшісі Е. Қожабаев

ISBN 9965-670-34-X



9 789965 670343

Басуға 20.06.05 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.
Офсеттік қағаз. Әріп түрі “Тип. Таймс”. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 7,46. есептік баспа табағы 7,14.
Шартты бояулы беттаңбасы 7,76. Таралымы 5000. Бағасы
келісім бойынша. Тапсырыс 816.

“Ана тілі” баспасы ЖШС, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143 үй.



ЖШС РПБК «Дәуір». 050009. Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 69-40-35, 42-07-90. E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru